



**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті**  
**Западно-Казакстанский инновационно-технологический университет**  
**West-Kazakhstan innovative-technological University**

**БҚИТУ Хабаршысы**

**Вестник ЗКИТУ**

**Bulletin of WKITU**



**№4(16) 2020**

**Орал / Уральск/ Uralsk**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

Ғылыми журнал



**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-  
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

Научный журнал

**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN  
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**

Scientific journal

**№4 (16) 2020**

Орал-Уральск-Uralsk

Шығарылым 4(16)  
Қазан-октябрь, қараша-ноябрь, желтоқсан-декабрь  
Педагогика, филология, тарих, экономика/  
Педагогика, филология, история, экономика

Бас редактор- Главный редактор:

**ГАБДУАЛИЕВА Р.С.**

экономика ғылымдарының докторы, профессор/  
доктор экономических наук, профессор

**Бас редактордың орынбасары-Заместитель главного редактора**

**В.А. БУРАХТА**

химия ғылымдарының докторы, профессор/ доктор химических наук, профессор

**Редакция алқасы-Редакционная коллегия**

<b>Т.З.Рысбеков –</b>	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ	д.и.н., профессор, ЗКУ им.М.Утемисова
<b>Н. Кенжеахмет –</b>	т.ғ.д., профессор, Бонн университетінің Шығыстану және Азиялық зерттеулер институты (Германия, Бонн к.)	д.и.н., профессор института Востоковедения и Азиатских исследований Боннского университета (Германия, г.Бонн)
<b>Ә. Қара –</b>	т.ғ.д., профессор, Мимар Синан университеті (Түркия.Стамбул к)	д.и.н., профессор, Университет Мимар Синана (Турция, г.Стамбул)
<b>Б.Ғ.Шинтимирова –</b>	т.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.и.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
<b>М.Б. Сабыр –</b>	ф.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
<b>В.Н.Мушаев –</b>	ф.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста к.)	д.ф.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г.Элиста)
<b>М.М.Халиков –</b>	ф.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік жол қатынастары университеті (Ресей, Самара к.)	д.ф.н., профессор, Самарский государственный университет путей сообщения (Россия, г. Самара)
<b>А.М.Мұсаев –</b>	ф.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
<b>Л.Х.Самситова –</b>	ф.ғ.д., профессор, Башқұртстан Республикасының стратегиялық зерттеулер институты (Ресей, Уфа к.)	д.ф.н, профессор, Институт стратегических исследований Республики Башкортостан (Россия, г,Уфа)
<b>И.Ф.Суханова –</b>	э.ғ.д., профессор, Н.И. Вавилов ат. Самара мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Самара к.)	д.э.н., профессор, Самарский государственный аграрный университет им. Н.И. Вавилова (Россия, г.Самара)
<b>Н.Г. Чумаченко –</b>	т.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Самара к.)	д.т.н., профессор, Самарский государственный технический университет (Россия, г.Самара)
<b>Е.И. Тихомирова –</b>	б.ғ.д., профессор, Ю.А. Гагарин ат. Саратов мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Саратов к.)	д.б.н., профессор, Саратовский государственный технический университет имени Гагарина Ю.А. (Россия, г.Саратов)
<b>Г.К.Курманова –</b>	э.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	к.э.н., доцент, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
<b>Ш. Х. Курманалина-</b>	п.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
<b>Р.С.Кенжекова –</b>	п.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	к.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

2018 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникация министрлігі келісімен 07.12.2017 ж. Тіркеліп, №16782-Ж куәлік берілген.

2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығады.

Издается с 2018 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания №16782-Ж от 07.12.2017 г. Выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

С 2019 г. журнал издается в электронном формате

## ПЕДАГОГИКА

ОӘЖ 377(075.8)

## ОРТА КӘСІБИ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Джонисова Г. Қ.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

*Аңдатпа:* Мақалада орта кәсіби оқу орнындағы менеджменттің педагогикалық-психологиялық мәселелері сипатталып, заман талабына сай басқарудың ғылыми теориялық негіздері қарастырылады.

*Кілт сөздер:* орта кәсіби оқу орнының менеджері, менеджмент теориясы, менеджмент психологиясы, басқару өнері.

Мемлекетіміздің егеменді алуына байланысты пайда болған демократиялық өзгерістер білім берумен қатар оны басқару жүйесіне де айтарлықтай өзгерістер енгізді. Нарықтық экономика жағдайында басқару үшін стратегиялық және иновациялық ойы дамыған, басқару мәселелерін шешуге қабілеті жеткілікті, жаңа технологияларды игерген, ұжым құрамында жұмыс істей алатын, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын және қарым-қатынас мәдениеті жоғары менеджерлердің түбегейлі жаңа түрлерін қызметке тағайындауды талап етеді. Біз үшін білім беру мекемелеріне қойылатын кәсіптік талаптар болса да, американдық менеджерлер ассоциациясының талаптарын қарастырайық. Олар:

- басшылық жасау;
- адам ресурстарын басқару т.б ;
- мақсаттылық және басқару іс-әрекеті;
- нәтижеге бағыттала білуі (ұйымдастыра білу қабілетінің болуы);
- адам ерекшеліктерін білуі;
- ұжымда жұмыс істеуі (елді сендіре білуі);
- ойлай білуі ( талдау қабілеті, стратегиялық және сын тұрғыдан ойлау),
- жағдайға бейімделгіштігі (бейімделе білуі).

Күнделікті өзгеріп отыратын жағдайда кәсіби біліктілігі оның педагогикалық басқару жұмысында, педагогика, психология, социология, құқық, басқарудағы білімі мен ұйымдастырушылық, экономикалық, материалдық-техникалық, технологиялық мәселелерді шешудегі жоғарғы біліктілігінен көрінеді [1].

В. Николина білімді орта кәсіби оқу орнындағы субъектінің іс-әрекеті ретінде қарастырады. Орта кәсіби оқу орнын А.И. Баева былай анықтайды: «Оқушы тұлғасын дамытуға біртұтас арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдай жасау» керектігін айтады. В.И.Панов орта кәсіби оқу орнын: «Оқушылардың оқуына мүмкіндіктер беретін, яғни оқушы тұлғасының қабілеттерін және жеке потенциалын дамытатын, қалыптастыратын білім ортасы », - деп түсінік береді.

Орта кәсіби оқу орнындағы «менеджмент» түсінігіне «орта кәсіби оқу орнындағы педагогикалық іс-әрекеттерді басқару» деген ұғым тығыз байланысты. Орта кәсіби оқу орнындағы педагогикалық іс-әрекеттерді басқарудың негізгі компоненттерін қарастырайық. Оқу іс-әрекетіне оқушыларды арнайы кәсіпке дайындау жатса, тәрбие іс-әрекеті 2 негізгі бөлімге негізделген:

- а) оқу процесіндегі тәрбие,
- б) топтан тыс және оқу орнынан тыс тәрбие жұмыстары жатады.

Педагогикалық іс-әрекеттерге сонымен қатар, методикалық жұмыстар, мамандықты көтеріп отыру және оқытушыларды саяси-идеялық дайындау жатады. Оқу-тәрбие жұмысы - орта кәсіби оқу орнындағы барлық іс-әрекеттердің негізі болып табылады. Сонымен бірге, оқу орнында әр түрлі қосымша іс-әрекеттер де ескеріледі (Кесте 1).

Кесте 1. Орта кәсіби оқу орнындағы әр түрлі қосымша іс-әрекеттер

Оқу орнында орындалатын іс-әрекет түрлері	Іс-әрекеттің атқарылуы
Жоспарлы ұйымдастырушылық	Барлық іс-әрекеттер жүйесін жоспарлау, бухгалтерлік есеп беру, кадрлармен жұмыс жүргізу, мамандарды іріктеу, олардың еңбектерін бағалау мен іс-әрекеттерін бақылау жатады
Материалды-техникалық іс-әрекет	Оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісіне қажетті материалды-техникалық базаны құру
Медициналық және санитарлық-гигиеналық іс-әрекет	Оқу орнындағы мұғалімдер мен оқушыларды медициналық және санитарлық-гигиеналық іс-әрекетпен қамтамасыз ету
Сыртқы коммуникативтік іс-әрекет	Орта кәсіби оқу орнының мәдени және басқа да ұйымдармен, оқушылардың ата-аналарымен, басқа да кәсіби оқу орындарымен т.б. байланысқа түсуі.
Қаржы-шаруашылық іс-әрекет	Оқу орнындағы қаржының дұрыс және өз орнымен жұмсалыуын қадағалау, қаржы-шаруашылық іс-әрекеттерді шешуді басқару және есеп беру

Орта кәсіби оқу орнының мазмұндық ғылыми негізін педагогикалық түсінік құрайды. Орта кәсіби оқу орнындағы менеджменттің негізгі объектісі-педагогикалық ұжым мен жастардың құқықтық мәдениеті және педагогикалық процесс болып табылады. Менеджменттің теориясы және практикасы-педагогикалық мақсатты жүзеге асырады. Сол себепті оқу орнындағы менеджменттің ғылыми негізін - педагогикалық білімдер орталығы қамтиды. Сондықтан да бұларды орта кәсіби оқу орнындағы менеджменттің педагогикалық негізі деп айтуымызға болады [2].

Орта кәсіби оқу орнында ұжым мүшелерінің жұмыста қызығушылықтарын қалыптастыру - менеджердің міндеті болып табылады, яғни оның басқара алу қабілетіне, ұжымда жақсы психологиялық климат орнатуына, ұйымшылықты сақтай алу қабілетіне тікелей байланысты. Менеджер ұжым мүшелерінің әрқайсысын ескере отырып, жұмысты ұйымдастыруы тиіс.

- оқу орнының іс-әрекеті деңгейін (білім алу деңгейі) белгілеу, оның болашақтағы дамуына байланысты есеп беру нүктесін анықтау.
- оқу орнының дамуына болжам жасау, әлеуметтік мүмкіндіктері мен құндылықтарына сәйкес жұмыс істеу параметрлерін анықтау [3].

Менеджменттің психологиялық негізіне ұжымдағы әріптестердің ынтымақтастығы, бір-біріне қайырылымдығы, әрдайым көмекке ұмтылулары, кәсіби қызығушылықтары жатады. Орта кәсіби оқу орны ұжымдағы әріптестердің мынандай қасиеттерін өтеу арқылы дамытып, қалыптастырып отырады:

- өмірдегі құндылықтарына сәйкес мұғалімнің білім алу қажеттілігі;
- мұғалімнің кәсіби деңгейінің өсу қажеттілігі;
- бәсекеге қабілеттілігін көтеріп отыру және жан-жақты даму қажеттілігі.

Оқу орнының стратегиялық мақсаты – кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті маманды

қалыптастыру болып табылады. ұжым мүшелерінің принциптері мыналар:

- ережеледі, заңдылықтарды қатаң сақтау;
- ұжым мүшелерінің тең құқықтылығы;
- жүктелген тапсырманы бар ынтамен орындау;
- жауапкершілік;
- жұмысты ынтымақтастыққа келісім бойынша орындау;
- қарым-қатынастағы ашықтық.

Орта кәсіби оқу орнының үлгісін құра отырып, мынандай іс-әрекеттер орындалуы қажет:

- Оқушылардың оқу процесіндегі ұстанымдарының өзгеруі. Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекеті;
- Мұғалімдердің ұстанымдарының өзгеруі: кеңесші, консультант, кеңесші;
- Оқушылардың бақылау системасының кеңдігі. Бақылаудың бұндай формасының жүргізілуі: өзара бақылау, өзіндік бақылау түрінде болады;
- Мұғалімдер қызметтердің жүзеге асуына бақылау жүргізіп отыруы тиіс: дамытушы, оқытушы, тәрбиелеуші;
- Басты құндылық - оқушылар тұлғасын педагогикалық мәдениет негізінде қалыптастыру;
- Тұлғаның қарым-қатынастың мынандай үлгісін негізінде қалыптасуы; проблемалық бағыттағы диалог - монолог - полилог.
- Дидактикалық құралдарды өңдеу; когнитивтік - себептер - реактивтік – дамытушылық. Қазіргі кездегі білім парадигмасы білімді дайын күйінде алу, ал мұғалімге осы дайын білімді жеткізуші ретінде қараудан бас тарту керектігін айтады [4].

Бұның орнына білім тұлғаны игілікке тәрбиелеудің және оның өзіндік реттелуінің құралы ретінде әсер етуі тиіс. Оқушылардың оқу процесіндегі ұстанымдары келесі жағдайлардан көрінеді:

- Мұғалімнің оқушының бетімен жұмыс атқаруына жағдай туғызуы.
- Мұғалімнің оқушылармен бірге өзара әріптестер ретінде қарым-қатынаста болуы.

Сонымен қатар, В.И. Панов оқу орнын былай қарастыруға болады деп есептейді:

- Оқушылардың оқуына мүмкіндік береді, сонымен қатар жеке потенциалдары мен қабілеттерін қалыптастырады.
- Оқыту мен дамытудың құралы.
- Педагогикалық-психологиялық экспертизаның объектісі.

Орта кәсіби оқу орнының үлгісін құра отырып, мынандай іс-әрекеттер орындалуы қажет:

- Оқушылардың оқу процесіндегі ұстанымдарының өзгеруі.
- Мұғалімнің оқушының бетімен жұмыс атқаруына жағдай туғызуы.

П.Г. Ковалев білім ортасын құруда 3 параметрді бөліп көрсетеді:

1. Адами факторлар, оқушылардың тығыздық деңгейі және оның қоршаған орта менғимарат архитектурасы, конструкцияның ашық-жабық деңгейі, оқу структуралық кеңістігінің және басқа ғимараттардың ішкі дизайны т.б.
2. әлеуметтік мінез-құлқына әсері, оқушылардың нүлгерімдері, жекелік қасиеттері, жас ерекшеліктері, мұғалімдер тұлғасы т.б.
3. Оқу бағдарламасы мен оқушылар іс-әрекетінің құрылымы, мұғалім стилі және бақылау түрі, оқудың формасы, білімді ұйымдастыру.

В.В. Рубцова түсінігінде орта кәсіби оқу орны - орталық, бірліктік қасиетке ие, сонымен қатар жас ерекшелігіне байланысты мынандай мінездеме беруге болатындығын айтады:

- А) оқушының нүлкендермен және өзінен кішілермен өзара әрекеттестігі;
- Б) маңызды процестер - өзіндік түсінушілік, коммуникация, рефлексия ретінде;

Б) тарихи-мәдени компонент ретінде - бұл қайдан пайда болды, қалай жылжиды, қалай анықталады[5].

Менеджменттің мынандай әдістері оқу орнында қолданылады: ұйымдастарушылық, әкімшілік, экономикалық.

ұйымдастарушы әдістер - түрлі ұйымдастыру қызметіне қажетті жағдай туғызады. ұйымдастару әдісінің негізінде мыналар жатады:

- ұйымдастарудағы істер түзетіледі;
- уақыт кеңістігі бойынша бағдарлану;
- қажетті құқықтылық - нормативті документтердің реттелуі;
- қызметкерлердің құқығы мен міндеті.Әр-түрлі жағдайлардағы қызметкерлердің мінез-құлық ерекшеліктері қамтамасыз етіледі.

Әкімшілік әдістер басқару іс-әрекетіне тікелей байланысты болғандықтан маңызы өте зор. Басқа сөзбен айтсақ, бұл әдістерді мотивациялық өктем әдістер деп айту қабылданған. Бұл әдістерді қолданудың негізгі жағдайының бірі: ұйымдастыру алдында тұрған міндеттерді шешеудегі бір мағыналы жолдарды иелену. Осы әдістердің көп қолданылатын жерлері: әскерде, теміржол транспорттарында, әуежайда, басқаруда. Әкімшілік әдістерді іске асыру, тәртіп бойынша, орындаушылар қатынасындағы сәтті немесе сәтсіз жұмыстарды қолдап, дем беру немесе жеке жазалау шараларын қолдану, сонымен қатар, моральді, сыйлық, сый түріндегі экономикалық қолдау, бұйрықтар, жазалар түрінде іске асырылады. Әкімшілік әдістер жұмыстың нақты нәтижелерімен тура байланысқа түсетіндіктен субъективтік қасиетке ие. Басқарудағы әкімшілік әдістердің ең негізгі жетіспеушілігі:

- Олар жұмыстың шексіз өсу шегіне емес, анықталған нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

- Олар жұмыстың инициативаларының дамуына емес, орындалып, іске асуына қолдау көрсетіп дем беруге бағытталған.

Экономикалық әдістер. Бұл әдістің маңыздылығын қысқаша айтсақ, атқарылатын іс-әрекеттің жүргізілу күрделілігіне (немесе қарапайым тапсырмаға) байланысты жеке қызметкерлердің тапқан жалақыларына байланысты. Мына себептерден біз шындықтың бірталайын ашуымызға болады: егер біз сондай ақылды болсақ, не себептен біз соншалық кедейміз . Оқу орнының менеджерінің прогноздық / болжау/ этаптағы жұмысты тиімді атқаруы көп нәрсеге өз әсерін тигізеді, ол педагогикалық ұжымдағы соңғы мақсатты іс әрекеттерді нақты көз алдына келтіре білуіне байланысты. Атқару процесі жоспардан басталады. Ол ұжым жұмысын талдау негізінде жүзеге асады, яғни жұмыс схемасын құру, оның орындалу уақытын және жүруін анықтау, жұмысты атқарушы, жауапкершілігі бар адамдарды бөлу.

Менеджменттің объектісі- барша адами қарым-қатынастардың жиынтығы. Менеджмент теориясы- менеджердің қарамағындағы қызметкерлерге сенім білдіру, олардың табысты еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызу, яғни қазіргі замандағы менеджмент адам аспектісіндегі әлеуметтік құндылықтарға бағытталғандықтан, оқу-тәрбие процесіндегі ұстаным «субъект-субъект» қатынасында болуын қарастырады. Менеджменттің осындай негізгі ұстанымдарын ендіру үшін бірнеше кезеңдер іске асуы тиіс. Менеджер өз уақытының көпшілік бөлігін әңгіме, кеңес өткізуге, тікелей байланыс орнатуға, мәлімет алмасуға жұмсайды. Осыған орай жеке адамдар арасындағы коммуникацияда қандай кедергілер болатындығын білудің айрықша маңызы бар. Бірінші- қабылдауға, түсініп, ұғынуға қатысты кедергілер. Адамдардың қабылдап, ұғынуына алуан түрлі факторлар ықпал етеді, сондықтан коммуникация тиімділігін кемітпес үшін бұларды ескерту қажет. Коммуникациялық ахуал менеджерлермен қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты. Кедергілердің өзі осылардың арасындағы келіспеушіліктен немесе пікір қайшылықтарынан туындайды. Оқу орнында мәлімет алмасуды жақсартуға болады, ол үшін кері байланыс жүйесі құрылуы, мәлімет тасқыны реттеліп отырылуы, басқару әрекетінің белсенділігі

арттырылуы, ұсыныс жинау жүйесі өрістетілуі, алынған мәліметтерді бастырып, ұжым ісінде пайдалануы, сондай ақ мәлімет алу үшін кедергі технология жетістігін қолдануы тиіс [6].

Оқу орнындағы менеджердің міндеттері:

- Барлық оған бағынышты бөлімдерде, қызмет орындарында, өздерінің жұмыстық, жұмыскерлік сапасын және өзінің жұмыс міндеттеріне сай келетін адамның жұмыс жасайтындығын білуге;

- Өзінің ұжым мүшелеріне, мамандарына өз еріктерімен жұмыс жасап, шешімдер қабылдауына мүмкіндік беруге, олардың іс қызметтеріне ерекше, төтенше жағдайларда ғана араласуға;

- Өзінің жұмысшыларымен мамандарына, әріптестеріне нақты тапсырмалардың орындалу мерзімін және маңызды элементтерін атап беруі керек;

- Өзінің ұжымының іс қимылдарын бақылап және үйлестіріп, қажет болған жағдайда түзетіп, сынға алып отыруы қажет;

- Өте қауіпті жағдайда шешім қабылдауда мамандарымен ақылдасуы, жағдайды талқылауы қажет. Шешімді талқылап, таразылап қабылдауы керек [7].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Теория и практика управления в среднем профтехучилищем. А.Г.Соколов Москва- 1988 ж. 12-22 стр.

2. Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории. - М, 1971. , 516-518 ст.

3. Бахишева С. М. Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау қызметін ұйымдастыру. Пед.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты, Атырау, 2010

4. С.Ж.Тәуірбекова Педагогикалық іс әрекетінің тұлғаға бағытталуы Алматы-2004.

5. Алексеев КГ. Инновационная деятельность в сфере образования // Экспериментальное образовательное пространство города Москвы / Альбом по экспериментальной и инновационной деятельности Департамента образования города Москвы. - М.:Пушкинский институт, 2005. С. 516-518.

6. Рысбаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2003. – С. 266.

7. Білім берудегі менеджмент в образовании № 2 /2006/, 17-19 стр.

**УДК 377(075.8)**

## **ОСНОВЫ ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО МЕНЕДЖМЕНТА В СРЕДНЕМ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ**

**Джонисова Г. Қ.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** В статье рассматриваются научно теоретические основы менеджмента среднего профессионального учебного заведения, пути повышения профессиональной компетентности менеджеров педагогических колледжей.*

***Ключевые слова:** менеджер среднего профессионального образования, психология менеджмента, теория менеджмента, искусство управления.*

УДК 373 (07): 5A2

## СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ВЫПУСКНИКОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Набидоллина Ш.С.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

**Аннотация:** Внедрение современных подходов к формированию профессиональной компетентности выпускников педагогических факультетов направлено на обновление содержания обучения, методологии и соответствующей среды обучения, повышение конкурентоспособности выпускников на рынке образовательных услуг. В статье рассматриваются используемые определения компетентности, проводится анализ научно-педагогической литературы по исследуемой теме, представлены условия реализации подходов в обучающей среде.

**Ключевые слова:** компетентность, профессиональная компетенция, ИКТ-компетентность, интерактивное обучение, обучающая среда.

Динамичный рост экономики Республики Казахстан, решение задач по вхождению Казахстана в число наиболее конкурентоспособных стран требуют дальнейшего развития и совершенствования системы высшего профессионального образования, подготовки высококвалифицированных конкурентоспособных профессиональных кадров, соответствующих требованиям внутреннего и международного рынков труда.

Одной из нерешенных проблем системы высшего профессионального образования остается нехватка квалифицированных специалистов за счет отечественных трудовых ресурсов, недостаточный уровень образованности выпускников колледжей и ВУЗов.

Работодатели ужесточают требования к навыкам работников, к недостаточному уровню их образования и слабым профессиональным навыкам выпускников, поэтому наблюдается большой приток иностранных специалистов, привлеченных на работу в Казахстан. Острой остается проблема трудоустройства выпускников, которая усугубляется также слабой информированностью потребителей и недостаточно четко структурированным рынком труда.

При разработке содержания образовательных программ и учебно-методического обеспечения учебных заведений слабо привлекаются работодатели, не в полной мере учитываются изменения на рынке труда, запросы обучающихся, стремящихся получить необходимые в профессиональной деятельности навыки и компетенции.

Серьезным недостатком в повышении качества обучения в высшей школе остается низкий уровень учебно-методического обеспечения образовательного процесса, наблюдается дефицит современной учебной литературы, особенно по специальным дисциплинам на государственном языке.

Для повышения качества подготовки и конкурентоспособности кадров предполагается переориентация обучения в учебных заведениях не только на усвоение определенной суммы знаний, но и на профессиональное развитие личности, ее познавательных и созидательных способностей.

Одной из сущностных особенностей будущего специалиста в условиях информатизации образования является его профессиональная компетентность.

К настоящему времени в научно-педагогической литературе достаточно подробно раскрыты понятия «компетенция» и «компетентность», «компетентность в области информационных технологий», «информационная компетентность»,

«профессиональная компетентность», используются такие понятия, как «ключевые компетенции», «профессиональные компетенции», «специальные компетенции».

Анализ работ по проблеме компетенции и компетентности позволяет сделать вывод о том, что в настоящее время отсутствует однозначное понимание самих понятий «компетенция» и «компетентность». Исследователи выделяют от 3 до 37 видов компетенций и компетентностей.

Тем не менее, приходится констатировать, что интересы исследователей зачастую сосредоточены лишь на общих проблемах формирования профессиональной компетентности выпускников вузов или вопросах подготовки и переподготовки учителей. Принимая во внимание результаты проведенных исследований, необходимо отметить, вопросы формирования ИКТ - компетентности будущих специалистов требовали дополнительного исследования и научного осмысления.

В своих исследованиях М.Б. Лебедева и О.Н. Шилова определяют информационно-коммуникационную компетентность как способность индивида решать учебные, бытовые, профессиональные задачи с использованием информационных коммуникационных технологий [3].

В исследовании И.В. Роберта ярко выражены следующие направления создания информационно-коммуникационной среды :

- ♦ разработка интерактивных, мультимедийных программ учебного назначения;
- ♦ автоматизация процессов управления учебной деятельностью;
- ♦ создание распределенного, электронного образовательного ресурса[4].

Результаты, достигнутые в рамках этих направлений, аккумулируются в технологиях дистанционного обучения, создания электронных учебников, электронной методической системы широко используемых в соответствующих образовательных структурах.

Научная школа профессора Г.К. Нургалиевой известна не только в нашей стране, но и далеко за пределами Казахстана. В результате проведенных ею исследований реализованы задачи информатизации педагогического образования в РК, разработана методология и технология создания электронных учебников, информационно - обучающих систем, в процесс обучения внедряются электронные учебники, электронные пособия, разработанные на основе дидактических принципов и модульной технологии автоматизированного процесса обучения[1].

В научных исследованиях Ш.Х. Курманалиной обоснована методология и технология создания электронной методической системы по методике обучения математике в начальных классах. В данном исследовании научно доказана эффективность использования возможностей современных информационных коммуникационных технологий через включение самих учащихся в создание и разработку автоматизированной методической системы как информационно - обучающей среды с привлечением компьютера, средств телекоммуникации, Интернета[2].

Анализ научных исследований позволил нам выявить следующие необходимые педагогические условия эффективного формирования ИКТ -компетентности обучающихся : создание информационно-обучающей среды в учебном заведении, создание электронной методической системы по предметным областям, использование педагогических возможностей ИКТ по предметам при подготовке и проведении урока, для решения различных дидактических задач на уроке, во время прохождения педагогической практики, включение обучающихся к разработке модулей, гипертекста, заданий и тестов и собственных электронных образовательных продуктов в процессе формирования базовой, профессиональной, специальной компетенций, обучение обучающихся модулированию учебной информации; конструированию информационно-обучающего поля; проектированию интерактивного взаимодействия субъектов образовательного процесса, проведению мониторинга качества

обучения. Вышеназванные условия должны использоваться в системе, что позволит получить ожидаемый результат.

Под ИКТ-компетентностью мы подразумеваем уверенное владение студентами всеми составляющими навыками ИКТ-грамотности для решения возникающих вопросов в учебной и иной деятельности. Под «уверенным владением» следует, прежде всего, понимать умение применять навыки ИКТ-грамотности в решении разного рода практических информационных задач.

Электронная методическая система по профессиональной дисциплине «Анатомия, физиология и гигиена детей младшего школьного возраста» разработана по технологии и методологии создания электронной методической системы по методике обучения математике в начальных Курманалиной Ш.Х. [5].

В нашем исследовании конечной целью обучения является формирование ИКТ-компетентности студентов в условиях электронной методической системы. В становлении ИКТ-компетентности обучающихся важную роль играет автоматизированная программа диагностического изучения готовности выпускников к созданию и использованию электронной методической системы.

Созданная нами электронная методическая система (ЭМС) функционирует в пределах одного предмета – анатомии, физиологии и гигиены детей младшего школьного возраста по специальности «Начальное образование», на основе интеграции предметных и методических знаний по предмету «Анатомия, физиология и гигиена детей младшего школьного возраста», «Психология» и «Педагогика» и методики преподавания познания мира, включает следующие составные компоненты процесса обучения: целевой, содержательный, операционно-деятельностный, оценочно-результативный.

Они реализуются за счет таких форм, как модуль, гипертекст, интерактивные задания и тесты. Каждая из этих форм направлена на одновременное решение воспитательных, обучающих, развивающих функций.

Каждый модуль имеет своё целевое назначение, обладает законченностью и самостоятельностью относительно других.

В электронной методической системе представлены 157 заданий ориентированные на знание учебного теоретического материала по анатомии, физиологии и гигиене детей младшего школьного возраста- 116, и для учащихся начальных классов – 41. В электронную методическую систему внесены 260 тестов, которые составляют оценочно-результативный компонент ЭМС.

Соответственно представляется возможным диагностировать уровень сформированности ИКТ-компетентности студентов по выделенным в модели показателям.

На основании теоретического анализа, исходя из сочетаний различных ступеней овладения ими, нами выделены три уровня формирования ИКТ-компетентности:

*базовый уровень* – предполагает обучение студентов 1 курса через предметы «Компьютерные технологии», «Педагогика», «Психология», «Методика воспитательной работы» использованию ИКТ в образовательном процессе. Предполагается изучение уровня знаний, умений и навыков после школы, готовности студентов к овладению простейшими приемами работы с компьютерной техникой и программным обеспечением.

На данном уровне поддерживается их интерес к информационным и коммуникационным технологиям, СМИ, литературе по педагогике и психологии, стремление студентов к овладению современными способами получения информации. Изучается сущность понятия «ИКТ компетентность».

*Предметный уровень* – ИКТ изучается в педагогическом контексте. Это может быть достигнуто с опорой на понимание обучающимися сущности процесса обучения. Студенты постоянно ощущают целесообразность и необходимость использования ИКТ.

Учатся владеть способами создания и редактирования простых текстов по изучаемым темам, и текстов с таблицами, рисунками и схемами в табличном процессоре Word. Данный уровень характеризуется действиями студентов по работе с электронными учебниками, по алгоритму, составленному преподавателем.

*Креативный уровень* – характеризуется умением создавать на основе полученных знаний по педагогике, психологии программное обеспечение для использования в профессиональной деятельности. Происходит осознанное использование информационных технологий, а также самооценка и оценка развития других в профессиональной сфере, целенаправленный отбор информации, необходимой для будущей деятельности. Можно отметить у обучающихся умение вести профессиональный диалог посредством ИКТ, выдвигать проблемы и совместно искать пути их решения.

Таким образом, усвоение основ теоретических знаний, изучение психологической сущности, педагогических закономерностей процесса обучения через создание и работы с компьютером, межпредметная интеграция способствуют формированию ИКТ-компетентности студентов и является одним из современных подходов формирования профессиональной компетентности будущих специалистов.

#### **Список литературы:**

1. Нургалиева Г.К., Сагимбаева Д.Е. Информатизация методической подготовки студентов // Алматы. 1998. «Рауан». - С. 40.
2. Курманалина Ш.Х. «Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования» // Монография. Алматы. 2002. Издательство «Алем». – С.316
3. Лебедева М.Б., Шилова О.Н. Что такое ИКТ- компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать? // Информатика и образование.- 2004.-№3-с.95-100
4. Роберт И. В. Информационно-коммуникационная предметная среда // Ученые записки ИИО РАО. Вып. 38. — М.: ИИО РАО, 2011. С. 5-34

**ОӘЖ 373 (07): 5A2**

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БІТІРУШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТӘСІЛДЕРІ**

**Ш.С. Набидоллина**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің, Орал қ.,

***Аңдатпа:** Педагогикалық факультеттерді бітірушілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жаңаша тәсілдерін енгізу білім берудің мазмұны мен әдіснамасын және тиісті ортасын жаңартуға, бітірушілердің білім нарығында бәсекеге қабілеттілігін жозарлатуға бағытталған.*

*Мағалада қолданылып жүрген құзыреттілік ұғымдарына анықтама беріліп, зерттеліп жүрген тақырып бойынша ғылыми –педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалып, оқыту ортасындағы тәсілдерді іске асыру дың жағдайлары көрсетілген.*

***Түйін сөздер:** құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, АКТ- құзыреттілік, интерактивті оқыту, белсендіру, оқыту ортасы*

ОӘЖ 373.2 (075.32)

## БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дауесова А.Ж.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Бұл мақалада жасөспірімдермен жасалатын теріс әрекеттер мен қылмыс санының көбейіп немесе азайып кету себебінің бір төркінін сол қоғамдағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты жұмыстың қуаттылығы мен осалдығынан екені айтылады. Бала тәрбиесін зерттеп, талдап жүрген ғалымдардың да пікірі осындай.*

***Кілт сөздер:** Құқық бұзушылық, жауапкершілік, жасөспірім, қазақы тәрбие*

Адам – әрекет иесі, өнер иесі, қоғам қожасы, барлық жақсылықтың да, жамандықтың да бастамасы. Адам мен адамның қарым-қатынасынан байлық та, батылдық та, жиһанкездік те, кедейлік те, сүйіспеншілік те, жауыздық та, ізгілік те, парасаттылық та, адамгершілік те жасалынады. Адам баласы өзінің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Қазақ халқы өзінің ұрпақтары туралы, олардың болашақ бақыты туралы көп ойланды, олардың өзінен әлдеқайда ілгері болуы үшін, артық болуы үшін өздерінше амал тәсілдер ойлады. Осы тәжірибелер жиынтығын тәрбие тағылымы деп атады. Мұны жоққа шығаруға болмайды, халық жойылмай, ұрпақ тәрбиесі де жойылмақ емес екендігі, қазақ халқының ой пікірі болатын.

Қазақ халқының үй іші тәрбиесіне таңданған В.И.Даль 1832 жылғы 5 қарашадағы күнделігінде әділеттілік іздеп шаршаған, бірақ қайрат-жігерін жоғалтпаған сұңғақ бойлы әдемі келген қыз Мәуленді даладан көріп: «Мидай дала... ешбір мектеп жоқ, кітап жоқ, айнала қараңғылық... бірақ Мәулен өте ғажайып тәрбиеленген» - деп, жазып қойған. Оралдан 30-40 шақырым жерде болған осы бір әсерлі оқиға негізінде ол «Бекей мен Мәулен» деген повесін жазуға бел байлаған [1, 7 б.].

Қазақы ортадағы тәрбиенің осал еместігін орыстың басқа да ориенталистері жазғаны белгілі. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеуде ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, ақыл-кеңесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздік-дербестікке ұмтылысы. Бұрынғы қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі ортасы үй іші, ауылы, руы, аймағы, бүкіл атырабы болатын. Осы ортаның басында ақсақалдары бастап, бел ортасында аналар, әжелер, кейуаналар жүрген. Сондай ақ қазақ халқының ұрпағының тәрбиелі, білімді, инабатты, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеуде өзіндік үлес қосқан қазақ зиялылары мен ағартушыларының орны ерекше болды.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырын ұрпақ тәрбиесін зерттеуге арнап, самай шаштарын ағартқан ғұламалардың соңына жазып қалдырып кеткен нақыл сөздеріне сүйенсек, ешкім де мына жарық дүниеге қылмыскер қалпында келмейді. Ана сүті аузынан кеппеген сәбиді жақсылыққа да, жамандыққа да үйрететін отбасы, ошақ қасындағы тәрбие. Абайдың «Адамды тәрбиелеуге болмайды деген кісінің тілін кесіп алар едім» деген аталы сөзінің де түп-төркіні осы мағынаға саяды. Ал, қазақ сол ғалымдардың том-том еңбектеріндегі бүге-шігесіне дейін дәлелденіп жазылған пәлсапалық ойларды «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бір ауыз сөзбен түйіндей салған. Қалай десек те, бала тәрбиесіне қатысты сан алуан пікірлердің салмағы ең алдымен көзінің ағы мен қарасындай перзентін дүниеге әкелген отбасындағы ата-

ананы іздеп табады. Оны жоққа шығаруға болмайды. Алайда, ұрпақ тағдырына қатысты жауапкершіліктен басты қазынасы адам үшін жағдай жасауға тиісті қоғамды да шет қалдыра алмаймыз.

Жасөспірімдермен жасалатын теріс әрекеттер мен қылмыс санының көбейіп не азайып кету себебінің бір төркінін сол қоғамдағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты жұмыстың қуаттылығы мен осалдығынан іздестірсек қателеспес едік. Бала тәрбиесін зерттеп, талдап жүрген ғалымдардың да пікірі осындай. Статистикалық мәліметтер бойынша еліміздегі әрбір 10-шы қылмыстың кәмелетке толмағандардың қолдарымен жасалатындығын бекітіп отыр.

Бұл келеңсіз жағдайдың негізгі себептері бір жағынан отбасында ата-ана мен баланың арасындағы тығыз қарым-қатынастың болмауы, ата-ананың бала тәрбиесіне жете мән бермей, немқұрайлы қарап, баланың «қарны тоқ, киімі көк» болса болдының кейпін келтіруі болса, екінші жағынан әр үйдің ерке баласы болған жастың жұдырыққа жүгініп, бірін-бірі мойындамай, «өз дегенімді істетемін» деудің салдарынан орын алуда. Құқық бұзушылықтың ұшығуының тағы бір себебі: жастардың шетел кинофильмдеріндегі дәрекі, ұрып соғар, басқаны кемітудің арқасында «батыр» болатын кейіпкерлерге еліктеуі.

Әрбір құқық бұзушылық пен қылмыс - бір отбасы үшін орны толмас қайғылы оқиға. Қылмыстың нәтижесі біреуді өлімге, енді бірін мүгедектікке апарса, біреу өз өмірінің болашағына балта шауып, темір тордың ар жағында қалады. Қалай десек те, құқық бұзушылық жақсылыққа апармайтынын естен шығармайық. Жас балалардың құқықбұзушылығына бос уақыттың көптігі, пайдалы іспен айналыспаушылық, ата-ана тарапынан бақылаудың өз дәрежесінде болмауы, құқықтық білімінің аздығы, сан саласы жақсы істермен қызықтырып, өзіне тартатын аулалық клубтардың жабылуы басты себепкер болып, мектептен бос уақытында не істерін білмей, еріккен баланың қандай болса да еліктеушілік танытуына әкеліп соғуда.

Кәмелетке толмағандар қылмыстары мен оларды қылмыстық және қоғамға жат әрекеттерге тарту туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі сотталушылардың қатарында тұрмысы қолайсыз отбасыларында тәрбие көріп жүрген жасөспірімдер арасында жиі орын алып отыр. «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы және міндеті», - деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында белгіленген [2, 117 б.]. Ал, жанұядағы ауыр психологиялық жағдай жасөспірімді көшеге қаңғытып, қылмыс жасауға мәжбүрлейді. Кейбір ата-аналардың бала бос уақытын қалай өткізеді, қандай мүдделері бар, кіммен достасып жүргеніне бақылау жасауға қолдары тимейді, баласына көшедегі бұзық аға-тәтелердің «қамқоршы» болғандарын байқамай қалады. Кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстардың арасында, пайдакүнемдікке қатысты күш көрсету қылмыстарының үлесі зор. Сондай-ақ, оған кейбір жағдайларда тағылық, шектен тыс қатыгездік белгілері де тән. Бұл қылмыстардың көпшілігі бірге қатысу (көбіне қоса орындау түрінде) арқылы, әсіресе топпен (жартысына жуығы) жасалады, бұл жеткіншектердің психикалық ерекшеліктерін көрсетеді. Олармен жасалатын қылмыстардың шамамен әрбір үшіншісі үлкендермен бірлесіп жасалады.

Сондықтан, заңнамамен кәмелетке толмағандарға ерекше жаза түрлері, жаза тағайындау шарттары, мерзімдерді есептеу, соттылықты жою қарастырылған. ҚР ҚК-нің 6-бөлімінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшелігі туралы мәселелер айқындалған, яғни, ҚК-нің 78-бабында көрсетілгендей, қылмыс жасаған кезде он төртке толған, бірақ, он сегізгі толмағанадамдар танылады. Бұл ерекшеліктер шын мәнінде, ҚК-нің Жалпы бөлімі ережелерінен шегініс болып есептеледі; олар қылмыс субъектісінің жасына ғана негізделген және алынып тастайтындардың барлығы жауапкершілік пен жазаны жеңілдетуге бағытталған [3, 78 б.].

Қазіргі таңдағы қолданыстағы заңдарымызда кәмелеттік жасқа толмағандар үшін қылмыстық жауапкершілік он төрт жастан басталады. Жеңіл-желпі қылмыстар болмаса,

адам өлтірумен байланысты ауыр әрекеттерге рахымшылық жасалынбайды. Кейінгі қолданысқа енгізілген Қылмыстық кодекстегі «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін қарастыратын» 6-бөлімде 83,84,85 баптар бар. Бұл баптарда жасалынған қылмыстың жеңілдігіне қарай балама жазаларды да қолдану көзделген. Жасөспірімдердің ісін бұрынғыдай кез келген сот емес, кәмелеттік жасқа толмағандардың істері жөніндегі арнайы ювеналдық соттар қарайды. Жана жүйенің өзіне тән тәртібі бойынша қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың ісін арнайы тергеушілер жүргізіп, оны осы салаға бейімделіп, машықтанған прокурорлар қадағалайды [4, б.].

Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылып отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Жыл сайын жаз маусымы басталып, оқушылар демалысқа шыққанда жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы екі есе көбейеді. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқықбұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі. Тәртіп сақшылары қанша жерден жұмыс істеп жатырмыз десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту күнтәртібінде тұр.

Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан. Ал, енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады. Сонымен қатар, әр азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы мемлекетінде жас балалар және жасөспірімдер арасында (ұрлық, бұзықшылық, зорлық-зомбылық) саны артуда. Үлкендер жасөспірімдердің арасындағы тәрбиесі «қиын» балалармен қалай жұмыс істеу керектігі жайлы жан-жақты ізденістер үстінде. Бұл тек біздің облысымыздан ғана емес, бүкіл Республика бойынша өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында «Біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық жолдары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ететін қоғам құрамыз» деген. Бұл, яғни бәсекеге қабілетті ел болу үшін жас ұрпақты тәрбиелей білуіміз керек. Тәрбие отбасынан басталады. Ал өмірге келген ұрпақты тәрбиелеу ол ең бірінші отбасының міндеті. Балаға тәрбие беріп, өмірге қосуы, ол - атаменен ананың жауапты ісі. Қазіргі кезде кейбір отбасында әке мен шеше ішімдікке салынып, болмаса неке тәртібін бұзып, немесе некесіз бала туып, ол баланы тастап «тастанды» қатарын көбейтіп жүрген қаракөз қыздарымыздың саны күн санап артып отыр. Сондықтан да, бұл қоғам дертін алдын алу қажет.

Тәрбие ұғымы мәнді де мағыналы ұғым, Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім, ол адамзаттың қас жауы» дегені дәл бүгінгі күнге айтылған секілді. Сондықтан ата-ана қолдарымыз тимейді, жұмысбастылықпен ақталып не болмаса мектепке бала тәрбиесін ысырып қоюдың қажеті жоқ. Бала – құдайдың берген аса құнды, бағалы байлығы, ол – болашағың, бүкіл ұлт қазынасы, ұлт тірегі, мемлекет құрушы. Оның тағдырына жүрдім-бардым қарауға болмайды. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай,

әр-бір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. М.Тілеужанов Халық тағылымы. – Алматы, 1996. – 299 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
3. Нормативные акты и материалы по вопросам защиты прав несовершеннолетних. – Алматы, 2007. – 197 с.
4. Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. – Алматы, 1999. – 160с.
5. Нарикбаев М.С. Уголовная ответственность несовершеннолетних. // «Правовая инициатива». – 1998. – №1. – С.
6. Бегалиев К.А. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. – Алматы, 1990. – 198 с.

**УМК 373.2 (075.32)**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ В КАЗАХСКОЙ СЕМЬЕ**

**Дауесова А. Ж.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** В данной статье отмечается, что одной из причин увеличения или уменьшения количества преступлений и злоупотреблений, совершаемых преступлениями, является сила и уязвимость в работе, связанной с воспитанием поколений в данном обществе. Таково мнение ученых, изучающих и анализирующих воспитание детей.*

***Ключевые слова:** правонарушение, ответственность, подросток, казахское воспитание*

**ОӘЖ 51(075.8)**

**МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУ**

**Жубаналиева Л.У.**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Мақалада математика сабақтарында критериялды бағалауды қолдану, оқушылардың танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар өзін және өзгелерді бағалауды үйретеді, оқушыларды сыни ойлауға өз ойын айтуға өзінің білімін көрсетуге мүмкіндік беретіндігі; мұғалімдер критерийлер құрастыру арқылы оқушылардың білім алу барысындағы қателіктерді айқындауға, бағдарламаға сәйкес оқушының дайындық деңгейін анықтай алатындығы; оқушы білім алу барысында алған өз бағасының әділдігіне көз жеткізетіндігі, критериялды бағалауда тек оқушының жұмысы бағаланатындығы; оқушы орындаған жұмысын алдын-ала белгілі үлгімен салыстыра алатындығы жазылған. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритімін біледі. Жіберілген қателермен жұмыс істеп оқушы өзінің даму жетістігін бақылап отырады.*

**Кілт сөздер:** критериялды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жинақтаушы бағалау, математика, математиканы оқыту әдістемесі.

Қазіргі кезде білім сапасын бағалау жүйесін жаңарту өзекті мәселелердің біріне айналды. Бес балдық бағалау қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандырмайды.

Озық технологияларын қолданып, білімді меңгерту әдістері жетілдіргенімен бағалау бұрынғы жүйеде қалды. Сондықтан оқушы танымындағы өзгерістер мен жетістіктерді бағалау сипаты арасында қайшылықтар қалыптасты. Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі білім сапасын бағалау жүйесін жаңартуды талап етіп отыр. Осыған байланысты оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымды қарым - қатынасты орнату, оқушылардың өздеріне деген сенімсіздіктерін жою, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашу үшін критериялды бағалауды қолдану керек. Критерийлер-оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

**Критериялды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Критериялды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын ала ұсынылған бағалау шкаласының ұсынылуы, оның анық айқындылығы, бағаның әділ қойылуы, өзін бағалауға мүмкіндіктердің берілуі. Критерий оқыған бағдарламаға сай алынады. Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.

Математика сабақтарында критериялды бағалауды қолдану, оқушылардың танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыруға көмектеседі. Оларды табысқа жетелейтін жол көрсетеді, өзін және өзгелерді бағалауды үйретеді, оқушыларды сыни ойлауға өз ойын айтуға өзінің білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыру арқылы оқушылардың білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға, бағдарламаға сәйкес оқушының дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік алады. Оқушы білім алу барысында алған өз бағасының әділдігіне көз жеткізеді. Білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім мен ата-ана арасында кері байланыс орнайды. Критериялды бағалауда тек оқушының жұмысы бағаланды. Оқушы орындаған жұмысын алдын-ала белгілі үлгімен салыстырды. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритімін біледі. Жіберілген қателермен жұмыс істеп оқушы өзінің даму жетістігін бақылап отырады.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін және оқушы жетістігі басқа оқушы жетістігімен салыстырмалы түрде бағаланып келген болатын. Сол кезде оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей келді, күмәнмен қарды. Бұл жағдайда білім алуға деген қызығушылықты жоғарылатуға мүмкіндік жасайтын бағалаудың нақты критерийлері, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс болмады.

Оқу жылы барысында оқудың ілгерлеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім (ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

Критериялды бағалау екі түрлі бағалауды қамтиды: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

#### **Қалыптастырушы бағалау:**

- оқу үрдісі кезінде жүргізіледі (шағын өз беттік жұмыс, тест т.б.);

- оқушыларға өзінің жұмысын түзетуге, үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі;
- мұғалімге әр оқушының материалды меңгеруі туралы ақпарат жинайды, талдау жүргізіп алдағы жұмысты жоспарлайды, оқу үрдісін сапалы жүргізді.

**Жинақтаушы бағалау:**

- тақырыптық немесе бөлімінің оқытуды аяқтау кезінде жүргізілді (бақылау жұмыстары немесе зачеттар).
- оқушыларға оқылған тақырып бойынша жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді.
- мұғалімге оқушылардың жетістігі туралы қорытынды баға қоюға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау кері байланыс қызметін атқарады. Оқушы өзінің жетістігі мен кемшілігі туралы ақпарат алады. Егер оқушы аралық жұмыстарды жеткілікті түрде жақсы орындамаса, оның қорытынды жұмысқа дейін уақыты бар. Сондықтан аралық жұмыстардағы бағасы қанағаттанарлықсыз болса, оны оқушы өзіндік тәжірибелерін жетілдіруге берілген ұсыныс ретінде қабылданды. Себебі тоқсандық бағаны жинақтаушы бағалау негізінде қою ұсынылады. Тоқсан ішінде жиынтық бағалау үшін үш-төрт қорытынды жұмыстар жүргізіледі, оның нәтижесімен тоқсандық баға шығарылады.

Математика пәні бойынша оқушылар жетістігін бағалау үшін төрт критерий алынды. Критерийлердің атауы мен олардың қысқаша мазмұнының сипаттамасын төмендегідей таблицанда ұсынып отырмын.

Математика пәні бойынша критерийлердің мазмұны:

	Критерийлер	Дескрипторлар
A	Білу және түсіну	Оқушы оқылған материалды білетін және түсінетінін көрсетеді, алған білімдерін стандартты және өзгертілген жағдайларда қолдана біледі.
B	Қолдану	Оқушы қандайда бір есепті математикалық әдістерді қолданып зерттейді, заңдылықтарды анықтайды, математика тілінде олардың өзара байланысын сипаттайды.
C	Сыни ойлау және зерттеу	Оқушы қандайда бір есепті шығару кезінде керекті формулалар, теоремаларды, ақпараттарды талдайды, синтездейді, қолдана алады
D	Коммуникация және рефлексия	Оқушы сәйкесінші ғылыми терминологияны және шартты белгілеулерді қолданып, ақпарат береді

Критериалды бағалауда міндетті түрде дескрипторлар құрылуы керек. Дескрипторлар оқушының жетістік деңгейінің дәл сипаттамасын және оларға берілетін ұпай санын көрсету керек. Қалыптастырушы бағалау үшін 11 сыныптың геометрия пәнінен «Пирамида» тақырыбы бойынша берілген өзбеттік жұмыстың бағалау критерийлерін ұсынамын:

Критерийлер	Тапсырма мазмұны	Дескрипторлар	
A (Білу және түсіну)	Пирамиданың табан-диагоналі 16 см-гетендік төртбұрыш. Пирамиданың әр бір қыры 10 см,	Оқушы төменгі критерийлердің ешқайсысына қол жеткізбеді	0
		Есептің сызбасын дұрыс сызды	1
		Биіктікті табуға қажетті белгісіз элементті, көмекші фигураны дұрыс анықтады	1
		Белгісіз элементті табуға керекті теорема, формулаларды дұрыс аяқтауыш қолданды	1

	пирамиданың биіктігін табындар.	Пирамиданың биіктігін тауып, есептің жауабын дұрыс берді	1
		Барлық ұпай саны	4
В (Қолдану)	Пирамиданың табан- қабырғасы 12 см- гетеннен қабырға лығуш бұрыш. Оның әрбір бүйір қыры табан жазықтығымен $45^{\circ}$ бұрыш жасайды. Пирамиданың биіктігін табындар.	Оқушы төменгі критерилердің ешқайсысына қол жеткізбеді	0
		Есептің сызбасын дұрыс сызды	1
		Биіктікті табуға қажетті белгісіз элементті, көмекші фигураны дұрыс анықтады	1
		Белгісіз элементті табуға керекті теорема, тұжырымдаманы дұрыс тапты	1
		Белгісіз элементті табуға керекті формуланы дұрыс қолданды	1
		Пирамиданың биіктігін тауып, есептің жауабын дұрыс берді	1
		Барлық ұпай саны	5
С (Сыни ойлау және зерттеу)	Үш бұрышты дұрыс пирамиданың табан қабырғасы 4 см, биіктігі 6 см. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табындар.	Оқушы төменгі критерилердің ешқайсысына қол жеткізбеді	0
		Есептің сызбасын дұрыс сызды	1
		Есепті шығаруда қолданылатын формулаларды дұрыс жазды	1
		Белгісіз элементтерді дұрыс анықтап, көмекші сызбалар сызды	1
		Белгісіз элементті табуға керекті теорема, тұжырымдаманы дұрыс тапты	1
		Белгісіз элементті табуға керекті формуланы дұрыс қолданып, оны дұрыс тапты	1
		Пирамиданың бүйір бетінің ауданын тауып, жауабын дұрыс берді	1
		Барлық ұпай саны	6
		Оқушы төменгі критерилердің ешқайсысына қол жеткізбеді	0
		Дұрыс пирамиданың биіктігі мен апофемасының сызбасын дұрыс сызды	1
		Екеуінің байланыстыратын көмекші фигураны көрсете білді.	1
		Көмекші фигураны пайдаланып, биіктік пен апофеманы салыстырып, дұрыс ой қорытындысын жасады.	2
	Барлық ұпай саны	4	
Барлығы:		19 ұпай	

Критерий ұпайларын 5 балдық бағаға ауыстыру шкаласы

Ұпайлар	0-10	11-13	14-16	17-19
Проценттері	0-54 %	55-71 %	72-8 %	89-100 %
Баға	«2»	«3»	«4»	«5»

Оқушы осындай аралық жұмыстарды орындай отырып, өзінің жетістігін бағалайды, қорытынды бақылауға дайындалады. Қортынды бақылауға берілетін тапсырмаларға осындай критерийлер ұсынылады, тек тапсырмаларды күрделендіріп

алуға болады. Тоқсан ішінде математика пәні бойынша жиынтық бағалау үшін екі-үш қорытынды жұмыстар жүргізіп, соның негізінде тоқсанды баға шығару ұсынылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу әдістемелік құрал. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Астана, 2016.

2. Н.Ә. Назарбаев, «Қазақстан-2050» жолдауы.

3. [https://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=user&user\\_id=59185](https://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=user&user_id=59185) Наметкулов Мұхит. Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жағдайында бағалау әдістерін тиімді қолданудың мектеп тәжірибесіндегі маңыздылығы.

4. Ғаламтор сайттары. [ustaz.kz\bolimderi\file\](http://ustaz.kz/bolimderi/file/), [sabad.kz](http://sabad.kz).

5. Алимова А.Е. Математика сабағында критериалды бағалауды қолдану. Әдістеме. Педагогтарға арналған журнал. <https://adisteme.kz/>

УДК 51(075.8)

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КРИТЕРИАЛЬНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКЕ МАТЕМАТИКИ**

**Жубаналиева Л.У.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** В статье использование критериального оценивания на уроках математики помогает улучшить уровень мышления и познавательные способности учеников, так же излагается о том, как оценивать себя и других, дает возможность показать свои знания, критически мыслить; определить ошибки в процессе получения знаний с помощью критериев, составленных учителями, определить уровень подготовленности ученика в соответствии с программой; убедиться в справедливости получения своей оценки в процессе обучения, оценивать только работу учеников, сравнивать свою работу по предварительно составленному образцу. Ученик знает точный алгоритм оценивания, дающий возможность оценить свою работу. Работая над допущенными ошибками, ученик наблюдает свои успехи развития.*

***Ключевые слова:** критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание, математика, методика преподавания математики.*

ОӘЖ 373.2.01

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АТА-АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жумабекова К.А.

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ.

**Аңдатпа:** Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартында: ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топтардың педагогикалық процесіне тарту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету қажеттілігін ұсынады. Сондықтан баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен шағын орталық (балабақша) ұжымының бірлескен өзара тығыз байланысы қажет. Шағын орталық және отбасы ажырамас тәрбиелік орта болғандықтан, тәрбиелік қызметі зор. Мектепке дейінгі қызметкерлердің басты мақсаты - жеке тұлғаны қозғамдық өмірге қалыптастырып, баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасы, шағын орталықпен тығыз байланысты.

**Кілт сөздер:** мектеп, ата-ана, мектепке дейінгі ұйым, балабақша, педагог, тәрбиеші

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты біріктіре отырып, тәрбие мен оқыту жүйесін арттыру. Заман талабына сай баланың рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды арттыра отырып жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру.

### Міндеттері:

- балалардың танымдық қабілетін дамыту маңызды екенін ата - аналарға түсіндіре, жеткізе отырып, оқыту тәрбиелеу жұмыстарына ата-аналарды қатыстыру;
- балалардың бойында қазақстандық ұлтжандылықты, төзімділікті, мәдениеттілікті, салауатты өмір салтын ұсынуды, шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қалыптастыру үшін тәрбие жүйесін құру;
- балалар мен отбасыларына әлеуметтік, психологиялық, құқықтық көмек көрсету мақсатында кеңес беру;
- оқыту тәрбие процестерінің үштігін: педагог, ата-ана, баланы тарта отырып, тәрбиенің жана түрлерінің жүйесін құру;
- танымдық, білімдік, іскерлік қасиеттері жан-жақты дамыған еркін ойлы, тілі жетік, ерікті-жігерлі, өзіне сенімді балғындарды келесі білім сатысына - мектепке дайындау;

### Күтілетін нәтижелер:

- мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында жүйелі қарым-қатынас орнайды;
- ата-анамен жүйелі атқарылған жұмыстың нәтижесінде жан-жақты дамыған еркін ойлы, тілі жетік, ерікті-жігерлі, өзіне сенімді жеке тұлға қалыптасады;
- баланың психологиялық тұрғыдан дамуына жағдай жасау үшін ата-аналарға кеңес беру бұрыштары ұйымдастырылады;
- мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының бірлескен жұмысының нәтижесінде тәрбиеленушілер келесі білім сатысына дайын болады;

Барлық кезеңде де ата-аналардың басты мақсаты дені сау, ұлттық сана-сезім оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, иманды, инабатты, еңбекқор, іскер, ұлтжанды, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Демек, балаға дұрыс бағыт беретін үлкен, мықты тәрбие ошағы-отбасы деп саналады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартында: ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топтардың педагогикалық процесіне тарту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету қажеттілігін ұсынады. Сондықтан баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен шағын орталық (балабақша) ұжымының бірлескен өзара тығыз байланысы қажет. Шағын орталық және отбасы ажырамас тәрбиелік орта болғандықтан, тәрбиелік қызметі зор. Мектепке дейінгі қызметкерлердің басты мақсаты - жеке тұлғаны қоғамдық өмірге қалыптастырып, баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасы, шағын орталықпен тығыз байланысты.

Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, шағын орталықпен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын мектепке дейінгі ұйымдармен өзара тығыз іс-әрекет негізінде арттырудың маңызы зор. Отбасындағы тәрбие мақсатына субъективтік рең беретін нәрсе ол әрбір ата-ананың өз баласын қандай етіп өсіргісі келетіндігі жөнінде түсінігінің болуы. Мұнда баланың жеке ерекшеліктері және бейім қабілеттері назарға алынады.

Көбінесе, ата-аналар жалпы өз өмірлері, алған білімдері барысындағы кездескен кедергілер мен жіберген кемшіліктерін есепке ала отырып, балаларын басқаша тәрбиелеуге күш салады. Тәрбие мақсатында сондай-ақ сол отбасының ұстанатын этикалық, діни, мәдени дәстүрлері де есепке алынады. Отбасы мүшелерінің сондай-ақ отбасы мен шағын орталық арасындағы, тәрбиелеу ұғымындағы кереғар пікірлер баланың жалпы дамуы мен жүйке психикасының дамуына кері әсерін тигізбей қоймайды. Жекелеген нақты отбасыларындағы тәрбие мақсатын анықтауда ата-аналар балалардың жеке және жас ерекшеліктері туралы, олардың даму тенденциялары кезеңіндегі ерекшелігі туралы біліктік түсініктердің болмауы салдарынан қателіктерге ұрынып, тығырыққа тіреледі. Сондықтан ата-аналар кәсіби маманданған педагогтармен жиі ақылдасып, бала тәрбиесінде көмек алып отыруы қажет. Егер де тәрбиелеу күштері қалыптаспаса және бір-біріне қарама-қайшы келсе, онда бала психикалық қысымға тап болады.

Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен бірлескен жұмысын ұйымдастыру төмендегідей мақсатты көздейді:

- ата-аналармен бірлесе отырып баланың тұлғасын дамыту;
- бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау;
- баланың тұлғалық әрекетінің дамуы үшін отбасымен бірге эмоционалды жағдай туғызу;
- психологиялық жағынан кедергісіз жетілуін қамтамасыз ету.
- отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып, балаларды әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды туған жерге, елге, халқына деген сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу – аса жауапты міндеттердің бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар-шағын орталықпен отбасы. Осы екі арнада іске асырылған тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана мақсатымыз нәтижелі болмақ.

Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата - аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәржірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата - аналарға көмектесу тәрбиешілердің міндеті.

Педагог ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасындағы өнегеге байланысты екенін білеміз.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - деген қазақ халқының мақалы осы жерде орынды болар. Тек қана шағын орталықпен ата-аналардың тәрбие мәселелерін

жұмылдыра, бірлесе шешуі және оқу-тәрбие процесіне отбасыларды белсенді қатыстыру барысында ғана, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеудегі қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жетеді.

Соңғы жылдары отбасылық тәрбиені одан әрі жетілдіруде ата-аналардың жауапкершілігін күшейтудің қажет екендігіне үкімет аса мән беріп отыр. Мұнда бала тәрбиесі ата-аналар алдында тұрған әрі күрделі, әрі жауапты іс екендігі ескеріліп отыр. Өйткені алғашқы тәрбие мектебі, отбасылық кезеңдегі баланың өмірі мен іс-әрекеті оның санасында өшпейтін із қалдырады. Отбасы бала үшін еш уақытта ұмытылмайтын орта болып қалады. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бір-бірін қадірлеуімен, әсіресе баланың қартайған әке –шешелеріне ерекше құрмет көрсетуімен сипатталады. Осыны ойға азық, тілге тірек ете отырып, көпті көрген атакты жырау:

«Меккені іздеп нетесің,  
Меккеге қашан жетесің?  
Әзір мекке алдында,  
Пейіліңмен сыйласаң

Атаң менен аңанды» - деп ата-ананы шынайы сыйлаудың өзі Меккеге барғанмен бірдей екенін түсіндіріп, яғни ата-ананы құрметтеу керектігін меңзейді.

Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым – қатынасын талап етеді. Бұл қарым-қатынастың жаңашылдығы «ынтымақтастық» және «өзара қарым-қатынас» деген түсініктермен анықталады.

Отбасы — адам баласы үшін ең жақын әлеуметтік орта. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір — жеке тұлғаның азамат болып өсуінің негізі. Адам өмірінде шағын орталық (балабақша) мектеп сияқты қоғамдық орталар қалыптасқан. Дегенмен, отбасы ғасырлар бойы қоғамдық өмірдің, тәрбиенің ең басты әлеуметтік ортасы болып табылады. Отбасы тәрбиесі — бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналар борышы.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі — дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі — дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Тәрбиелеу дегеніміз - балаға мақсат көздей, ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз, осы ықпалдың арқасында бала тәрбиеші талап ететін мінез сапаларына ие болады, мінез-құлық ережелерін бойына сіңіреді. Тәрбие баланың дене және ақыл-ой қабілетін дамытады, оны алдағы еңбекке даярлайды, ол бойынша, қоғамдық дамудың болашақ белсенді қайраткерлеріне керекті адамгершілік сапаларын қалыптастырады.

Бала тәрбиелеу дегеніміз – зор, елеулі, қуанышты, сонымен бірге қиында іс. Бала белгілі бір биологиялық заңдылықтар бойынша дамиды. Баланың дені сау болып өсуіне ешқандай нұқсан келтірмеу үшін, бұл заңдылықтарды білу, ескеру және тиімді пайдалану қажет. Баланың адамшылығын қалыптастыру, оның ақылын молайту, оны белгілі адами сапаларға, көркемдік талғампаздыққа және талапқа баулу – бұдан да қиынырақ іс. Бұл жөнінен бала өсетін қоғамдық жағдай, ең алдымен тәрбиенің ықпалы шешуші орын алады. Баланың ойын айналасындағы бүкіл өмір шындығы – табиғат, қоғамдық орта, жанындағы адамдар. Ең алғашқы тәрбиені беретін, ата-ана және тәрбиеші болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымның ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты отбасы мен шағын орталық арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға, педагогикалық әңгімелесулерге, жиналыстарға ата - аналарды тарту.

**Педагогикалық әңгімелесулер.** Педагогқа отбасымен байланыс жасау үшін ыңғайлы жұмыс түрі. Педагогикалық әңгімелесулер аталмыш түрінде жүреді немесе бұл

жұмыстүрін келесі түрлердің құрамында да жүргізуге болады: ата – аналар жиналысы, кеңес беру.

**Мақсаты:** ата – аналарға дер кезінде бала тәрбиесі бойынша көмек көрсету, ата – аналармен тәрбие мәселелері бойынша бір көзден қарау. Негізгі міндет бұл жұмыста тәрбиешіге жүктеледі, ол әңгімелесудің тақырыбын және жүргізу барысын алдын – ала жоспарлайды. Әңгімелесуді өткізу барысында үйлесімді жағдай туғызу және әңгімелесуді бейтарап сұрақтардан бастап, кейін негізгі тақырыпқа көшуді ескеру қажет.

**Тақырыптық кеңес беру.** Кеңес беру мазмұны бойынша әңгімелесуге жақын, бірақ олардың негізгі айырмашылығы – кеңес беру жұмыс түрін жүргізуде тәрбиеші ата – анаға маман ретінде кеңес береді. Кеңес беру жұмыс түрі жоспарланған және жоспарланбаған, жеке және топтық түрінде жүреді. Жоспарланған кеңес беру жұмыс түрі мектепке дейінгі ұйымда жүйелі түрде жүреді, әр жасқа сай жылына 3-4 рет, осы санда жылдық жоспарға сәйкес жалпы кеңес беру жұмыс түрі шағын орталық бойынша жүргізіледі. Кеңес берудің созылуы – 30-40 минут. Жоспарланбаған түрі ата – ананың немесе педагогтың бастамашылығымен жиі жағдайға байланыстық туындайды. Кеңес беру түрі әңгімелесу түрі сияқты педагог тарапынан тиінақты дайындықты талап етеді. **Мақсаты:** ата-аналармен әңгімелесе отырып, бала тәрбиесіне байланысты кеңес беру. Кеңес беру арқылы баланың қайырымдылық, қарапайымдылық қасиеттерін дамыту.

**Топтық ата – аналар жиналысы.** Топтық жиналыста ата – аналарды мектепке дейінгі ұйымда және отбасы жағдайында балалардың жасына сай тәрбие мазмұнымен, мақсат – міндеттерімен және әдістерімен таныстырады. Топтық ата – аналар жиналысының күн тәртібі сол кезеңде маңызды тақырыпқа педагогикалық әңгімелесу, ата – аналар санынан отбасылық тәжірибеден хабарлама, ағымдағы ұйымдастырушылық мәселелерді талқылауды қамтиды. Оқу жылы бойы 3-4 топтық жиналыс өткізілу ұсынылады. Жиналыс соңында ата – аналар өз сауалдарын қояды, педагогпен ақылдасады, сонымен қатар, шағым – талаптарын білдіреді.

**Мақсаты:** ата-аналармен танысу, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, ата-ана алдында тұрған міндеттерді бірге шешуге жұмыстану.

**Жалпы ата – аналар жиналысы.** Жиналыс барысында мектепке дейінгі ұйым бойынша жалпы ұйымдастырушы мәселелер талқыланады. Жалпы ата – аналар жиналысын тәрбиеші, әдіскер және психолог біріге отырып жүргізеді. Жылына аталмыш жиналыс саны – 3 – тен кем болмауы тиіс.

**Мақсаты:** ата-ананың тәрбие мәселесіндегі психологиялық құзіреттілігін арттырып, баламен тиімді қарым-қатынас орната білу қабілетін дамыту. Мектепке дейінгі ұйыммен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Ата-ана, мен тәрбиеші арасындағы өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Педагогикалық семинарлар отбасылық тәрбиенің әдіс - тәсілдеріне арналады. Семинарға тәрбиешілер де, ата – аналар да жан жақты дайындықпен қатысуы қажет»

Шығармашылық кештершағын орталықтық және топшілік болып, озық қабілетті, танымал ата - аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұжым ұжым ата-аналарды ұйымдастырып, балаларының шағын орталықтағы (балабақша) өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізілуі қажет. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, психологтың тренингтері, пікірталас кештері, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ мәселелерді бірге шешуге тырысады.

**Бұл жұмыстардан күтілетін нәтиже:**

- ата-аналар және басқа да ересектер мектепке дейінгі мекемедегі оқыту философиясымен және оқу жоспарларымен танысады;
- балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады;
- ересектер тәрбиеші жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі;
- ата-аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді,

- балаларда іс - әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады;
- балалар маңызды жетістіктерге жете алады.

Ата-аналар мен педагогтердің үздіксіз қарым-қатынасы (диалог). Тәрбиешілер отбасы мүшелеріне бүгінгі болған маңызды оқиғалар мен балалардың жетістігі, әрекеті туралы айтып отырады. Ата-аналар мен тәрбиешілер балаға қатысты барлық мәселелерде (әлжуаз, жетілуі мен дамуында ауытқушылықтары бар, көңіл күйі тұрақсыз балалар туралы) бірлесе отырып шешім қабылдайды. Балаға ата-анасы оны қандай болса да жақсы көретінін сезінетіндей эмоционалдық тыныштық пен қамқорлық ортасын қалыптастыру жөнінде ақыл-кеңестер береді.

Педагогтар баланы жан-жақты дамытуға, оның білуге құштарлығын арттыруда, есі мен зейінін тұрақтандыруда, тілдік қатынасы мен сөздік қорын байытудағы отбасының мүмкіншіліктерін анықтайды. Сонымен қатар, отбасы мен тәрбиешілер бірлесе отырып баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантын шыңдауға күш салады. Тәрбиеші ата-аналармен қарым-қатынас жасаудың тиімді түрлерін қолданады: тренингтер, пікірталастар, практикумдер, әңгімелер, лекциялар. Арнайы мамандар мен ата-аналардың оңаша әңгімелесуіне жағдай жасау (психолог, логопед) маңызды. Ата-аналарды психолог, логопед, медицина қызметкерлерінің, қосымша сабақтар жүргізетін мамандардың жұмыстарымен таныстырып, баланың дамуындағы ерекшеліктері мен кедергілері туралы мәлімет беріп отырады. Педагог аталған жағдайларды бекіту мақсатында өмірден мысал келтіріп, көріністер қояды.

Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы. Мектепке дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеу отбасы мен мектепке дейінгі ұйым тығыз ынтымақтастығы кезінде ғана мүмкін болады. Ата-аналардың балаларға тәрбие беру міндеті Қазақстан Республикасы Конституциясында, ал балалардың отбасындағы құқығы – бала құқықтары туралы конвенцияда белгіленген.

Ата-анамен жұмыс ұйымдастырудың негізгі мақсаты: ата-ананың мектепке дейінгі ұйымға деген көз қарасын өзгерту; ата-анамен бірлесе жұмыс жасай отыра, баланың тәрбиеленуімен, ой-өрісінің кеңейуін дағдыландыру. Біз балаларды сауаттылыққа үйрету үшін дәстүрлі және дәстүрлі емес әдіс – тәсілдерді қолданып, оның ішінде ата-аналарды оқу іс – әрекетіне, тәрбиелік шараларға, ертеңгіліктерге қатыстырып отырамыз. Қазіргі уақытта ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге қатысты пікірі кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата-аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуға бастады. Тәрбиешілер ата-аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізеді. Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата-аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу тәрбиешілердің міндеті.

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі- ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы бүгінгі күні біздің шағын орталықта кеңінен қолданылуға бастады. Әрине, бүгінгі таңда бұл жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Дегенмен, отбасымен жүргізілетін жұмыстар үздіксіз өзгерістерді қажет етеді. Себебі, бүгінгі күннің ата-аналары жаңа заманның, озық технологиялардың адамдары. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы ата-аналар үшін балаларының уақытылы тамақтануы, қаралуы ғана маңызды болса, бүгінгі ата-аналар үшін аталған шарттармен қатар баланың сапалы білім мен саналы тәрбиемен қамтамасыз етілуі де аса маңызды. Сондықтан ата-аналар қауымын шағын орталық жұмысымен таныстырудың бірден бір жолы оларды мекеме жұмысына, яғни бала тәрбиесіне белсендіре араластыру болып табылады. Бүгінгі

таңда біздің ата-аналарымыз тәрбиешімен бірге, белсенділік танытып барлық іс-шараларда, ертеңгіліктерде, отбасылық сайыстарда бірігіп жұмыс атқарады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Айтмамбетова Б.Р. Бейсенбаева А.А. «Жеке адамның дамуы, тәрбиесі» Алматы КазПИ, 1991.
2. Слостенкин В.А. и др. Педагогика: уч. пособие – Москва Академия, 2004
3. Р.М. Қоянбаев Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы. 2005ж.
4. «Бастауыш мектеп» республикалық ғылыми әдістемелік және педагогикалық журнал №9, №10, 2005ж.
5. «Отбасы және балабақша» журналы №4, 2014ж.

УДК 373.2.01

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ УСТАНОВЛЕНИЯ ОТНОШЕНИЙ С РОДИТЕЛЯМИ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ.**

**Жумабекова К.А.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** В государственном стандарте воспитания и обучения детей дошкольного возраста: в целях вовлечения в педагогический процесс родителей детей дошкольных учреждений и дошкольных групп предлагается обеспечить взаимодействие дошкольных организаций и семьи. Поэтому в вопросах воспитания, развития и образования ребенка необходимо поддерживать тесную взаимосвязь семьи с мини-центрами (детскими садами). Мини-центр и семья являются неразрывной воспитательной средой и имеют важное значение в воспитании. Главная цель работника дошкольных учреждений – формирование личности в общественной жизни и организации жизнедеятельности ребенка. И поэтому деятельность ребенка находится в тесной взаимосвязи с семьей и мини-центром.*

***Ключевые слова:** школа, родители, дошкольное образование, детский сад, педагог, воспитатель*

ОӘЖ 373.2 (075.32).

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУДАҒЫ САУСАҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Жумасейтова А.Е.**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамытудағы саусақ жаттығуларының маңызы, саусақ ойындарын балабақшада дамыту жолдары туралы мәселелер қарастырылған.*

***Кілт сөздер:** ұсақ қол моторикасы, саусақ жаттығулары, саусақ ойындары, мектепке дейінгі жастағы балалар.*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты - жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің

алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту» деп баса назар аударған еді [1].

Бүгінгі бала - ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке баулу үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру - білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады.

Соңғы кездері біз «ұсақ саусақ моторикасы» деген ұғымды жиі естиміз. Физиологтар ұсақ саусақ моторикасы деп, саусақ, қол және қолдың білезік бөліктерінің ұсақ бұлшықеттерін меңзейді. Осы бұлшықеттерді дамыту және шыңдау, адамның орталық жүйке жүйесінің, барлық психикалық үрдістердің, сөйлеуінің дамуына басты ықпал етеді.

Қазіргі педагогиканың өзекті мәселесінің бірі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Барлығымызға белгілі, адам миының қозғалыс проекциясының барлық бөлігінің үштен бірін, қол проекциясы алып жатыр. Осыдан келер қорытындымыз, танымдық функциялардың, ақпаратты қабылдаудың дамуына ұсақ саусақ моторикасының маңызы зор [2].

Ұсақ саусақ моторикасын дамытудың маңызды бөлігі - саусақ жаттығулары. Саусақ жаттығулары дегеніміз қандайда бір ұйқасты оқиғаны, тақпақты, ертегіні саусақтар арқылы ойнап шығару. Саусақ жаттығулары қызықты, эмоционалды, баланың тілінің, шығармашылық қабілетінің дамуына әсер етеді және балабақшада, үйде, кез-келген бос уақытта өткізуге болады. Балалар саусақ жаттығуларын үлкендердің артынан қайталағанда, саусақ моторикасын дамытады. Сол арқылы қол шапшандығы дамиды, өз қимылдарын басқаруы, белгілі іс-әрекетке зейіні тұрақтанады. Көптеген саусақ жаттығулары екі қолдың да қозғалысын талап етеді, ол өз кезегінде баланың «оң», «сол», «жоғары», «төмен» сияқты ұғымдарды түсінуіне көмегін тигізеді [3].

Саусақ ойындары жаттығуларының баланың шығармашылығын дамытуда да маңызы зор. Егер бала қандайда бір «саусақ жаттығуын» меңгерсе, ол міндетті түрде басқа да тақпақтар мен әңгімелерге саусақ жаттығуларын ойлап табуға тырысады. Бір жастан екі жасқа дейін балалар «саусақ жаттығуларын» бір қолмен орындағанда, жақсы қабылдайды.

Үш жастағы балалар екі қолмен ойналатын саусақ жаттығуларын меңгереді, мәселен, бір қол ұй болса, екінші қол үйде жүгіріп жүрген мысық болады.

Төрт жастағы балалар бұл жаттығуларды, бірнеше оқиға желісің ауысуымен ойнай алады. Ал мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға әр түрлі заттарды, шарлар, кубиктер не үйлер сияқты құралдарды беріп, түрлендіріп саусақ жаттығуларын өткізуге болады [3].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың шаршағанын басып, еңбекке қабілеттілігін арттыру үшін қол-саусақтарын әрдайым жаттықтырып отыру қажет.

Саусақ жаттығулары баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамытып, ынтасын арттырады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету - тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ жаттығулары балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады.

Психологтар балаларда қол-саусақ жаттығулары есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытатындығын айтып кеткен. Тақпақпен айтылатын саусақ жаттығулары ырғаққа ілесіп қимылдауына және баланың сөйлеу ырғағының қалыптасуына көмектеседі. Саусақ ойындары сөйлеу лексикасының, сөздердің өзара байланысының

(диалогты дұрыс жүргізуге, түсінік айтуға, т.б.) шындалуына себепші болады. Сондықтан баланы ерте жастан бастап шынықтырған жөн [4].

Қазіргі таңда ұсақ саусақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Олар шартты түрде топтарға бөлінеді. Қол, кодың білезік және саусақтарының қозғалысының дамуына оң әсер ететін заттық ойындар, яғни ойыншықтармен, кез-келген заттармен өткізіледі. «Мозайкалар», «конструкторлар» – аталған материалдар саусақтардың белсенді қозғалысына әсер етеді. Мозайкада ұсақ бөліктерден толық сурет құрап шығару мақсаты тұрады. Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.

Моншақтармен ойын: екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойындар – сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босансытады.

Сурет салу – барлық балалар жақсы көретін, әрі пайдалы ісі. Қарындаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағида емес. Қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу – шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады. Ұсақ саусақ моторикасының дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді [5].

Балабақшада балалардың әлеуметтік дағдысын, қызметтің түрлі нысандарын меңгеруді дамыту бойынша жеке жұмысты ұйымдастыруға да міндет қойылу қажет.

Балалардың еркін өзіндік қызметі баланың жеке қабілеті мен мүддесіне сай таңдалған саусақ жаттығулары баланың өз бетімен дамуына септігін тигізді. Балабақшада саусақ жаттығуларын түрліше бағытта қолдануға болады:

1. Бірлескен және жеке жұмыста саусақ жаттығуын массаж (саусақтың басынан қол буынына дейін сипау) және жаттығу (әр саусақты жеке –жеке бұғу және бүктеу) түрінде жүзеге асыру. Массаж - пассивті гимнастиканың бір түрі болып табылады. Массаж - бұлшық ет жүйесінің тонусын, бұлшық ет икемділігі мен әрекет жасау қабілетін арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ, балаларға табиғи материалдармен массаж жасау ұсынылды (шырша бүршігі, жаңғақ, доптар т.б.). Осындай жаттығу нәтижесінде баланың қызығушылығы артты, саусақ гимнастикасы тақпақ оқумен жалғастырылды.

2. Тақпақты тыңдаған балалар саусақ қозғалысының көмегімен тыңдалған тақпақтар мен мазмұнын және бейнелер арқылы сахналау. Сюжетті материал ретінде тақпақтар пайдаланылады. Жаттығуға ұласқан тақпақ-сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызғушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады. Тақпақты бейнелеу, тыңдау және түсіну дағдысын дамытады. Ұсақ қол саусақтарын дамытуға арналған картотека құрастыру қажет: «Саусақ жаттығулары», «Жолақпен жүру», «Сергіту сәттері».

3. Бірлескен және өзіндік әрекет кезінде саусақ театр қозғалыстарын қолдану. Бұл балаға бір мезетте сценарист, режиссер-постановщик болуға мүмкіндік береді. Театрландырылған қойылым шығармашылық потенциалды ғана емес сөйлеуді және оған саусақ белсенділігін дамытуға көмектеседі. Саусақ театрының тағы бір жағымды жағы – бала ойын нысанында кеңістік және санау түсінігіне үйренеді. Саусақ театрына арнап ертегілер кейіпкерлері бойынша қуыршақтар әзірлеу қажет: «Қоян мен түлкі», «Бауырсақ» және т.б.

4. Жапсыру ісімен айналысу қол мойнының буыны және ұсақ әрі жалпы қол моторикасын дамытуда маңызы зор. Жапсыру ісімен айналысу баланың сенсорлы және кеңістікті сезіну, қабылдауын дамытуға қажет. Өз жұмысымда жапсыру ісімен айналысуда ермексаз, тұздалған ұн, тұқымнан және ұлу қабыршығынан жасалған оюларды жиі қолдану қажет. Бұл еңбекті көп қажет ететін, қызықты жұмыс болғандықтан баланың назарын, көз бен қолдың өзара қозғалыс үйлесімділігін, сенсомоториканы дамытады. Қағаздан бұйымдар жасау- қол мойын буынының кіші бұлшық етін дамытуға әсер етеді. Мұндай жұмыстар баланы қызықтырады, қиялдарының дамуына, сындарлы ойлауына септігін тигізеді. Қағазбен жұмыстың бірі ретінде жыртылған қағаздар қолданылды. Қағазды ұсақтап жыртыу саусақ күші мен ұсақ қимылын басқару дағдысын дамыту жаттығу болып та есептеледі.

5. Бірлескен қызметке сурет салудың көптеген дәстүрлі емес түрлерін пайдалану қажет: тампондау, қылқалам, май шам, тіс щеткасы көмегімен қолдан жасалған мөр және т.б. Сурет салу кезінде балалардың қиялы, шығармашылығы дами түседі, эмоционалды қатынастары және графикалық дағдылары қалыптасады. Басты назар суреттерді бояуға бөлінді. Бұған бояу альбомы мен дайындамалар қолданылды. Бояу қозғалыс үйлесімін дағдыландыруда ұсақ қол моторикасын дамыту мен нығайтуды қамтамасыз ететін түр сызықтарының бірнеше түрлерін қамтиды [6].

6. Баланың графикалық дағдысын дамытуда неше түрлі қызықты әдіс – тәсілдерде жеткілікті. Мәселен нүктелер бойынша суретті бір-біріне қосу. Элементарлы математикалық түсінікті қалыптастыру бойынша бірлескен қызметте жазықтық үлгілеу әдісі (жазық геометриялық фигуралардан шекті мөлшерде жасалған суреттер), есептеуіш таяқшамен жаттығулар әдістерін қолдану қажет. Қызметтің осы түрлері балалардың байқағыштық, зерделілік, ойлау және қиялдау, ұғыну қабілеттері дамиды.

7. Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсыну. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазаламен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін-өзі бағалауға кері әсерін тигізеді [7].

Сондықтанда мектепке дейінгі жаста бала тілінің дамуда, өзіне-өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамытудың және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы 11 қараша 2014 жыл.
2. Анищенко Е.С. Пальчиковая гимнастика для развития речи дошкольников. АСТ, Серия «Родничок», 2007. – 39 с.

3. Бардышева Т.Ю. Сәлем,саусак. Саусак ойындары. М., 2000.
4. Большакова С. Е. Формирование мелкой моторики рук. Игры и упражнения. Изд.: Сфера, 2009.
5. Диченкова А.М. Страна пальчиковых игр: Идеи для развития мелкой моторики.- Изд.: Феникс,2008. – 220с.
6. Большакова С.Е. Ұсақ қол моторикасын қалыптастыру: Ойындар мен жаттығулар. А., 2001.
7. Тимофеева Е.Ю.,Чернова Е.И.Саусак қадамы.Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар. М., 2007.

УДК 373.2 (075.32)

## РОЛЬ ПАЛЬЦЕВ В РАЗВИТИИ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ РУК У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Жумасейтова А.Е.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** В статье рассмотрены вопросы о значении пальчиковых упражнений в развитии мелкой моторики рук детей дошкольного возраста, о путях развития пальчиковых игр в детском саду.*

***Ключевые слова:** мелкая моторика рук,пальчиковые упражнения, дети дошкольного возраста.*

УДК 373

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ РЕЧЕВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ МЕТОДОМ ДИАЛОГОВОГО ОБУЧЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ 5-9 КЛАССОВ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ.

**Кузнецова А.Н., Иргалиев А.С.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** Статья посвящена анализу диалоговых стратегий, которые может применять учитель при освоении школьниками учебного материала. Автор предлагает использовать в соответствии с этапами изучения новой темы на уроке определенную последовательность различных стратегий, позволяющую более эффективно организовать процесс смыслообразования.*

***Ключевые слова:** диалог, диалоговая стратегия, диалоговая тактика, смыслообразование, дидактическое взаимодействие, диалоговое обучение.*

Современное содержание образования ориентировано на создание условий для реализации всех творческих возможностей личности, на обретение каждым членом общества многообразной эстетической, в том числе речевой культуры. Высокая культура речи - важная составная часть общей культуры человека, учитывая ,что в современных условиях развивающегося общества, перестройки в деятельности образовательных учреждений – школ всех типов возникает необходимость в совершенствовании воспитательно-образовательного процесса, затрагивающего формирование культуры речи учащихся, особенно среднего школьного возраста. Подготовки и переподготовки

педагогов способных формировать стойкую потребность в культурной речи и все это, преимущественно, средствами педагогического воздействия.

Однако проблема развития культуры речи школьников в процессе диалогового обучения в научной, педагогической и методической литературе не получила достаточного освещения. На основе анализа теоретических положений научных работ философов, эстетиков, психологов, педагогов, культурологов, филологов, методистов языка и литературы мы определили основные направления нашего исследования. Культура речи - составная часть личностной характеристики человека.

Превращаясь в открытую образовательную систему, школа вырабатывает новые приемы, методы, формы обучения, ищет новые подходы к содержанию образования [1]. Деятельность учителя при этом рассматривается как "разновидность деятельности практического психотерапевта" [2].; овладение соответствующими приемами, разнообразными техниками помощи, облегчения становится главным в его работе. Учитель видится как посредник, как "возможность", которую учащиеся могут использовать в процессе собственного интеллектуального поиска и вхождения в пространство предмета [3].

Важным результатом происходящих изменений в понимании учебного процесса является использование диалога в педагогической деятельности. Объективной предпосылкой обращения к диалогу участников процесса обучения выступает соответствующий отбор и построение содержания образования [4]. По словам Г.С. Батищева диалоговое обучение необходимо, "чтобы гуманистическое содержание образования стало достоянием школьников, его необходимо прежде всего вычленив, обнажить в контексте предметного содержания, так как предмет обучения - знание, которым предстоит овладеть, противостоит обучающимся в форме готового результата, застывшего в своей неподвижности и лишенного последних следов той человеческой деятельности, которая его выработала" [5].

Диалог – это общение двух и более людей. Обучение диалогической речи на уроках русского, английского, казахского языков является одной из важнейших задач. Одной из важных характеристик образовательного процесса является развитие речевого взаимодействия обучающихся при изучении языков, под которым понимается процесс установления и поддержания целенаправленного прямого или опосредованного контакта между обучающимися. Показателями развития речевого взаимодействия выступают: эффективность выражения своих мыслей, мнения, намерений; характер техники речевого взаимодействия; характер стратегий социально-ориентированного взаимодействия; характер реализации речевого взаимодействия в межкультурной коммуникации.

В психологических работах диалог определяется как "взаимопонимание, основанное на интуиции, импровизации, на равноправии действующих и взаимоотносящихся сторон, опирающихся на наличие альтруистических и эмпатийных особенностей личности" [2]; "не просто обмен информацией, а взаимодействие его участников" [6]; "составляющий компонент сотрудничества, выступающий как двусторонний процесс"; "возрождение живого слова", возникновение "мы-реакции", "мы-решения"; связывается с определенным поведением и с заложенным в нем механизмом саморазвития. При этом обращение к диалогу обусловлено стремлением "очеловечить", оживить учебный процесс. Исследованию диалога как особого рода деятельности, обнаруживающей субъектность педагога и ребенка посвящены работы крупнейших отечественных психологов. Однако в собственно педагогическом контексте проблема диалога разработана, на наш взгляд, недостаточно глубоко.

Обращение к педагогической литературе позволило нам зафиксировать различные теоретические направления, пути анализа диалога в культуре, различные способы деятельности в нем, условия и механизмы его реализации; обнаружить исследования природы, сущностных характеристик, функций диалога. Диалог

рассматривается в нескольких аспектах: как особая форма подачи культурологических знаний, позволяющая поместить ребенка в культуру прошлой эпохи, "спор нескольких образов мира" [7]; спор равноправных собеседников ; диалог культур (культуры учителя и ученика) [1]; способ преодоления ряда "антиномий" процесса обучения [2] реализации проблемного обучения ) [1]; "творческая свобода в русле заданной темы" ; реализация партнерских оснований в деятельности . Под диалогом понимают не только форму обучения, но и метод исследования личности ребенка , "возможность личностного становления"; отождествляют с активными методами обучения, игровым моделированием , с эвристическим приемом усвоения монологического знания ; рассматривают не только как один из моментов обучения, но и как неотъемлемый компонент технологии обучения ; специальным образом организованную ситуацию общения; самую простую нерасчлененную форму взаимодействия [7].


Анализ школьной практики позволил нам обнаружить противоречие, состоящее в том, что диалог как идеальная форма, идеальная цель (вербализованная в представлениях учителей) и диалог как реальное деятельностное воплощение цели - это два не совпадающих друг с другом феномена. Данное противоречие позволило сформулировать проблему исследования: педагоги испытывают потребность в диалоге как новой идеальной форме обучения, но не владеют технологией его организации в своей профессиональной деятельности. Связанная с этим ситуация непроявленности приемов организации диалога в педагогической практике обусловлена, с одной стороны, проблемой неосознанного (непрофессионального) отношения педагогов к организации учебного процесса, с другой - неразработанностью приема как особой педагогической категории в научной литературе. Даже тогда, когда педагоги осознанно подходят к построению совместной деятельности на уроке, они часто соотносят педагогические приемы с разным содержанием деятельности: идентифицируя свою деятельность с диалогом, вносят в ее содержание ценностно-соподчинительную связь ; отождествляют с проблемным обучением

Обучение диалогической речи на уроках русского, английского, казахского языков, как показала практика, является сегодня одной из важнейших задач, которую следует решать педагогам современной школы. Именно она является одной из важнейших характеристик совершенствования образовательного процесса. С применением этого метода, выявляется развитие речевого взаимодействия обучающихся при освоении изучении, под которым понимается процесс установления и поддержания целенаправленного прямого систематического или опосредованного контакта между людьми. Именно это и побудило нас избрать предметом изучения методический поиск, исследования методики обучения диалоговой речи учащихся средней возрастной группы (5 – 9 классы), формирующий педагогический эксперимент продолжался два года ( с 13.02.2017г.-13.02.2019г.), были представлены контрольные и экспериментальные классы учащихся (экспериментальные 5 "А" ,6 "А" ,7 "А" ,9 "А"; контрольные классы за литерой "Б"). Работа проводилась на уроках русского языка и внеклассных занятиях в кружках школы, объединениях учащихся по интересам.

Практика показала, что любой учебный диалог «управляется» учителем. Это управление, по нашему мнению, должно проявляться в мягкой, косвенной, опосредованной форме - в психологической и педагогической поддержке учащихся, наводящими вопросами, остановках на пути постижения детьми «смысловых единиц жизни». Равноправными партнерами в процессе диалога учитель и учащиеся не являются, поскольку педагог, в отличие от учеников, обладает профессиональной компетентностью, однако педагогическая мудрость состоит в том, чтобы учащиеся тем не менее считали себя равноправными участниками диалогического процесса. Речь идет о равенстве как взаимном уважении, соблюдении достоинства сторон. Диалог в учебном процессе предстает в некоторой условной, имитационной форме: имея преимущество и, как правило, зная заранее ответ, учитель выстраивает педагогическую стратегию, иногда

намеренно приводя поступающую от него информацию в несоответствие с той, которой владеют ученики. Учитель сознательно стремится к тому, чтобы получить от учащихся «обратную волну» и тем самым придать учебному процессу характер «пульсации самодвижения». Ради заинтересованного и деятельного участия школьников в поисках истины, для формирования их личностного отношения к рассматриваемому содержанию, которое выступает объектом диалога, в действие приводятся различные механизмы познавательной деятельности учащихся.
Алашордалықтарды жою бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы үрдіс Алашорда қайраткерлерін биліктен ығыстырып шығарды. Одан кейін бұл үрдіс 1925-1930 жылдары қайта жалғасты. Үшінші кезең 1937-1938 жылдары шарықтау шегіне жетіп, қазақ зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратты. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар секілді алаштың арыстары болды. Солардың бірі Мұхамед-Хафиз Мырзағалиев.

Мұхамед-Хафиз Мырзағалиев (1887 – 1938) – қоғам және мемлекет қайраткері. 1887 жылы Орал облысы, Қараоба болысы, Дуанакөл ауылында (Ақжайық ауд.) дүниеге келген. Тегі- Жетіруға жататын кердері руы. Әкесі Ж.Мырзағалиев Жайық өңіріндегі оқыған, сауатты, орта дәулетті адам болған. Мырзағалиев болыстық орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін, Орал реалдық училищесіне оқуға түсті. 1908-1914 жылдары Саратов губерниясының Марийск ауыл шаруашылық училищесін оқыды. 1914-1917 жылдары Самара губерниясы, Жаңаөзенуезі, Александр-Гай станциясында учаскелік аграром. 1917 жылдың аяғында елге оралды. 1918 жылы қаңтарда Жайық сырты земство дауыс берушілері жиналысында Жайық сырты земство управасының мүшесі болды. Айтылмыш жергілікті өзін-өзі басқару құрылымы мен Орал Войско үкіметі жер мәселесін шешу үшін бірлесіп құрған Одақтық Жер комитетінің құрамына кірді [1. 254-б]. 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде өткен III-Орал облыстық қазақ съезінде Жаһанша және Халел Досмұхамедов тобынан ірге ажыратып, Ғ.Әлібеков, Е.Қасболатов, т.б құрған «Ақ жол» ұйымына қосылды. Съезден соң Қасболатов, Әлібековпен бірге Орал қаласына келді [2.56-б]. 1918 жылы 29 наурызға қараған түні Орал Совдепін қуып таратқан Орал Войско үкіметі Мұфтах Мендіғазиевтің үйінде заңсыз сақтағаны үшін «Ақ жол» тобы мүшелерімен бірге тұтқандады. Облыстық земство басқармасы төрағасының орынбасары Қ.Жәленовтің көмегімен босатылып, елге келді. 1919 жылы наурызда Ғ.Әлібеков тобының ұйғаруымен Орал қаласына келіп, РК(б)П қатарына өтуге арыз

берді. Ақ казактардың Орал қаласын көктемгі қоршауы кезінде Қызыл армияның 22-дивизиясының 66-жеке қазақ атты әскер эскадроны қатарында қала қорғанысына белсене қатысты. Жайықтың сол жағалауына бойлай еніп, ақ казактардыңтылында барлау жұмыстарын жүргізді.[3. 404-б]

1919 жылы қыркүйекте Жайықтың қазақ бөлігі мен Бөкей ордасын басқару үшін құрылған Қазревком Орал бөлімшесінің кандидаты, кейін осы басқару органы төрағасының орынбасары, 1919 жылы қарашадан бастап Жымпиты уездік ревкомының мүшесі. 1920 жылы 21-қаңтардағы Орал РК(б)П губерниялық комитетінің шешімімен Жымпиты уездік ревкомның төрағасы болды. Сол жылы мамырда РК(б)П Қазақ облысы ұйымдастыру бюросының құрамына енді. Тамыздың басында Бүкілресейлік Төтенше комиссиясының уәкілетті өкілінің орынбасары және Орынбор – Торғай Төтенше комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

1920 жылы қазан айында өткен Бүкілқазақ кеңестерінің құрылтай съезінде Қазақ АКСР-і ОАК мүшесі және ішкі істер халкомы болып сайланды.

Желтоқсанда Қазақ АКСР-і Халкомкеңесі төрағасының орынбасары және Қазақ еңбек және қорғаныс кеңесінің төрағасы.

1921 жылы 27 қаңтар – 11 маусым аралығында РК(б)П Қазақ облысы бюросы төралқасының жауапты хатшысы болды. Осы қызметте республиканың соц. жолмен дамуының өз ерекшелігі барын, партияның орталықтағы қызмет тәсілдерін Қазақстанға қарапайым көшіре салуға болмайтынын табанды түрде дәлелдеді.

1921 жылы маусымда өткен РК(б)П облыстық конференциясында Мырзағалиевтың тезистері ұлт саясаты жөнінде қабылданған қарарға негіз етіп алынды. Осы жиында ол РК(б)П Қазақ облыстық комитеттінің жауапты хатшылығына сайланды.

2-Бүкілқазақ съезінде (1921, қазан) Қазақ АКСР-і ХКК-і төрағасы болып сайланды. 1922 жылы қазан айының орта шенінде РК(б)П Қазақ облкомитетінің төралқасының мәжілісінде мәселелері қаралған бұрынғы Алашорда қайраткерлері А.Кенжин мен С.Қаратілеуовті қорғап сөйледі. Сол қазан айында партиялық тазарту жөніндегі Орталық бақылау комиссиясының араласуымен халкомкең төрағасы қызметінен босатылды.

1923 ж. қаңтарда РКФСР ХКК-і жанындағы Қазақ АКСР-і өкілі болып тағайындалып, Мәскеуге жіберілді. 1925 жылы маусым айында Қазақ өлкелік партия к-тінің Қазақстан аумағын межелеу жөніндегі комиссиясының құрамына кірді. Ол БОАК комиссиясының алдына Торғай облысының төңкеріске дейінгі шекарасын қалпына келтіру, Қостанай және Ақтөбе губ-ларын Қазақ АКСР-і құрамында тұтас қалдыру, Орынбор губ-ның қазақтар тұратын бөлігін Қазақ АКСР-і аумағына қарату жөнінде принципті мәселелер қойды. Мырзағалиев тезистері Қазақстан үкіметінің осы мәселе бойынша ұстанған позициясына негіз етіп алынды. 1926 жылы орта шенінде Қазақстанға оралды. КАКСР ОАК мүшесі.

1926 жылы 30 маусым – 1929 жылы 28 мамыр аралығында Қазақ АКСР-і қаржы халық комиссары болды.

1930 – 37 жылы РКФСР Жер шаруашылық халкомында жауапты қызметтер атқарды. 1938 жылы революциялық қызметтегі серіктері өрескел заңсыздықтың құрбаны болғанын естіп, Алматы қаласына келгенде ПХК органдары тарапынан тұтқындалып, саяси қуғын-сүргінге ұшырады[4. 234-б].

1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды 22 жыл бойы қазақ жұрты осы күнді ерекше құрметпен атап өтіп келеді.

Ұлты мен діні, тілі мен діліне қарамастан, мыңдаған адамдар, тоталитарлық жүйенің диірменіне түсіп, өзгеше ойлағаны үшін күнәсіз сотталып, туған жерлерінен аяусыз айдалып, түрмелерде жазықсыз көз жұмды. Бүгінгі жас ұрпақ үшін, азат, тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы үшін оларды еске алу және есте сақтау қасиетті парыз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ғ.Әнес, С.Смағұлова. «Алаш.Алашорда.Энциклопедия» Алматы, 2009 ж.
2. Д.Д.Сүлейменова. «Алашорданың батыс бөлімінің тарихы-өлке тарихының құрамдас бөлігі» Алматы, 2007 ж.
3. Ғ.Әнес «Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия» Алматы «Арыс» 2002 ж
4. «Алаш аманаты жинағы» Орал, 2018 ж.

УДК 94 (574)

**ВЕЛИКИЙ СЫН АЛАША**

**Маратов А.Ф., Сулейменова Д.Д.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** В 20 – 30-х годах XX века в Казахстане одним из трагических событий являлось политическая репрессия.Целью этой политики было уничтожить казахских интеллигентов.В докладе говорится о жизни и деятельности общественного и государственного деятеля Мухамед-Хафиз Мырзагалиева, который в начале XX века подвергся преследованиям как жертва советской политики.*

***Ключевые слова:** ак жол, председатель, комиссар, репрессия.*

ОӘЖ 94(574) (075.8)

**С. ҚОНДЫБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӨЛКЕТАНУ МӘСЕЛЕСІ**

**Едилханова С.А.**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялар университеті, Орал қ.

***Аннотация:** Мақаланың басты мақсаты - Маңғыстаулық ғалым Серікбол Қондыбайдың ғылыми еңбектеріндегі өлкетануға байланысты құнды ойларын сарптау.«Туған жер» бағдарламасына шолу жасау. Маңғыстау тарихында болған оқиғалардың әрбір жергілікті отансүйгіш азаматтың тағдырына елеулі әсерін тигізген сыр екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан, ғылым ретінде – өлкетану, саналы ұрпақты тәрбиелейтін құрал ретінде жоғары орынға, әрі мәнге ие болуы тиіс.*

***Кілт сөздер:** «Туған жер» бағдарламасы, Маңғыстау, өлкетану ғылымы, адами қасиет, қазақтың рулары, адай руы,шежірелік аңыз, орыс бекіністері, «қазыналы түбек», саналы ұрпақ*

«Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегінде тулаған шабыт пен сезім ұялайды. Себебі адам өзінің туған жерінің төлі. Сол даланың, сол жердің, сол мекеннің меншігі. Туған жерге деген сезім мен махаббатың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Осы бір ерекше шексіз отансүйгіштік сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қандарына дарыту үшін, сөздің ұғымын кең мағынасында түсіну үшін, тұңғыш елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасын ұсынды. Ал бағдарламаның мәні неде? Тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаев бұл бағдарламаның мәні деп үш ерекшелікті атап көрсетеді.

- «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді».

- «Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек».

- «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс». «Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек».

«Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады». Батырлар мен ақындар бірі найзамен, бірі жырмен қорғап қалған ұлан байтақ даланың қазіргі иесі ретінде, әрбір Қазақстан азаматы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқару керек. «Туған жер» бағдарламасының жаппай халық арасында үлкен күшке ие болуы, жастардың бойына патриоттық тәрбие ұялату үлкен міндет. Берілген тапсырманың үдесінен шығу ғана емес, оны бүгінгі күнмен өлшемей, ертенгі ұрпаққа жету үшін еңбек ету – басты парыз [1].

Қандай да болмасын ғалым өз ісін ең бірінші белгілі бір көкейтесті оқиғаның бетін ашу үшін, ақиқатқа жеткізу үшін ғылыми зерттеумен айналысады. Екіншіден, ол нағыз ғалым болса, оның үстіне елін құрметтеген адам болса, ел тарихын қалың жұртқа шынайы қалпында жеткізу, елдің даңқын көтеру мақсатында жұмыстанады. Бұл жолында еш нәрсе оған кедергі болмайды. Ғалым бар күш-жігері мен ынтасын, бар уақыты мен денсаулығын, бар білімін салып, осы еңбегін абыроймен атқаруға тырысады.

Маңғыстаулық зерттеуші Серікбол Қондыбай осындай қажырлы, әрі қайратты өлкетанушы ғалымның айқын дәлелі. Жазған еңбектерінің әр жолы мен сөзі еліне деген сүйіспеншілікке толы. Халқының тарихын әлпештеп, сонау көне заманнан күні бүгінге шейін оның әлемдегі, жер бетіндегі орны мен ролін мақтанарлық жағынан көрсетуге тырысты, көрсетті де. Ол аз болғандай, дәлелдеп те берді. Зерттеулері өте қомақты. Әлемге әйгілі ғалымдармен қоса, жаңа ғана ғылым жолына түскен жас зерттеушілердің де еңбектерін жәй оқып қана қоймай, зерттеуді барлық жағынан саралап, ішкі сараптаудан өткізе отырып, еңбектерінде пайдаланды.

«Жас дос! Өз өлкенді білу арқылы сен еліңді, бүкіл әлем елдерін білуге бастау аласың. Ал өз жеріңді сүю арқылы басқа халықтардың туған жерін де сыйлап, олардың өз туған еліне деген сүйіспеншілігінің сырын түсіне аласың» деген сөзінің өзінен-ақ ғалымның кең, әлемдік деңгейдегі көзқарасы, пейілі мен мейірімін көреміз. [2, 9] Яғни, елінің жанашыры болу әрбір халыққа тән қасиет, ол халықтардың иманы бар ерекше ұл-қыздарының адами қасиеті. Осы қасиет арқылы Серікбол Қондыбай ағамыз өзін нағыз өлкетанушы ғалым ретінде көрсете білді.

Қазақстан – Отаның болса, Маңғыстау – кіші Отаның. Отанына, туған жеріне деген ыстық сезім тәрбиеден басталады. Міне, өлкетанушы жас ұрпақтың ата-анасы іспетті, тәрбиелеуші де. Себебі, оның басты міндеті – баланың бойына, адамның бойына өлкеге деген сүйіспеншілік пен мақтанышты ұялату. Оның дәріштейтіні – әрбір адам өзгеден бұрын туған өлкесін танып, білуі тиіс.

Ал өлкетану ғылымы дегеніміз не? Бұл белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ,

биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу. Өлкетанудың зерттеу нысандарын төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке компоненттердің (геология, жер бедері, ауа-райы, топырақ және өсімдік жамылғылары, жануарлар дүниесі т.б.) олардың өзгеру деңгейі мен сипатын, табиғатта жүретін үрдістерді зерттеу;

2. Өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан кәсіптік ерекшеліктерін анықтау;

3. Өлкенің және онда тұрып жатқан халықтарының тарихы жайлы деректер, экспонаттар жинау, көне қалалар қалдықтарын, тарихи ескерткіштерді оқып-тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдермен байланыстыру;

4. Халықтың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктерін, демографиясын, топонимикасын зерттеу. [3]

Ғалымның шығармалар жинағының «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты үшінші томында осы аталған талаптың барлығы қатаң сақталған. Бұл еңбекте өңірдің атауының шығу тегі, халқының ұлттық құрамы, жер су атауы, климаты, топырағы мен өсімдік, жануарлар дүниесі, экономикалық-географиялық орны мен жағдайы, өлкенің мәселелері мен экологиясы орын тапты. Барлық бөлімдері ғылыми зерттеулерге жүгініп жазылған.

Маңғыстау түбегінің ерекшелігі мен қайталанбас қасиеттері оның халқына да дарыған. Зерттеуші Серікбол Қондыбай ол жөнінде былай дейді: «Қазақтың рулары, қазіргі терминологиямен айтқанда, аймақтық топтарының арасында ерекше стереотип қалыптастыра алған жалғыз ру ретінде осы Адайды айтуға болады. Басын ашып аларымыз адайлар тілінде, әдет-ғұрпында, түр-түсінде, т.б. ерекшелігі бар. XX ғасырда бұл айырмашылық іс жүзінде жойылып та кетті. Адам да өзгерді. Дегенмен, қазақ арасында ғасырларда қалыптасқан «Адай туралы ертегі» стереотипі сақталып қалды.

Адайды «аккөз Адай» дейді, шежірелік аңыз бойынша адайларға тентектік, оспадарлық, зорлықшыл қасиет берілген. Әрине, өз шежірелеріміз тентектікті батырлыққа, шыдамдылыққа қарай жақындатса, басқалар зорлықшылдыққа, әділетсіздікке жақындатады. Қалай болғанда да өткен заман адайларының «аккөз, тентек» деген атақты тарихи тұрғыдан орынды неменгені, сол атаққа сай болуға тырысқандығы анық...

Міне, уақыт өтті, заман өзгерді, орыс империясына бағындырылған қазақ даласы да өзгере бастаған еді. Орыс бекіністеріне жақын, сауда жолдарының бойына орналасқан қазақ ауылдары көпше де, қысқа маршрутқа көшетін болды, жартылай отырықшылыққа көше бастады. Осы тұста отырықшылана бастағандар мен көшіп-қонып жүргендер арасында тұрмыстық, т.б. айырмашылықтар көріне бастады» дей келе, ғалым түбектегі халықтың айырмашылығының негізі XVIII ғасырда жатқанын көрсетеді:

«Маңғыстау XVIII ғасырдың басынан бастап, Ресей империясының өмірлік мүддесі бар аймаққа айнала бастады... 1716 жылы Александр Бекович-Черкасский бастаған орыс әскерлері Түпқараған және Кендірлі шығанақта әскери бекіністер салды. Ал оның 1717 жылы Хиуаға жасаған әскери жорығы сәтсіздікке ұшырады. Бұл Ресейдің Маңғыстауды жаулап алуын бір ғасырдай мерзімге кейін шегерді» деген сөзінде бұл фактіге деген үлкен мақтанш сезімі бар екенін байқауға болады. [2, 41, 43, 20]

Адайлар 18 ғасырдың ортасынан бастап, Маңғыстауға қарай ұмтылып, ғасырдың басында түбекті түпкілікті неменіп болды. Қалың қазақтың кеңістігінің ортасынан емес, қиыр шалғайынан осылайша орын алуға тағдыр жазған адайлар мынадай жағдайларда тіршілік етіп, сол ортаға бейімделуге мәжбүр болды.

Біріншіден, географиялық орын ерекшелігі адайлардың 19 ғасырдағы басқа қазақтармен қоян-қолтық араласуына шек қойды... Екіншіден, климаттың қатаңдығы, жайылымның басқа аймақтарға қарағанда жұтандығы адайлардың көшіп-қону маршруттарын тым ұзақ етті... Үшіншіден, адайлардың түрікпендермен, Хиуа хандығымен көрші болуы оларды үнемі жаугерші болуға итермеледі. Бірін-бірі

барымталау, байлап әкету, су көздері мен жайылымға таласу, хиуалық жасақтардың жорықтары, 19 ғасырдың ортасында патша өкіметінің қол астында салыстырмалы түрде тыныш та бейбіт тірлікке көше бастаған қалың қазаққақарағанда, адайларды бейбіт, момын тірлікке апара алмады. 19 ғасырдың ең соңғы орыс езгісіне қарсы көтерілісі де 1870 жылы Адайда болды, қазақтағы жауынгер-жыраулардың ең соңғысы Қалнияз да осы ортадан шықты.

Территориялық окшаулық, қалалар мен транспорт артерияларынан шалғайда орналасу, сырттан төнетін қатердің жойылмауы, табиғаты қуаң, құнарлылығы төмен, суы аз жайылымдарда мал бағып, өздерін азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін адайлардың ұзақ қашықтыққа көшіп-қонуы осылардың барлығы адай мінезінің де қатаң болуын қажет етті.

Бүгінгі адай шетте қалған адам емес. Ол өзінің қазақ екендігін жақсы біледі. Адай Маңғыстауды қазақ тілді ортаға, қазақ рухын сақтап әрі қарай дамытып отыратын ортаға айналдыруы тиіс. Оған қажетті мүмкіндіктер бар. Сонымен қатар адай Маңғыстауды өз атамекенім деп есептей отырып, оның өткен шағын да өз мұрасы деп тануы, "мынау адайдыкі", "мынау түрікпендікі" деп бөлмеуі тиіс. өйткені ендігі жерде Маңғыстауда түрікпен жоқ. Олардан қалған барлық мұраның иесі, олардың жетістігі де, кемшілігі де адайдың сыбағасы болып қалды. Ендігі жерде маңғыстаулық түрікпен де, оғыз да, печенег те, алан да, дай да, массагет те «адай» болуы тиіс. Тек сонда ғана Маңғыстаулық өз жеріне, жерінің тарихына ұқыпты қарап, оны сақтауға, насихаттауға құлықты болып шығады [2, 44, 45, 46].

Ғалымның адами қасиетін жергілікті өлкетанушының атын ұмытпай, атап өтуінен де көруге болады. «Өлкенің тарихымен қатаргеографиясы, жер-су атаулары, табиғаты жөнінде құнды материалдар жинаған «бірінші өлкетанушы» Есбол Өмірбайұлының сіңірген еңбегі Маңғыстауды зерттеу ісіне қосылған үлкен үлес».

Сөзімді қорытындылай келе, өлкетанудың алға жетелеп, әрбір адамның әлемді танып білуіндегі сенімді жәрдемшісі болатынын айтқым келеді. Қазіргі кезде қоғамдық танымның бойында адамгершіліктің кеңістігін қалыптастыруға жәрдемдесетін мүмкіндіктердің бірі - туған жерге, өлкеге деген сүйіспеншілік. Бүгін де «туған өлке», «өлкетану» ұғымдары зерттеліп, зерделеніп жемісті жетістіктеріміздің бір сатысы болып отыр [4].

Ғалымның жас ұрпаққа бағыштаған мынадай сөздері бар: «Бұрын «қазыналы түбек» саналып келген Маңғыстауды тек «байлықтың қоймасы» ғана емес, өзіне тән әсем де, көрікті табиғаты бар, сезімтал да жараланғыш Маңғыстау екендігін зерттей алатын, оны түсіне, сезіне және қорғай алатын сендерсіңдер.

Әр заман өз талабын қояды. Тәуелсіз Қазақстан азаматына Маңғыстау туралы құпия сырлар жеткілікті, оны ашу, зерттеу, жұртшылыққа ұсыну, саналы ұрпақ, сенің абыройлы міндетің, парызың» деген сөзімен мақаламды аяқтағым келеді [2, 22].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. [https://massaget.kz/mangilik\\_el/48470](https://massaget.kz/mangilik_el/48470)
2. Серікбол Қондыбай. «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары». Толық шығармалар жинағы, 3 том. Алматы, Арыс, 2008.
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
4. [https://infourok.ru/lketanu\\_turaly\\_shayn\\_oy\\_esse-111987.htm](https://infourok.ru/lketanu_turaly_shayn_oy_esse-111987.htm)

УДК 94 (574) (075.8)

## **ПРОБЛЕМА КРАЕВЕДЕНИЯ В НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ С. КОНДЫБАЯ**

**Едилханова С. А.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

**Аннотация:** Основная цель статьи-анализ ценностных представлений Мангистауского ученого Серикбола Кондыбая, связанных с краеведением в его научных трудах. Обзор программы "Туган жер". Нельзя забывать, что события, произошедшие в истории Мангистау, оказали существенное влияние на судьбу каждого местного патриотического гражданина. Поэтому, как наука – краеведение, как средство воспитания сознательного поколения должно занимать высокое место и значение.

**Ключевые слова:** программа «Туган жер», Мангистау, краеведческая наука, человеческие качества, казахские роды, племя адай, генеалогическая легенда, русские крепости, "сокровищница", сознательное поколение.

ОӘЖ 94 (470)

## ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Рамазанов А.К., Құрманалин С.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

**Аңдатпа:** Мақалада алғашқы қалыптасқан қазақтың ұлттық зиялыларының шығармашыл бөлігінің қазақ елінің Ресейге қосылуының себептеріне тарихи көзқарасы талданады. Тақырып Қазақстан тарихнамасының өзекті мәселесіне арналған

**Кілт сөздер:** тарихнама, қазақ зиялылары, Ресей бодандығы, қосылу алғышарттары, қазақ билеушілері, сұлтандар

Қазақстанның Ресейге қосылуы және орыс отарына айналуы туралы мәселе Қазақ зиялыларын қатты толғандырды. Қазақ даласын басқаға тәуелді еткен бұл процеске кім кінәлі? деген сауалға жауап табу үшін қазақ зиялылары мәселенің астарына тереңдеп үнілді, көптеген еңбектер де жазды. Нақтылай түсер болсақ, бұл мәселеге байланысты қазақ зиялыларының ой-пікірлері төмендегідей бағыттарды басшылыққа алды:

- Қазақстанның Ресейге қосылуына сыртқы факторлардың, әсіресе жоңғар жаулауының әсері;

- Осы процестегі жеке тұлғалардың, әсіресе Әбілқайырдың орны мен ролі;

- Қазақ билеушілерінің және қазақтың өз арасындағы ішкі алауыздықты өршіту саясатының халықтың Ресей боданына айналуын тездету ықпалы.

Жоңғар жаулауының қазақты қандай ауыр жағдайларға ұшыратқанына баса мән берген қазақ зиялылары, тарихтан жақсы белгілі 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығына назар аударып, осы оқиғаның қазақтарды орыс боданына айналуына үлкен ықпал жасағанын атап көрсетумен болды. Бұл бағытты бірінші кезекте Шәкәрім Құдайбердіұлы қуаттайды [1, 25-26 бб].

Қасіретті 1723 жылдан басталған жоңғар қалмақтарының қазақ жеріндегі басқыншылығына көп көңіл бөлгендердің бірі М.Тынышбаев осы жылы қазақтардың күтпеген шабуылға тойтарыс беруге мүмкіндіктері болмағаны сондай, тіптен қорғану туралы әңгіме де көтерілмегенін, басты мақсат жаудан қашып құтылу болғанын, осындай зобалаңда мал, дүние-мүлік, қарттар мен балалар да жау қолында қалып қойғанын, қырып салғандарын, олардың, яғни қазақтардың тасып жатқан Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария тәрізді өзендерден өтерде суға ағып кеткендерін,

сондықтанда бұл зобалаңның қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» аталып кеткенін атап көрсетеді.

Оның айтуынша, бұл кезеңде қайыршылық пен аштық шектен шықты: қазақтар бұрын өздері жиіркене қарайтын жәндіктермен, әр түрлі шөптер тамырларымен қоректенуге мәжбүр болды. Сөз арасында М.Тынышбаев академик В.Бартольдтың төмендегідей пікірлерін келтіреді: XVIII ғасырдың 20-жылдарында жоңғар шапқыншылығынан қашқан Самарқанд тұрғындары 7 жыл (бәлкім, 1723-1730 жылдар болар) бойы қаланы мүлдем тастап кеткен. Хиуа хандығында да шамамен осы жылдары барлық елді мекендер мен жайылымдар несіз қалған. Тіптен Хиуаның өзінде 40 жанұядан артық ешкім де қалмаған. Осы қасіретке байланысты М.Тынышбаев мұнан ары Х.Досмұхамедовтың көрсетулеріне сүйенді. Мұның мазмұны қысқаша айтқанда төмендегідей: Х.Досмұхамедовке 1925 жылы Самарқанда жер болып кеткен көпес қамалын көрсеткен. Онда табылған заттық ескерткіште бұл жерді қазақтар қалмақтарды талқандаған соң, қазақ босқындары Самарқанд және Бұқара аймақтарына толып кеткен кезде жоғарыдағы көпес қамалын несі сатып алғандығы жазылған. Х.Досмұхамедовтың айтуынша ескерткіш жазуда көрсетілген мерзім «Ақтабан шұбырынды» оқиғасымен шынында да дәл келеді.

Деректерге сүйене отырып М.Тынышбаев қазақтардың 1726 жылдың соңында немесе 1727 жылдың басында ғана отрядтар ұйымдастырғанын және қалмақтарға қарсы күрескендерін атап көрсетеді: оларға қарсы алғашқы жеңістерге Бұланты, Белеуті (Торғай уезінің оңтүстік-шығыс бұрышы) өзендері жағалауларында Қара сиыр деген, кейінірек «Қалмақ қырылған» аталған жерде Кіші Орда батырлары қол жеткізген [2, 163-166 бб].

Ал енді орыс-қазақ қатынастарына мұндай қасіреттің ықпал еткені туралы айтуға бола ма деген сауалға келсек, мұны мүлдем теріске шығарушылар жоқ деп ойлаймыз. Ең алдымен мынаған назар аударған жөн тәрізді: Қалмаққа қарсы күресте әйгілі болған Абылай және Әбілқайыр тәрізді тарихи тұлғалар сәл кейінірек Ресеймен қарым-қатынаста шешуші рөл атқарды. Мұның өзі қалмақпен шайқасты Ресейге қосылуымен байланыстырып отырған жоғарыдағы Шәкәрім көзқарасында едәуір шындық бар екендігін дәлелдей түседі. Абылайдың атының шығуы туралы Шәкәрім былай деген еді: қазақтар «Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты, Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар» [1, 27 б].

Ал енді Әбілқайырға келер болсақ, М.Тынышбаев бұл мәселеге байланысты өзінің ойын төмендегіше жалғастырады: Жоңғарға қарсы шабуылдаушы үш Орданың жасақтары Ордабасы тауында түйіскен тәрізді. Өзара адал болуға ант беру де осында болғандай. Әбілқайыр осында бас қолбасы ретінде сайланып, салт бойынша құрбандыққа шалынған ақбоз ат болашақ табыстың кепіліндей болды.

Мұнан ары оқиғаның өрбуіне келер болсақ, М.Тынышбаев қазақтың үш жүзінің осы кезеңде бастары қосылғандарын және онда бас қолбасы ретінде Әбілқайырдың үлкен рөл атқарғанын осы өлкелердегі «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» және «Әбілқайыр сайы» атты жер атауларының болуымен дәлелдеуге тырысады. Ол жоңғарлармен Балқаштың оңтүстігінде болған соғыстың орнының Аңырақай атануын да «қалмақтардың анырай, зареніреген» жеңілісімен түсіндіреді. Бұл басты шайқаста М.Тынышбаевқа сүйенсек үш жүз қазақтары ортақ жауға қарсы ынтымақтаса соғысқан. Зерттеуші осы шайқаста «бас қолбасшы Әбілқайыр қарт болса керек» деген жорамал да айтылды [2, 166-167 бб].

Айта кеткен жөн, кейінгі Қазақстан тарихшыларының еңбектері бұл пікірлерге едәуір түзетулер енгізді. Мысалы үшін айтар болсақ, М.Тынышбаевтың Әбілқайырды «қарт» ретінде көрсетуі қисынсыз. Кейінгі тарих, оның 1693 жылы туғанын, яғни 1730 жылы Аңырақай шайқасында небәрі 37 жаста болғанын дәлелдеп отыр [3, 622 б].

М.Тынышбаев мұнан ары дәл осы кезеңде қазақ хандары арасында жікке бөлінушіліктің орнын алғанын, реніштің себебі қайтыс болған Болаттың орнына аға

ханды сайлау болғанын атап көрсетеді. Оның айтуынша Әбілқайыр басқарған Кіші Орда және Орта Орданың бір бөлігі Сәмеке ханның бастауымен майдан даласын тастап, орыс шекарасына қарай кетті және сонда орыстың қол астына қарады. Үлкен Орда және Орта Орданың көп бөлігі әлі де қаһарлы хонтайшамен бетпе-бет қалғандықтан кейін шегінді. Қалыптасқан ахуал туралы М.Тынышбаев былай жазады: жаңа ханды сайлау барысында «көпшіліктің таңдауы Әбілмәмбет болды да, ал Әбілқайыр мен Сәмеке өздерін ескерусіз қалдарды деп есептейді және жалпы қазаққа ортақ істі бүлдіру үшін кетіп қалды. Бұған олар қол жеткізді де» [2, 166-167 бб].

Тарихшылардың кейінгі жылдардағы зерттеулері М.Тынышбаевтың бұл қорытындысының дұрыстығын негізінен дәлелдей түсті. Рас, Қазақстан тарихшылары арасында Әбілқайырдың қалмаққа қарсы ұрыс даласын тастап кету себептерін әр түрлі түсіндіру де кездеседі [4, 80-82 бб]. Бірақ бұл біздің зерттеу мақсатымызға жатпайды.

Ал енді Әбілқайырдың Ресей қол астына қарау туралы іс-әрекетіне келер болсақ, Алаш қозғалысына қатысқан, едәуір тәуелсіз ойлайтын интеллигенция өкілдері бұл мәселеде де өздерінің пікірлерін айтқан еді. Мысалы, кезінде Ә.Бөкейханов өзінің орыс тіліндегі «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегінде Әбілқайырдың бұл әрекетіне төмендегідей баға берді: «В 1730 году султан Младшей орды Абулхаир, отчасти боясь нашествия Галдана-Цырена на свои земли, отчасти хлопоча усилить свою пошатнувшуюся от вражды между султанами власть, обратился к русскому правительству с просьбой принять его народ в подданство» [5, 49 б].

Бұл жолдарда Әбілқайырды айыптау да марапаттау да байқалмайды және мәселе түсіндіру тұрғысында жазылған. Сонымен қатар мұнан ары қарай Ә.Бөкейхан Ұлы және Орта жүз сұлтандары Абылайдың, Әбілмәмбеттің және Барақтың халық қолдауларына сүйеніп XVIII ғасырда оның билеушілері болып қалғандарын, сондай-ақ бұл жүздердегі кейбір рулардың аталған сұлтандардың балалары тұсында ғана, яғни 1782 жылдан соң, XVIII ғасыр соңына қарай орыс бодандығын қабылдағандарын атап көрсетеді.

Абылайдың өзінің саясаты туралы ол былай деп жазды: «Самый популярный среди киргизов, названный им ханом, Абылай, тщательно избегал подчинения киргизов чужой власти» [5; 49 б].

Ал М.Тынышбаев үш жүздің ханы болып Әбілмәмбеттің сайлануына байланысты Әбілқайырдың онымен қатынасының шиленісе түскенін, ал бұл қазақтың екі тобының арасын алшақтатып, мұның өзі Әбілқайырды орыс шекараларына қарай көшіп, оның бодандығын қабылдау туралы келіссөздер бастауға және өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қамал алып беруді сұрауға мәжбүр еткенін тұспалдайды [6, 197 б].

Алайда сталиндік тоталитарлық кезеңде, орыс ұлтын көтермелеу орын ала бастағанда, Әбілқайырдың орыстармен қарым-қатынасы мәселесіне аса сақтықпен баға беруге тура келді. Мұны біз таптық бағытты ұстанған С.Асфендияровты оқығанда айқын байқаймыз. Ол бұл мәселені Ресей архивтеріндегі құжаттардан сөзбе-сөз үзінділер келтіру арқылы түсіндіреді, ал Әбілқайырдың бұл әрекетіне баға беруден бас тартады [7, 148-150 бб]. Сонымен қатар ол, қазақ жерлерінің Ресейге бірігуіне бірінші кезекте «үстем тап» өкілдерінің мүддесі болғанын дәлелдеуге күш салып, мәселеге барынша таптық тұрғыдан қарауға тырысады.

С.Асфендияров Ресейге қазақ жерінің қарауы туралы мәселенің бастауында билеуші аристократтар тұрғанын барынша «дәлелдей» тұрса да бұл мәселені егжей-тегжейімен жүйелі баяндай алған жоқ. Тегінде ол Ресейге қосылу процесіне терендеп барар болсам, марксизмге сәйкес келмейтін жаңсақтыққа ұрынармын деп күдіктенсе керек. Алайда бұл мәселе кезінде қазақтың алғашқы журналы «Айқап» бетінде Мұхамеджан Сералиннің «Қазақ қай заманда Россияға қосылған» деген атпен жарық көрген мақаласында едәуір жан-жақты баяндалған еді [8, 49-52 бб].

М.Сералиннің бұл мақаласының құнды жағы 1738 жылдың 3 августында Татищевке ант берген ру ақсақалдарының руларын және ру ішіндегі аталарын көрсетіп,

нақты атап жазуы дер едік. Тізім бойынша барлығы 56 адам көрсетілген. Көптеген мәліметтер беретін бұл мақаланың бір үлкен кемшілігі біздің ойымызша автордың өзінің жеке көзқарасын жазбауы, яғни осы мәселеге өзіндік баға бермеуі дер едік. Мысалы, жоғарыдағы Ресей өкіліне ант бергендер тізімін айта келе М.Сералин былай деп қорытынды жасайды: «Мінеки, осы аталарымыз себебінен біздің қазақ халқы Россия императорының қол астына қараған екен. Бұл адамдардың әрбіреуі бұл күнгеше халық арасында ұмытылмады, Һәм нәсіл кәсіптері де шынжыр қатар болып, бақ-дәулетке бұл күнге шейін ие болып келе жатыр [8, 52 б]. Ресейге қосылу мәселесін қостайтынын немесе бұған қарсы екендігін айқындау аса қиын. Тегінде, кезінде «Айқапта» жұмыс жасағандар осыған байланысты өз пікірлерін ашық айтудан қаймыққан.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ зиялыларының көзқарасына талдау жасағанда тағы бір аңғартатынымыз, қазақ билеушілері арасындағы өзара алауыздықты қазақтың басқаларға бодан болуының басты себептерінің бірі ретінде көрсету болып табылады. Мәселені тағы да «Айқап» журналынан бастар болсақ «Қазақ емес» деген бүркеніш атпен жазған автордың «Қазаққа алалық қайдан келді» деген мақаласын алуға болады.

Мақала авторы қазақтың саяси және шаруашылықтық тұрғыдан алауыз болу себептерінің оны Ресей қол астына итермелегендігін дәлелдеуге тырысумен ғана шектелмейді. Мұнда қазақтың ру-руға және жүздерге бөлінуінің де жағымсыз рөл атқарғанын ескертеді. Осыған байланысты мынандай пікірді оқимыз: «Қазақтың ала болушылығының үшінші себебі де бар. Мұнысы қазақтың ұру-ұруға бөлінуінен туған алалық. Мұны орысша айтқанда «Социальный устройствдан» келген алалық деуге болады. Арабша айтқанда «әжітмағы» қалпынан туған алалық. Қазақ болған жерде қазақ жігітіне өз жұмысынан соң өзінің ұруласының, жүздесінің жұмысын жұмыстамақ әдет бойынша міндет. Кісі өлтірсе құн алмақ, құн бермек, әйелдің байы өлсе жақын, ағайындасына жесір болып үлеске түспек. Қалың малы төленіп қойылған қыз сүйгеніне кетсе, «жесір» кетті деп ел болып намыстанып атқа мінбек, жиын-той, асқа барғанда ақсақалдар арашаларына қарай сый-құрмет көрмесе ашу-жанжал шығару секілді толып жатқан неше түрлі әдеттер қазақтың арасына түскен жікті күшейтпесе, қазақтың басын біріктіретін қалыптар емес. Қазақта «намыс» деген бір жаман әдет бар. Баяғы қазақшылық заманда талай атыс-шабысқа, талай қырғын-сүргінге себеп болған, бұл күнде бұл әдет біткен жоқ. Сайлау жұмыстарында намыс үшін шашылған пұл... әр алты миллион қазақты мүлдем жұртшылықтан шығарып бара жатыр... Қазаққа алалықтың саяси, экономикалық, социальный деген үш түрлі жолменен кіргендігі» [9, 173-174 бб].

Бұл айтылғандардың ащы шындыққа негізделгенін мойындаған жөн болар. Мәселенің байыбына нақты мысал негізінде көз жеткізер болсақ, М.Тынышбаевтың қазақ хандарының өзара алауыздықтары туралы айтқандарына да назар аударуға болады. М.Тынышбаев өзінің пікірін Левшиннің еңбектеріне сүйеніп айтқандығын білеміз.

М.Тынышбаевтың Әбілқайыр мен басқа қазақ билеушілері арасындағы алауыздық туралы пікірі жалпы алғанда күдік туғыза қоймайды деп ойлаймыз. Ал енді осындай қырғи-қабақ қатынас Әбілқайырды орыс бодандығын қабылдауға итермелеген басты себептерінің бірі болды деген қорытындыға келер болсақ, бұл мәселе біздіңше, тарих ғылымында әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді.

Оның үстінде қазіргі кезеңдегі тарихшылар арасында да бұл мәселеде әр түрлі көзқарас бар екені белгілі. Мысалы, И.Ерофеева өзінің «Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик» деп аталатын еңбегінде бұл мәселе жөнінде төмендегідей пікір айтады: «Все известные сегодня исторические документы и народные предания казахов XVIII – XIX вв. не подтверждают, на наш взгляд, совершенно надуманную гипотезу о далеко зашедшей конфронтации и тем более – разрыва отношений Абулхаира с правителями жадиковского дома непосредственно в послепослеанракайский период ( т.е. 1729-1730 гг.). При этом было бы неверно полностью игнорировать достоверно установленный факт взаимной неприязни между ханом Младшего жуза и более

родовитыми казахскими чингизидами, т.к. быстрое возвышение представителя новой династии, не имевшей прямой генеалогической связи с правящим кланом, создавало благодатную почву для роста недовольства старой знати, вынужденной по воле обстоятельств поступиться своим двухвековым лидерством и довольствоваться второстепенной ролью в военно-политической, жизни региона. В то же время нет никаких оснований и для того, чтобы преувеличивать степень глубины и морально-психологический эффект этих междоусобных ссор и идентифицировать их как некое бескомпромиссное противостояние, якобы завершившееся разрывом» [10, 154 б]. Бірқатар тарихшылар И.Ерофееваның бұл көзқарасымен келісе қоймайды. Негізінен «Айқапта» жазылғандай, қазақ билеушілерінің өз арасында, әсіресе төре тұқымдары арасында билікке байланысты алауыздықтың, сондай-ақ, қазақтың өз арасында ру-руға бөлініп, жүздерге бөлініп айтысудың қазақ әсіресе Ресейге қарай бастағанда өрши түскені құпия емес. Мұндай ұнамсыз құбылыстың белең алуына Ресей патшалығының күйтырқы саясатының себеп болғаны да белгілі. Бұл туралы кезінде «Айқап» журналында жарық көрген қазақ зиялыларының бірінің мына еңбегіндегі [11, 255 б] пікір өте құнды. Ресей билеушілерінің қазақты өзіне басыбайлы ету үшін неше түрлі арандатушы саясат жүргізгені рас. Бұдан қазақ халқының арасына алалық кірді, халықтың бірлігіне сына қағылып, сызат түсті.

Мақалада айтылғандардың ащы шындық екендігін кейінгі қазақ тарихшыларының еңбектері талай рет нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетті. Сондықтан бұл айтылғандарға күмәнданудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Отаршылдықтың аты отаршылдық. Патша үкіметі қазақ елін құлдануда барлық саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани шаралардың әдіс-тәсілдерін қолданды.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ, ХХ ғасырдың алғашқы бөлігіндегі қазақ интеллигенциясының еңбектерінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- Қазақ халқының Ресей құрамына енуіне сыртқы фактордың, яғни жонғар шапқыншылығының ықпал жасағаны рас. Бірақ оны бұл мәселеде жалғыз және басты себеп ретінде сипаттауға болмайды;

- Ресей қол астына қарау процесінің басында Кіші жүз ханы Әбілқайыр тұрды. Оның Ресейге сүйеніп жалпы қазаққа хан болуды көздеген әрекетін жеделдете түскен тағы бір себеп оның басқа қазақ билеушілерімен, сұлтандарымен алауыздық қарым-қатынасы еді.

- Қазақ билеушілерінің өзара алауыздығы, әсіресе Ресей патшалығының қазақты ру-руға бөліп, оларды өзара арандату саясатын жоспарлы жүргізуі қазақ халқының Ресей боданына айналуын тездете түсті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. – 80 б.
2. Тынышпаев М. Киргиз-казахи в 17 и 18 веках (Дополнение к «Материалам к истории киргиз-казахского народа»). – В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 б.
3. Қасымбаев Ж. Әбілқайыр // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1999. – 720 б.
4. Ирмуханов Б. Казахстан: историко-публицистический взгляд. – Алматы: Өлке, 1996.
5. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранные). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 б.

6. Тынышпаев М. Ақтабан шұбырынды (Великие бедствия и великия победы казахов). В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 б.
7. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 304 с.
8. Сералин М. Қазақ қай заманда Россияға қосылған // Энциклопедия «Айқап». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. – 367 б.
9. Қазақ емес. Қазаққа алалық қайдан келді // Энциклопедия «Айқап». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. – 367 б.
10. Ерофеева И. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. -336 с.
11. Қарасартбаласы Жардай. Қазаққа алалық қайдан келді // Энциклопедия «Айқап». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. – 367 б.

УДК 94 (470)

## ВЗГЛЯДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ПРЕДПОСЫЛОК ПРИСОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА К РОССИИ

Рамазанов А.К., Құрманалин С.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** Тема статьи относится к историографии истории Казахстана. В ней описывается вопрос периода колонизации в работе рассматриваются труды национальной интеллигенции периода присоединения казахских земель к России конца XIX-начала XX в.в.*

***Ключевые слова:** Историография, казахская интеллигенция, подданство России, предпосылки присоединения, Абулхайыр хан, казахские правители, султаны.*

ОӘЖ 908(571.1)

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ АРАЛАСУЫ (1937-1945 ж.ж)

Қайралы Қ.Қ., Рысбеков Т.З.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

***Аннотация:** Мақалада 1937-1945 жылдар аралығында Батыс Қазақстан аймағына жер аударылған кәріс, неміс, шешен, ингуш т.б халықтардың шаруашылыққа орналасып еңбекке араласуы жөнінде және халық шаруашылығының дамуына үлес қосқандығы жайлы айтылады.*

***Негізгі сөздер:** Жер аудару, шаруашылық, құрылыс, қоныс аудару*

Депортациялау шарасы негізінен үш бағытта жүрген болатын. Біріншісі - жоспарлы түрде, Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібін дамыту үшін, яғни, ел экономикасын көтеруге бағытталып көшірілген жұмыс күші. Екіншісі - әлеуметтік топтарды қудаланып депортациялау. Үшіншісі- ең сорақысы, ұлттық белгіге қарап, күштеп көшіру. Оған Батыспен Шығыстан да, Орталық пен Таулы аймақтардан да

көптеген ұлттар кірді. Олардың салт-дәстүрі де, тілдері де, тұрмыс-тіршіліктері де күтпеген жерден өзгерді.

КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 1937 жылы 28 қыркүйектегі №1647-377 сс «Корей халықтарын Қиыр Шығыстан қоныс аудару» туралы құпия қаулысында 1937 жылы қазанға дейін бірінші кезекте кәріс халықтарын қоныстану керектігі жөнінде айтылады. Негізінен осы Батыс Қазақстан бойынша - 12000 шаруашылық орналастырған. Ал, 1937 жылы 8 қазанда Гурьев округтік комитетінің бюросы және округтік атқару комитетінің президумы округ бойынша корей жанұяларын қабылдауға шешім қабылдады. Мысалы: Теңіз ауданына-500 жанұя, Жылқосыға - 270, Есболға - 100, Гурьевке - 660, қалған 340 жанұяны аудандардың ауылдары мен селоларына шаруашылыққа орналастырылу көзделді деп жазады. Корейлерді кәсіпорындарға және мекемелерге - 240 отбасы орналастырылғандықтан олар тұрғылықты тұру үшін уақытша пәтерлерді жалға берушілер арқылы келісім жасап ақы төлеген [1].

1937 жылы желтоқсан айында Қазақстан Компартиясы Гурьев округтік комитетінің бюросы және Гурьев округтік атқару комитеті президумының қаулысында Гурьев округіне кейін 1266 жанұя балық зауыттарына және Теңіз, Гурьев аудандарының колхоздарына орналасқаны және келгендерден 654 адам Гурьев қаласында қолөнер, өнеркәсіп кооперациясы жүйесіндегі мекемелерге жұмысқа орналасқан [2].

1937 жылдан бастап №1571-356 сс Халық Комиссарлар комитетінің қаулысында шаруашылыққа қажетті 21000 құрылыс материалдары жіберілген. Қоныс аударушы шаруашылықтары үшін республикасы бойынша жүк көлігі - 60, жеңіл көлік - М1-3, трактор - 45, 60 - эшелон жіберуді Халық комиссарларына міндеттелген [3].

Тарихи деректерге қарағанда, 1937 жылы қаңтар айынан бастап, батыстан депортацияланған халықтар арнайы дайындалған жерлерге орналастырылды. Мәселен, Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімімен 28 наурыз - 2 сәуір аралығында 115 колхоз кәрістер шаруашылығы орналастырылды. Батыс Қазақстан Облсполком төрағасының мәлімдемесінде Батыс Қазақстан облысы бойынша шаруашылықтар Приуралье ауданы бойынша бұл ауданда облыстың жоспары бойынша 30 корейлік шаруашылық ұйымдастыру жоспарланған болатын, нақты орналасқаны Завет Ильча-27, Режим-9, Факел-7, Им.Луначарского-7, Новая деревня-5, Им.Ленина-3, Красный Октябрь-2, День урожая-1, Спартак-1, Красный Урал-2, Красный Октябрь-1 жалпы 65 шаруашылықтары орналасқан. Теректі ауданы бойынша жоспарланған корейлік шаруашылық жоспар бойынша қолданыстағы 115 корейлік колхоз жоспарланған болатын, олар: Чапаев № 1 - 22, Хлебобоб - 20, Им.Калинина - 15, Буденный - 11, Завет Ильича - 11, Им. Шевченко - 7, Им.Мирзояна - 10, 13 лет Октября - 6, Трудовик - 6, Путь Ленина - 8, Запорожье - 4, Жаңа Таң - 1, нақты 121 шаруашылық, жер телімдеріне 1201 шаруашылық бөлінген. Бөрлі ауданы ұйымдастырылып жоспарланған 26 шаруашылық. Олар: На страж - 9, Им. Кирова - 5, Им. Крупской - 8, Победа - 4, Труд Крестьянина - 4 нақты ұйымдастырылғаны 30 шаруашылық. Ал Ілбішін ауданы бойынша ұйымдастырылып жоспарланған 90 шаруашылық, нақты ұйымдастырылғаны жергілікті колхозға 142 шаруашылық және дербес 29 шаруа қожалықтары ұйымдастырылған, барлық ұйымдастырылғаны 171 шаруа қожалықтары. Олар: Трудовик - 66, Родниковый -35, Им. Чатаева - 18, Искра - 2, Сов. Степь - 19, Чуйков - 2, Ленинский путь - 29 шаруа қожалықтары болған. Тайпақ ауданы бойынша ұйымдастырылған корейлік шаруашылық болған жоқ, бірақ районда 17 шаруашылық, колхоз келісімімен және аймақтық ұйымдармен Гурьев ауданынан Якорь колхозына барған. Барлық облыс бойынша ұйымдастырылған 259 шаруа қожалықтары болған, олардың нақты ұйымдастырылғаны 404 [4].

Ал, 1938 жылы 22-ші қыркүйегінде Қазақ КСР Халық комиссариаты кеңесі мен Орталық комитетінің №33/110 «Қоныс аударуға басшылық жасау мен ауыл шаруашылық және балық колхоздарына қоныс аударушыларды шаруашылыққа орналастыру туралы» қаулы пайда болды. Қаулыда қоныс аударуды ұйымдастыру және

оған басшылық жасау, ауыл шаруашылық колхоздарына қоныс аударушыларды толық шаруашылыққа орналастыру, жерлерді пайдалануға қамтамасыз ету, балық аулайтын колхоздарда үй және өндірістік құрылысты басқару Егіншілік халық комиссариатына тапсырылды.

Қоныс аударуды оперативтік басқару және көшкендердің шаруашылығын ұйымдастыру үшін Егіншілік халық комиссариатының құрамынан 1938 жылдың 20-ші қыркүйегінен бастап Қоныс аудару басқармасы құрылды. Қоныс аудару басқармасына мынадай міндеттер жүктелген болатын: қоныс аударудың жер қорларын анықтау, шаруашылықтарды нақты орналастыру, жерлерді пайдалануға дайындық жүргізу, жерді суландыруға бақылау және тексеру жүргізу, қоныс аударушыларға үй, өндірістік, мәдени-тұрмыстық құрылыстардың жүргізілуіне оперативтік және техникалық басшылық жасау, қоныс аударған колхоздардың шаруашылығын ұйымдастыру, колхоздарға қоныс аударушылардың шаруашылығын нығайтуға бөлінген қаржыларының жұмсалыуына бақылау орнату [5]. Ал 1938 жылы 1 қазаннан бастап қалдырмай облыстар мен аудандарға қоныс аударушылардың орналасуын тексеру үшін жауапты қызметкерлерді іссапарға жіберу көзделді [6].

1938 жылы 3 наурызда Халық Комиссарлар Комитетінің "Ақтөбе облысына корей шаруашылықтарын орналастыру туралы" қаулысына сәйкес Ақтөбе облысында 1285 шаруашылық, оның 1000 шаруашылығы Ярмұхамедов совхозына, 285 шаруашылық қалған өнеркәсіп, мемлекеттік кооперативтік мекемелерге және МТС-ға орналастырылған. Бұл Ярмұхамедов совхозына уақытша шаруашылықтарды жайғастыра отырып, оларды қадағалау облыстық атқару комитетіне тапсырылды. Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданынан Ярмұхамедов совхозына 183 корей шаруашылықтары көшіп келген. Дәл қазіргі уақытта, Ярмұхамедов совхозында дербес кәріс колхоздары келіп орналасқан. Атап айтсақ, Сталин атындағы колхозда 258 шаруашылық көлемінде болса, оның ішінде корейлердің ескі 91 шаруашылығы және Қармақшы ауданынан келген 87 шаруашылық бар. «20 лет Великого Октября» колхозына 44 шаруашылық қоныстандырылды. Барлығы 222 корейлік, 36 қазақ шаруашылығы. Жоспарланған осы 277 шаруашылықтарына 12835 гектар жер телімі пайдалануға беру жоспарланған. «20 лет Великого Октября» колхозында 2 пункте 42 қазақ шаруашылығына құрылыс жүргізілмеген. Себебі, біріншіден, шаруашылықтарды сумен қамтамасыз етпеген, екіншіден кәріс шаруашылықтарына жұмысшы қажет болған. Ал III интернационал колхозына 207 шаруашылық келген. Бұнда 83 шаруашылық корейлердікі болса, Қармақшы ауданындағы «Новый мир» колхозынан 93 шаруашылық келген. Барлығы 179 корей, 28 қазақ шаруашылықтары жайғасқан. III интернационал колхозына мал шаруашылығы үшін ірі қара мал берілген және 12433 гектар жер бөлінген. Шіліктісай колхозына жалпы 115 шаруашылық, олардың 80 корей, 34 қазақ шаруашылықтары болды. Осы кезеңде 88 шаруа қожалығына корей шаруашылықтарындағы тұрғындар үшін үй салу жоспарланған. «Красный октябрь» колхозында 177 шаруашылық, олардың 65 корей шаруашылықтарының бұрынғы құрамы, Тұщыарық колхозынан келген 14 шаруашылық бар. Жалпы 70 корей, 38 қазақ шаруашылықтары болған. Аталған колхоздағы депортацияланғандар үшін 552 тұрғын үй салу көзделген. Бұл үшін құрылысқа қосымша колхоздарға Қызылорда облысынан 183 отбасы қоныс аударылған [3].

Қиыр Шығыстағы кәрістер ұлттық ерекшелік бойынша қуғындалудың ауыр зардабын көргендердің алғашқысы, олар 1935 жылы, сосын 1937 жылы қуғынға ұшыраған болатын. 1936 жылдың ақпанында Украинадан Қазақстанға 15 мың неміс және поляк колхоз шаруашылығы көшірілді. 1937-1938 жылдардың соңында Қазақстанға Армения мен Әзірбайжаннан көшірілген күрдтердің, армяндардың, түріктердің, ассириялықтардың және өзге де ұлттардың 1 121 шаруашылығы орналастырылды. Қарашада осы аудандардан республикаға екі мың жанұялы ирандықтар көшірілді.

Олардың барлығы Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары территорияларынан пана тапты. Батыс Қазақстанға иран шаруашылықтарын көшіру көзделмеді [7].

Бақсай ауданына, ауылдық аймаққа Редут, Сорочинка, Сарайшық, Жалғансай, Томан, Бақсай, Карман, Яман, Көктоғай ( Жайық өзенінің оң жағалауы) – 325 шаруашылық, олардың ішінен корей балық колхозы «Павлов» және «Авангард» - 240 шаруашылық көлемінде, ауданда қолданыстағы балық аулау шаруашылықтары - 85 шаруашылық.

Гурьев қаласында корей балық аулау колхозында III –Интернационал – 80 шаруашылық, мемлекеттік балық аулау өнеркәсіптерінде: Ук Треста ( балықзауыты) жүйесі бойынша – 100 шаруашылық. «Каганович» комбинатының жүйесінде (станционарлық балық шаруашылығы): Каменный, Камынин, Самовий т.б. – 80 шаруашылық және Гурьев мотор балық шаруашылық станциясы – 35 шаруашылық. Осы шаруашылықтар бойынша кооперативті кәсіпорындар жүйесінде (артелдер) – 50 отбасы, мемлекеттік кооперативтік мекемелер мен ұйымдарда -56 отбасы орналасқан.

Есбол ауданында, ауылдық жерлерде: Өрлік, Кулагин, Гребенщик, Елтай, Горск, Индер – 120 шаруашылық болған [2].

Анализ факторов, приведенных выше, логично приводит к выделению двух видов субтитров: первые, воспроизводят речь персонажа на языке, на котором снят фильм (обычно используют при показе фильмов для зрителей с ограниченными способностями); другие, являются переводом фильма на язык, понятный зрителю, т.е. язык, носителями которого являются люди, составляющие зрительскую аудиторию данного кинофильма [2]. При этом, второй вид субтитров, несомненно, представляет для нас интерес с точки зрения практики перевода при обучении иностранному языку. Изучение данного вопроса требует рассмотрение как перевода фильма в целом, так и перевода кинофильмов с помощью субтитров.

Переводчик фильмов готовит текст для дальнейшего дубляжа или закадрового перевода, создания субтитров. Техник перевода бывает много, ведь профессиональные лингвисты, переводя фильм, используют монтажные листы, фрилансеры переводят на слух, расшифровывая видеоряд, печатая текст в файле Microsoft Word. Переводчик фильмов обязан сохранять в секрете свой труд, ведь он первым будет узнавать о сюжете киноновинок.

Если у переводчика есть монтажный лист или скрипт на языке оригинала, то необходимо сверить его с аудиовизуальным материалом, при необходимости исправив ошибки, расшифровав и добавив в текст недостающие элементы. Если такого материала нет, то переводчику необходимо расшифровать и записать текст необходимого аудиовизуального материала.

При субтитровании перед переводчиком встает ряд проблем, связанных не только с основными требованиями к субтитрам, но и с действиями на экране. Основные требования к субтитрам включают в себя следующие:

Отображение субтитра.

Вследствие ряда физиологических особенностей восприятия зрителем информации, а также технических особенностей воспроизведения аудио- и видео материала, создание и размещение субтитров на экране подчиняется следующим требованиям, которые должны учитываться при переводе кинофильма с помощью субтитров на иностранный язык [3].

1. Субтитры располагаются внизу, по центру или слева. Исключение составляют японские, китайские и корейские субтитры, которые могут располагаться сбоку.

2. Количество строк субтитров при одновременном появлении в кадре не должно превышать двух. Это объясняется тем, что текст субтитров не должен перекрывать изображение, особенно это касается телевизионного экрана, размеры которого существенно меньше киноэкрана. В случае, если субтитры состоят из двух строк, они должны быть как можно более равными по длине, так как это более удобно для восприятия.

3. Количество символов мотивируется физическими способностями человека. Среднестатистический зритель читает информацию медленнее, чем она воспроизводится в речи персонажей.

4. Субтитры должны появляться на экране и исчезать синхронно букв строке не должно превышать 40, что звучанием речи. Существует ряд компьютерных программ (например, Aegisub), которые синхронизируют звучание речи и субтитры. Их анализе аудиозвука кинофильма отдельно от изображения и сопоставлении его с субтитрами. Продолжительность показа субтитра на экране зависит от продолжительности звучания речи. Несмотря даже при очень коротких фразах продолжительность показа. Настоящее время действие основано на на это, субтитров не должна резко отличаться от средней продолжительности.

5. Слова, которые интонационно выделены в речи, в субтитрах должны быть выделены графическими средствами (например, курсивом). Также особенности пунктуации субтитров, Я внимание следует уделить употреблению восклицательных знаков и многоточий.

6. При переводе кинофильмов с помощью субтитров переводиться должна вся информация, имеющая прагматическое значение, т.е. информация, влияющая на восприятие рецептором текста перевода и отношение к нему. Например, тексты песен, которые могут быть оставлены без перевода при дубляже, должны быть переведены в субтитрах[4].

Переводчик сталкивается с теми же проблемами при переводе субтитров, что и при переводе обычных текстов. Однако, при работе с субтитрами, перед переводчиком встает проблема стилистических особенностей «скрипта», а также в разнице языковых картинах мира носителей языка оригинала и языка перевода. Поэтому одной из наиболее острых проблем для переводчика являются эквивалентность и адекватность перевода.

Исходя из всего вышесказанного, основная проблема переводчика при подготовке текста к субтитрованию – достичь удобства восприятия субтитров при помощи правильного размера субтитра. Необходимо использовать переводческие трансформации, поскольку наблюдаются две противоположные тенденции: текст оригинала превышает объем текста перевода или текст перевода превышает по объему текст оригинала. Причины данного явления следующие: 1. Русский язык – синтетический, в отличие от аналитического английского, по этой причине в русских словах большее количество слогов, соответственно, объем текста больше; 2. Английскому языку свойственны полные предложения, в том числе и в разговорной речи, в то время как в русском языке используются неполные предложения и эллипсис.

Следовательно, текст перевода может получиться более кратким, нежели оригинал. При подготовке текста перевода для дублирования, необходимо произвести адаптацию текста на разных уровнях, чтобы текст перевода заменил собой текст оригинала, тем самым создавая иллюзию того, что аудиовизуальный текст был изначально создан на языке оригинала. Иногда необходимо полностью перерабатывать текст для создания этой атмосферы. Нельзя не отметить то, что дубляж более требователен к длине фраз и их укладке в речь персонажей.

Целесообразность использования перевода кинофильмов с помощью субтитров обосновывается рядом преимуществ (по сравнению с другими методами перевода): а) Сохранение художественной ценности кинофильма, возможность оценить настоящий голос, манеру, интонации, в то время как дубляж теряет некоторые из этих составляющих, как в силу технических причин, так и из-за низкой квалификации или адаптации актеров, озвучивающих перевод. б) Этот вид перевода позволяет зрителю, обладающему некоторыми языковыми знаниями, самому понять основной сюжет из содержания диалогов, что, несомненно, повышает самооценку и стремление к изучению иностранного языка. в) Фильмы с субтитрами экономически более выгодны, так как требуют вовлечение в процесс перевода меньшего количества людей и, соответственно, такие фильмы выходят на прокат гораздо раньше, чем при дубляже. Среди недостатков можно выделить трудность восприятия. Далеко не каждый зритель способен следить за картинкой на экране и читать текст субтитров внизу кадра. В заключении отметим, что перевод кинофильмов с помощью субтитров является широко распространенным способом перевода. На основании жанровых особенностей субтитров следует учитывать художественный вид перевода, его особенности, а также технические требования к представлению субтитров на экране [7]. В образовательных целях субтитры, возможно, и нужно использовать для практического изучения иностранного языка, основанного на подсознательной реакции человеческого организма следить за строчкой перевода на экране. Не вызывает сомнений то, что живое общение данным методом обучения вряд ли заменит, но в качестве дополнительного языкового практикума по тренировке слуха и контролю посредством текстового перевода, безусловно, представляется полезным и эффективным.

В заключение следует ответить на один важный вопрос: в чем ценность субтитров? Ответ прост: перевод на несколько языков увеличивает зрительскую аудиторию. Будь то кинофильм или авторское видео, они будут доступны для просмотра многим зрителям или пользователям. Кроме того, благодаря процессу интернационализации субтитров отпадает необходимость создавать несколько видео на разных языках. Такие сервисы, как Authôt: Online transcription and subtitling application, Subtitle Workshop, Gnome Subtitles, Ayato 3, Jubler, OmegaT, Aegisub Advanced Subtitle Editor, автоматически транскрибируют и переводят субтитры более чем на 40 языков, предлагают такие дополнительные функции, как проверка орфографии, редактирование, предварительный просмотр и т. д. [6]. Субтитры требуют меньше затрат денег, времени и других ресурсов, подходят для обучения иностранным языкам, не изменяют оригинальную звуковую дорожку, но их целевая аудитория ограничена.

#### **Список литературы:**

1. Алексеева И.С. Введение в переводоведение: учебное пособие для филологических и лингвистических факультетов вузов. – Санкт-Петербургский гос. ун-т. – 4-е изд., стер. – М.: АКАДЕМИЯ; СПб.: Филологический ф-т СПбГУ, 2010. – 368 с.
2. Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. М., 1988. - С. 215.
3. Топер, П.М. Перевод в системе сравнительного литературоведения / П.М. Топер. М. : Наследие, 2000. - С. 254
4. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. – М.: Р. Валент. — 2011. — 410 с.

5. Тюленев С.В. Теория перевода: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 2004. – 336 с.
6. [https://www.profguide.io/professions/perevodchik\\_filmov.html](https://www.profguide.io/professions/perevodchik_filmov.html)
7. <https://www.alba-translating.ru/ru/ru/articles/2019/lyubanets-shilo-kopytich-2019.html>

**ОӘЖ 800**

## **СУБТИТРЛЕРДІ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛЕКТЕРІ**

**Кенжеғалиева Д.Р.**

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аннотация:** мақала субтитрлерді қолдана отырып фильмдерді аудару мәселесіне арналған. Шет тілін оқытуда аударма тәсілінің маңызы көрсетілген. Фильмдерді аударуда дубляжбен салыстырғанда субтитрлерді қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Субтитрлерді орыс тіліне аударғанда лексика-семантикалық, грамматикалық және лексикалық-грамматикалық қайта құрылулар талданады.*

***Кілт сөздер:** субтитр, аудиовизуалды аударма, ерекшеліктер, субтитрование, кинопродукция, киноперевод, монтажный лист, скрипт.*

**УДК 612. 789**

## **СПОНТАННАЯ РЕЧЬ КАК РАЗНОВИДНОСТЬ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ**

**Исанова Л.А.**

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** статья посвящена спонтанной речи как разновидности устной диалогической (монологической) речи. Рассматривается ее двойственный характер. Описываются фонетические особенности спонтанной речи, ее структура.*

***Ключевые слова:** речь, общение, языковые средства, просодия, хезитация, синтагма, темп, диалог.*

Разговорная речь - это феномен, существующий главным образом (или исключительно) в рамках устной разновидности этноязыка. При определении функций разговорной речи обычно исходят из того, что её основные функции направлены на удовлетворение непосредственных потребностей повседневного общения людей.

С фонетической точки зрения спонтанная речь может быть представлена как речь с более “размытыми” характеристиками звуковых единиц. Это свойство спонтанной речи связано в первую очередь с тем, что она характеризуется, как речь, подготовленная (чтение, например). Кроме того, в непосредственной речевой деятельности говорящие нередко перебивают себя, повторяя одно и то же слово, вставляя в речь паразитарные звуки, прерывают свою речь непонятной синтаксически и длительной паузой.

Второй причиной фонетической “размытости” спонтанной речи является смысловая избыточность, возникающая за счёт контекста и допускающая большую вариативность фонетических реализаций значимых единиц [1].

Спонтанная речь рассматривается как разновидность устной диалогической (монологической) речи, отличающейся тем, что участники диалога не готовятся к акту общения, не обдумывают заранее того, что намереваются высказать [2]. Спонтанная речь носит как бы двойственный характер. С одной стороны, ей свойственна

неподготовленность (спонтанность), с другой стороны, говорящие пользуются готовыми, закреплёнными в системе языка формами. Выбор этих форм происходит в непосредственном акте общения. Отсюда вытекают и особенности спонтанной речи.

1. В спонтанной речи, как ни в одной другой разновидности речи, слиты воедино языковые и неязыковые средства передачи мысли и чувства (жест, мимика).

2. Это объясняет некоторую «свёрнутость» спонтанной речи: обилие эллиптических и незаконченных фраз, возрастание коммуникативной роли просодии [5].

3. Неподготовленность спонтанной речи ведёт к появлению различного вида хезитаций, число которых возрастает с возрастанием напряжения или сложности обсуждаемого вопроса. Характер хезитаций зависит от ряда обстоятельств. Так, по наблюдениям Дж. Рагсдейла, с возрастанием волнения возрастает количество повторов, заиканий, замены фраз [6]. Заполненные хезитационные паузы часто свидетельствуют о том, что говорящий не хочет упускать инициативу в ведении беседы. Они являются своеобразным показателем того, что говорящий ещё не всё сказал. Хезитации свойственны не только взволнованной речи, но часто встречаются и в спокойной и даже замедленной речи. Иными словами, говорящий прибегает к хезитационным паузам или повторам не только для того, чтобы отыскать нужное слово или фразу, но и, по-видимому, для придания своему высказывания большей весомости. Хезитация - неотъемлемая часть спонтанного высказывания и должна рассматриваться как структурная особенность спонтанной речи, её норма. Чаще хезитации возникают в начале или середине фразы [4]. Однако эти паузы могут возникнуть и на стыке фраз. С возрастанием количества стереотипных фраз (клише) уменьшается количество хезитаций.

4. Структура спонтанного диалога определяется характером взаимоотношений говорящих. Здесь могут быть намечены четыре типа:

1) говорящий имеет возможность высказать свою мысль полностью; слушающий его не перебивает;

2) партнёры по диалогу меняются ролями;

3) оба участника проявляют инициативу в говорении (одновременное говорение). Следует отметить, что время одновременного говорения обычно не превышает 2-3 секунды. В этом также проявляется временная закономерность, регулирующая длительность речевого высказывания;

4) оба участника не проявляют инициативы в говорении; наступает молчание. Обычно после этого происходит либо смена темы разговора, либо обсуждаемая тема начинает освещаться в новом аспекте.

5. В спонтанной речи нет строго плана в выборе тем. По началу разговора не всегда можно предсказать его конец, но в развитии диалога можно усмотреть определённые закономерности.

Вопрос этот изучен мало, и здесь много неясного, но первое, что обращает на себя внимание, это то, что говорящие долго не останавливаются на одном вопросе [9]. Либо происходит смена темы разговора, либо обсуждаемая тема рассматривается в разных аспектах. Смена тем или её аспектов происходит регулярно. В этом устанавливается своеобразная периодичность.

6. Спонтанной речи чужда «гладкость» (fluency). Отсутствие «гладкости» (non-fluency) в речи часто становится сигналом к смене реплик и может служить маркером границ реплик [7]. Некоторая «шероховатость» является её нормой. Норма эта довольно вариативна и зависит от ситуации общения. В более серьёзной обстановке речь становится более «гладкой» и чёткой.

7. Для спонтанной речи характерны короткие фразы, преобладают простые предложения, нередки эллиптические и неоконченные фразы. Отсюда и преобладание короткой синтагмы. Для спонтанной речи характерны как полные, так и неполные синтагмы.

8. В спонтанной речи наблюдается большее разнообразие мелодических моделей, для которых типична мелодическая изрезанность. Наряду с простыми тонами часты и сложные тоны. Из шкал, кроме нисходящей и ровной, типичны также скользящая и скандентная. Темп речи нестабильный. Часты контрастные смены темпа.

9. Смена фонационных отрезков и пауз придаёт спонтанной речи своеобразную ритмичность. По наблюдениям Дж. Шварца и Дж. Яффе, длительные паузы сменяют короткий фонационный отрезок и наоборот.

Всё сказанное выше необходимо для понимания природы и структуры спонтанной речи и даёт ключ к пониманию её ритмической организации.

Темп спонтанной разговорной речи зависит от ситуации [3]. Однако, сравнивая темп разговорной речи с чтением диалогического текста, можно отметить, что темп разговорной речи несколько замедлен по сравнению с темпами чтения. Это обстоятельство объясняется тем, что при разговоре обдумывание темы разговора происходит, так сказать «на ходу» [8]. При чтении же происходит процесс осмысления и воспроизведения уже готового текста. Темп спонтанной речи носит нестабильный характер. Очень часты растяжки слогов и слов при выражении неуверенности и при эмфазе. Контрастные темпоральные переходы делают речь подвижной и выразительной.

#### Список литературы:

1. Л. А. Асеева. Модификация акцентных моделей многосложных слов в чтении и говорении. Автореферат. – М.: 1990.
2. А. М. Антипова. Ритмическая система английской речи. - М.: Высшая школа, 1984. - 63-72 с.
3. А.М. Антипова. О ритме английской речи. Иностранные языки в школе - 1985 - №5. 55-61 с.
4. Л. В. Бондарко Фонетическое описание языка и фонологическое описание речи. Л., 1981
5. Л. Р. Зиндер. Фонология и фонетика. В кн.: Теоретические проблемы советского языкознания. М., 1968
6. Т. М. Николаева. Семантика акцентного выделения. - М., 1981.
7. Н. Д. Светозарова. Фонетика спонтанной речи. - Л., 1988.
8. Г. П. Торсуев. Константность и вариативность в фонетической системе (на материале английского языка). - М.: Наука, 1977. - 3-4с., 77-86с., 118-123с.
9. Д. А. Шакбагова. Фонетические особенности произносительных вариантов английского языка. - М., 1982.

ОӘЖ 612. 789

## ӨЗДІГІНЕН, ДАЙЫНДЫҚСЫЗ СӨЙЛЕУ – АУЫЗША СӨЙЛЕУДІҢ БІР ТҮРІ

Исанова Л.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

*Аннотация:* мақала ауызша диалогтық (монологтық) сөйлеуге арналған. Бұл ретте оның қосарлы табиғаты қарастырылған. Және сонымен қатар сөйлеудің фонетикалық ерекшеліктері мен құрылымы да сипатталған.

*Кілт сөздер:* сөйлеу, қатынаста болу, лингвистикалық құралы, просодия, хезистация, синтагма, шатиандық.

ӘОЖ:81.362

## ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ АТАУЛАР ҚОЛДАНЫСЫ

Ахметова М.К., Маннап Ф.Р.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

**Аннотация.** мақалада қиял-ғажайып ертегілеріндегі адам болмысын ашып, мәтіндегі түрлі хабарды беруге қатысатын дене мүше атауларының қолданысы қарастырылады.

**Кілт сөздер:** ертегілер, соматика, соматикалық лексика, тілдік бірліктер.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері – болмысты архаикалық кезеңдердегі мифтік таным-түсінікпен байланысты танытын, адам табиғатын, қоршаған дүниені шынайы өмірдегідей баяндаудан гөрі қиялдағы бейнесін сипаттауға ұмтылатын халық ауыз әдебиеті жанрларының ерекше бір түрі. Қиял-ғажайып ертегілерінде адам бейнесі түрлі жағымды, жағымсыз кейіпкерлер арқылы сомдалып, әр қырынан ашылады. Адам, адамға қатысты атаулар, басқа да лексика-семантикалық (кеңістік, мезгіл т.б.) тілдік бірліктер ертегі мәтінінің семантикалық құрылымын түзіп, мәтіндегі фактологиялық, астарлы, концептуалды хабар жеткізеді. Осы мақалада қиял-ғажайып ертегілеріндегі адам болмысын ашып, мәтіндегі түрлі хабарды беруге қатысатын дене мүше атауларының қолданысы қарастырылады.

Соматикалық лексика – кез келген тілдегі универсалды, көне лексикалық қабатқа жататын сөздер. Соматика терминін тіл біліміне алғашфинн-угор тілінің маманы Ф.Вакк енгізген. Ол эстон тілінің фразеологиясын зерттеу барысында адамның дене мүшесін білдіретін сөздерді соматикалық лексика деп атаған[1]. Соматикалық атаулар отандық, шетелдік зерттеушілер тарапынан семантикалық, құрылымдық жағынан идиографиялық, номографиялық әдіс-тәсілдер арқылы қарастырылды. Қазақ тіл ғылымында дене мүше атауларының синонимиясы [2], сөзжасамдық қабілеті [3], фразеологизмдерді жасаудағы ұйытқы сөз ретінде қызметі, әлемнің тілдік бейнесіндегі сипаты[4, 5] т.б. зерттелді. Дене мүше атауларының фольклорлық мәтіндердегі қолданысы арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады. Сондықтан ертегілердегі дене мүше атауларының жұмсалымдық сипатын айқындау осы мақаланың негізгі мақсаты болып саналады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері құрылымында жиі қолданылатын соматикалық атауларға мыналар жатады: *бас, бет, тіл, маңдай, көз, құлақ, мұрын, ауыз, ерін, иық, төс, іш, арқа, жамбас, өкпе, жүрек, қол, саусақ, шынтақ, аяқ, бармақ, тізе.*

Жинақталған тілдік деректер қиял-ғажайып ертегілеріндегі соматизмдердің түрлі қызметте жұмсалатынын көрсетті. Олар:

1) Лексикалық тура мағынасында қолданылады. Мысалы: *басын кесу, шүңірек көз.*

2) Тұрақты тіркес компоненті құрамында кездеседі. Мысалы: *көзді ашып-жұмғаныша, жүрегі жарылу.*

3) Кейіпкердің мінезін ашу, оны ерекшелейтін қасиетін көрсету үшін қолданылады және кейіпкердің атын білдіреді (*желаяқ, жалғыз көзді дәу*).

4) Сиқырлы әрекеттің орындалуы барысында қолданылады. Мысалы: *аузын күбірлету.*

Қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін соматикалық бірліктердің ішінен адамның «бас» бөлігіне қатысты соматикалық атауларды қарастырайық. *Бас* – адам денесінің кеудеден жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі [6, 10]. *Бас* – адам денесінің

доминант бөлігі болып саналады. Себебі бұл бөлікте адамның ішкі дүниесін сыртқы ортамен байланыстырушы, ойлау, сөйлеу секілді т.б. әрекеттерді басқаратын ми орналасқан. Адамзат тамынында жоғары жақ жағымды ұғыммен байланыстырылады, сондықтан «бас» киелі деп те танылады. Халық түсінігінде адам өміріне қауіп пен қатер төнгенді, қуанышқа, бақытқа кенелгенді білдіру үшін адамның «бас» дене мүше атауымен байланысты қолданылатын тіркестер қалыптасқан. Мысалы: *басына қатер төну, басына бақ қону, басынан бағы таю*.

Сөйлеуде «бас» соматизмінің ақыл, өмір сөздерімен мағыналас жұмсалатын тұстары да кездеседі. Мәселен, қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде кейіпкердің «басы» оның тұтас өмірімен байланысты ұғынылады. Көптеген ертегі сюжетінде негізгі кейіпкерге патша не патша қызы тарапынан орындалуы, шешілуі қиын тапсырма беріледі де, орындай алса, сый-құрметке ие болатыны, орындай алмаса, басынан айырылатыны ескертіледі. Мысалы: *Сонда сыйлық беремін, ал таба алмасаң, басыңды аламын, - дейді хан балаға* [7, 122].

Ертегідегі ұнамсыз кейіпкерлердің жасаған жағымсыз істері бас қаһарман тарапынан әшкереленеді, нәтижесінде олар өлтіріліп, басы кесіліп алынады. Көріп тұрғанымыздай, *басын алу, басын шабу, басын кесу* қиял-ғажайып ертегілерінде жазаның ең ауыр түрі ретінде танылады. Бірақ бұл тіркес барлық ертегілерде бірдей әділетті жазаның түрінде емес, залым ханның әділетсіз жазасы не зұлымдық иелерінің қастандығы ретінде де көрінетін тұстары кездесіп қалады. Мысалы: *Ханға қызыңды бер десең, ол саған ашуланып басыңды алады зой* [7, 45]. *Ол кісі есіктен шығысымен мен айбалтамен басын шауып тастадым* [7, 58].

Қиял-ғажайып ертегілерінде *бас* дене мүшесі атауы қасиетті ұғым ретінде де танылады. Оны қиял-ғажайып ертегілерінде кейіпкерлердің бағалы заттарын бас жағына қоюларынан аңғаруға болады (*басына қойып жату, басына жастап жату*). Оның астарында асыл, құнды заттарды жоғарғы бас жаққа қою арқылы қауіп-қатерден, ұрлықтан сақтауға болады деген ой аңғарылады. Мысалы: *Алтын құсты алтын қапасапен өздерінің бас жағына қойып, өздері жұмсақ шөптің үстіне жатқан* [7, 25].

*Бас* дене мүшесі атауы ертегіде «бақ» сөзінің мағынасымен байланысты ашыла түседі. Қазақ ұғымындағы *басыңа бақ қонсын* деген тілдік бірліктің уәждемесінде халықтың мифтік танымы көрініс береді. Халық кімде-кімнің басына киелі дәуіт қонса не құс қонса, бақытқонады деп болжаған және соған сенген. Ертегілерде бақыт құсының басқа келіп қонуын арханкалық кезеңдердегі тотемдік таныммен байланысты түсіндіруге болады. Мысалы: *Сонда дәулет құсы ұшып баланың басына қонып, бала сол елге хан болып қалады* [7, 163]. Бұл ертегіде айналасындағыларға тек жақсылық ойлап, адал жолмен жүретін жетім баланың басына киелі әрі сиқырлы дәулет құсы қонып, соңында патшалыққа хандық құрып, бақыттығұмыр кешетіні баяндалады.

Ертегіде *бас* лексемасы *көтермеу* болымсыз мәнді етістікпен тіркесіп келіп, адамның шарасыз, салы суға кеткен физиологиялық, эмоциялық жай-күйін білдіреді. Ертегі кейіпкерлерінің бір балаға зар болған ішкі жан дүниесінің қиналысын сипаттауда да қолданылады. Мысалы: *Патша Хасанның өлгенін естіп, қатты қайғырып басын көтермей күн-түн жатып алады* [7, 80]. *Түнде көзі ұйқыға ілініп кетсе, түсінде үш пері адам болып келіп: «Хан, басыңды көтер, қолыңды жай, Құдай сенің тілеуіңді берді, еліңе қайт!» - дейді де гайып болады* [7, 75]. Сонымен қатар ертегілерде *басы түсіп жүру, басы салбырау* т.б. синонимдік тіркестері жиі қолданылады. Бұлар адамның қайғы үстіндегі, негативті эмоциясын білдіруде жұмсалады. Ертегідегі кейіпкердің сыпайы, ұяң мінезін бейнелеуде *басын төмен түсірді, басы көкірегіне кірді* секілді тілдік бірліктер кездеседі. Мысалы: *Көкірегіне басын тыға, сүйемен жасап берді* [7, 212].

Келесі соматикалық атау – бет. *Бет* – бастың алдыңғы жағы [8, 17]. *Бет* - адамның ажары, оның сұлулығын айқындап тұратын дене бөлігі. Халық ұғымында ұялған адам *беті қызарды, бетіне оты шықты* деп сипатталады. Мысалы: *Дәл осы кезде бетіне*

*өртше лаулап қан жүгіреді* [7, 338]. Қиял-ғажайып ертегінің бұл сюжетінде жеңгелері қызды сүйікті ғашығының алдына алып шығады. Берілген сөйлемде *бет* соматизмі сол сәттегі қыздың қатты ұялғанын, ұяндығын ажарлап көрсету үшін қолданылған. Немесе: *Сұлулығы соншалық, бетіне қарасаң көзіңнің жүзі таяды екен* [7, 305]. Бұл мысалда *бет* атауы адамның келбетін, әдемілігін сипаттауда жұмсалып отыр.

*Бет* соматизмі қиял-ғажайып ертегілерінде магиялық іс-әрекеттің орындалуы барысында негізгі элемент ретінде декатысады. Сиқырлы топырақ, су секілді ғажайып тылсым күшке ие заттар ертегі сюжетінде көбіне кейіпкер бетіне шашылады. Осы магиялық іс-әрекет арқылы кейіпкер белгілі бір аң түріне айналып кетеді не, керісінше, қайта өз қалпына келеді. Кейбір тұстарда бетіне түрлі сиқырлы заттардың тиюі арқылы бас қаһармандар өліп-тіріледі. Мысалы: *Мұны көріп, Ақбай кейін шегіне бергенде, қыз бір уыс топырақты Ақбайдың бетіне шашып жіберіпті. Қыз жеті жұрттың тілін білетін дуахан-сиқыршы екен* [7, 15].

Ертегіде *бет* атауымен қатар жүзсинонимі жұмсалады. *Бет* – жүз; адамның көз, мұрын, ауыз орналасқан алдыңғы жағын білдіреді [9, 139]. Мысалы, *Ол патшаның үйіне келіп, тамақ ішіп отырған кезде жүзін орамалымен сүрткен екен...* [7, 206].

«Бас» дене бөлігі кіші өрісіне енетін келесі соматикалық атау – *маңдай*. *Маңдай* – бастың жоғары жағының алдыңғы бөлігі [10, 66]. Қазақ танымында *маңдай* дене бөлшегі атауымен «тағдыр» сөзі өзара мағыналас бірліктер ретінде ұғынылады. Тілімізде оны айқындайтын *маңдайға жазғаны* деген тұрақты тіркес бар. Мысалы: *Тәңірі тағалам, біздің несібемізді әзелде маңдайымызға жазып қойған болар, сол несібеміз таусылғанда өлерміз* [7, 356]. *Бұл біздің маңдайымызға жазылған сор екен* [7, 262].

Ертегі мәтіндерінде *маңдай* соматизмі денеден, теріден бөлінетін сұйықтық атауы *терсөзімен* тіркесіп келіп, адамның *маңдай тері* тіркесі адал еңбектің көрінісін, ауыр жұмыстың нәтижесін білдіру мағынасында жұмсалады. Мысалы: *Маңдайының терін бір сытырып, жан-жағына қараса, таң да сарғайып атып қалыпты* [7, 131]. Бұл мысалда ертегі кейіпкерінің *маңдай тері* оның уайымынан, қажымай, талмай еткен еңбегінен хабар береді.

Ертегілерде кездесетін келесі соматикалық атау – *көз*. *Көз* соматизмінің мағынасы көру қабілетімен, айналадағы қоршаған болмысты, ондағы алыс-жақын заттар дүниесін танып, қабылдаумен байланысты болғандықтан, тілдік қолданыста қашықтық өлшем атауларын жасауда тұрақты тіркестің компоненті ретінде қатысады. Мысалы: *Алдарынан көз көрім жерде бір тау көрінді* [7, 146]. *Сонан тірі жетім Бекболат зарлап келе жатса, көз ұшында бір үй көрінеді* [7, 199].

Сонымен қатар *көз* соматизмі (*ауыз* сөзі де) адамның сыртқы және ішкі жан-дүниесінің сұлулығын білдіретін тіркес құрамында қолданылады. Әйел затының асқан сұлулығы фольклорда дәстүрлі түрде *ай десе аузы, күн десе көзі бар* деген тұрақты тіркеспен сипатталады. Мысалы: *Оның әйелі ай десе аузы бар, күн десе көзі бар асқан сұлу адам болыпты* [7, 335]. Сонымен қатар ертегіде *көз* соматикалық атауы сын-сапа мәнді сөздермен тіркесіп, кейіпкердің жағымсыз бейнесін сомдауда да жұмсалады. Мысалы: *Шүңірек көз қара кемпір* [7, 219].

*Көз* атауы ғажайып, сиқырлы әрекеттерді орындауда негізгі элементтің бірі ретінде қатысады. Сонымен байланысты қиял-ғажайып ертегілерінде «көзді жұму» және бір сәттен кейін «көзді ашу» магиялық мәнге ие тіркестер ретінде жұмсалады. Бұл уақыт аралығында кейіпкердің қалаған арманы не тілегі орындалады. Мысалы: *Көздеріңді жұм – депті, үшеуі көзін жұмып ашса, баяғы қатып қалған шаһарда хан сарайының алдында тұр екен* [7, 229].

Келесі мысалда *көз жасы* тіркесі сиқырлы күшті иеленіп, қолы жоққа қол бітіреді: *Екі қолы жоқ сорлы әйел шырылдап жаны қалмай қаушаңдап, шолақ қолымен суға кеткен екі баланы ұстай алмай, көп қорлық көрді. Сөйтіп, жүргенде ол бейшараның көз жасына кенеттен қол бітіпті* [7, 276]. Бұл жерде адамның «көз жасының» қандай күшке, құдіретке ие екенін танытады. Ертектің шынайы көз жасты төгу арқылы арман-

тілектің орындалу мүмкіндігіне тыңдаушысын иландыруға тырысады. Сонымен қатар *көз жасы* тіркесі қуаныш пен қайғыны, халықтың арман-тілегін білдіру үшін әртүрлі мағыналарда жұмсалады. Мысалы: *Жігіт қайғыра бастады һәм қызды патшаға бергісі келмей жігіттің көзінен жастары домалап-домалап түсе бастады* [7, 25]. *Бұрынғы әке-шешесі емес, кәрілік басып, оның үстіне баласының қайғысы қосылып, бір көзінен қан, бір көзінен жас ағып отырған әке-шешесін көрді* [7, 146]. Мұндағы көзінен бір көзінен қан, бір көзінен жас ағу тұрақты тіркесі орын алған жағдайды әсірелеп сипаттау үшін қолданылып отыр.

Ертегілерде *көз соматизмі құрту, жою* болымсыздық мәнді етістіктерімен тіркесіп келіп *өлтiру* мағынасында да қолданылады. Бұл - жоғарыда айтылған «басын алу» тіркесімен өзара мәндес болып келетін тілдік қолданыс. Дегенмен ертегі баяндауында «басын алу» жаза түрінде қолданылса, «көзін құрту, жою» тіркесі - алдынала ұйымдастырылған, қастандықтың бір түрін меңзейді. Мысалы: *«Қайткенде, Хасанның көзін жою керек, содан кейін құсты өзіміз тауып алып келдік дейміз», – дейді* [7, 80]. Берілген мысалдардан көз соматикалық атауының жұмсалымдық өрісінің кеңдігі байқалады.

Адамның есту мүшесінің атауын білдіретін *құлақ* сөзі қиял-ғажайып ертегілерінде сирек қолданылады. Мысалы: *Бірақ ұлдары етегінен алып, Құдайдың құтты күні жармасып, оның құлағына маза берменгі* [7, 311]. Мұндағы *құлаққа маза бермеу* тіркесі жалпы адамға маза бермеу, оның тыныштығын алу мағынасында жұмсалған. Шынайы өмір мен оның тілдік бейнесінің арасындағы байланыстың соматизмдер арқылы берілуі, адамның өзінің де сол қоршаған ортаның, яғни шындық өмірдің бір бөлігі болып табылатындығын дәлелдейді. Тіл арқылы адам реалды өмірдегі үрдістерді, көңіл-күй, сезімдерді сипаттап қана қоймай, өзі де сол әлемнің бір бөлшегі ретінде көрініс табады.

Фольклорда мифтік бейне ретінде қабылданатын кейіпкер – Сакқұлақ атауының жасалымында *құлақ* соматизмі ұтымды қолданылады. Алыстағыны жанындағыдай еститін ерекше қабілеті бар кейіпкер атауында *құлақ* сөзі әсірелеп бейнелеу үшін жұмсалған. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкердің сыртқы бейнесін сипаттауда да *құлақ* соматемасы қолданылады. Мысалы: *Бір күні аңнан қайтып, үйіне таяп қалғанда, сол жердегі бір құндықтың маңынан екі көзі тостағандай, екі құлағы тебінгідей бір қара дию кезігіп, екеуі алыса кетіпті* [7, 280].

Адамның дем алатын және иіс сезетін мүшесінің атауы - *мұрын* [9, 362]. Бұл соматема қиял-ғажайып ертегілерінде бірлі-жарым сөйлемдерде кездеседі. Мысалы: *Бір заманда бір мұрыны жоқ келді. Майлықараша айтты, мұрыны жоққа: «Иіскеші, – деді, – не бар екен?»* [7, 115]. *Мұрны жоқ* кейіпкер атауы бүтіннің орнына бөлшек қолданылып, синекдоха тәсілі арқылы жасалып отыр. Кейіпкерге мұндай атау оның мұрнының жоқтығынан беріледі. Ертегі мазмұнында *мұрны жоқтың* иіскеп білетін қабілеті ерекше болғандығынан, ағалары оның дарақасиетін көре алмай, осы дене бөлігін кесіп тастайды. Сол себепті кейіпкер *мұрны жоқ* деп аталып кетеді. Келесі мысалда *екі мұрнынан қан кетутұрақты* тіркесінің бір компоненті ретінде *мұрын* соматизмі қолданылған. Бұл тіркес адамның физиологиялық тұрғыда қатты қиналғанын не ауыр салмақ көтеріп шаршағанын аңғартады. Мысалы: *Кезек дәуге келгенде, дәу баланы көтере алмай, екі мұрнынан дерек-дерек қан кетеді* [7, 146].

*Ауыз* – адамның тамақтанатын мүшесін білдіретін атау [8, 611]. Ауыз соматизмі тілдік қолданыста *жұмған аузын ашпау, аузына ие болу* тіркестерінің құрамында жұмсалып, сыр сақтау, абайлап сөйлеу деген мағыналарды білдіреді. Бұл *ауыздың* тамақтанудан басқа да қызмет атқаратындығына мысал бола алады. *Ауыз* дене мүше атауы ертегі мәтіндерінде сенімділік мәнін де білдіреді. Мысалы: *Бай айтты: «Зымырық тасты алып бер, мысық оны ұрлап кетер, аузыма салып жатайын». Бай зымырық тасты аузына салып ұйықтады* [7, 89].

Ауыз ертегілерде сиқырды жүзеге асыруға қатысатын бірден-бірбасты құрал болып саналады. Жын-пері, дию, сиқыршы кейіпкерлер барлығы магиямен байланысты іс-әрекет орындау барысында міндетті түрде аузын күбірлетіп, арнайы сөз айтып, дұға оқиды. Мысалы: *Аузын күбірлетті де, жерді теуіп қалды. Осы кезде Хасан киікке айналды* [7, 80]. Бұдан ауыздан шыққан сөздің киесі болады деген астарлы мән қоса ұғынылады.

Ауыз дене мүшесіне қатысты *ерін* лексемасы ертегілерде өте сирек кездеседі. Мына мысалда кейіпкердің сыртқы портретін жасауда жұмсалған: *Келсе, әлгі қыз жоқ, ерні қалың, қабағы түксиген бір сары қыз отыр екен* [7, 97].

*Тіл* – адамның дәм сезетін, сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы негізгі мүше атауын [11, 601] білдірумен қатар, ақпарат таратушы, ішкі ойды сыртқа шығарушы құрал мағынасында да жұмсалады. Осымен байланысты қиял-ғажайып ертегілерінде артық әңгіме таратпасын деген мақсатта «*тілін кесіп алу*» деген жаза түрі қолданылады. Мысалы: *Банағы қызды әкелген адам көрінген әлі жеткен адамдардың тілін кесіп алды* [7, 313]. *Тілін кесіп алу* тіркесі бұл жерде хан қызының басынан өткен жағымсыз жағдайдың халық арасына тарап кетпеуін алдын алу үшін жасалған іс-әрекетті білдіріп отыр.

Ертегілерде *тіл* соматизмі адамның ішкі эмоционалдық жай-күйін жеткізуде жұмсалады. Мысалы: *Жаңағы адам қорыққанынан сөйлей алмай тілі күрмеліп қалды* [7, 102]. *Тілдің күрмелуі* тіркесі адамның ішкі қорқынышын, *тіліңді тарт* тіркесі билеушілердің сөзіндегі бұйыру мәнін білдіреді. Мысалы: *Тіліңді тарт мен пенде емеспін* [7, 146].

Келесі ертегіде *тіл* дене мүшесі атауының мәтіндегі қызметі мүлдем басқа қырынан көрінеді. Мысалы: *Қатын басына шығып айдаһар болып ысқырады, көктен жаңбыр жаудырып, тілін жерге салып жібергенде қырық құлаш мұнардан тілі жарты құлаштай жерге тимей тұрды* [7, 190]. *Тілдің* мүмкіншілігін, мағынасын асыра сипаттап, гиперболалық әсер беріліп тұр.

Сонымен, ертегі мәтінінің мазмұндық құрылымын түзуде дене мүше атаулары лексика-семантикалық тобына жататын сөздердің қатысып, олардың тура лексикалық мағынасымен қатар, басқа да тілдік бірліктермен тіркесіп келіп, ауыспалы, бейнелі мағыналарда да жұмсалатыны сипатталды. Қиял-ғажайып ертегілерінің жанрлық сипатына сәйкес сиқырмен байланысты оқиғаларды жүзеге асыруда дене мүше атауларының бір элемент ретінде қолданылатыны анықталды. Бұл соматикалық атаулардың қиял-ғажайып ертегілеріндегі жұмсалымдық өрісінің кеңдігін, ауқымдылығын көрсетті.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Вакк Ф. О соматической фразеологии в современном эстонском языке: автореф. дис. канд. филол. наук. – Тарту, 1964. – 22с.
2. Жидебаев Қ. Қазақ тіліндегі синонимдер // Қазақстан мектебі. – Алматы, 1976. – №4. – Б. 91-93.
3. Қоқышева Н.М. Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүше атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер: канд. дисс. ... автореф. - Алматы, 2001. - 28 б.
4. Нағасбекова Б.С. Соматикалық фразеологизмдердің көпмағыналығы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. - №7/8. – Б.185-188
5. Нұржанова А.Б., Оспанова Б.О. Тілдік дүние бейнесіндегі «көз» соматизмінің фразеологикалық өрісі // Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2014. - №2. – Б.143-146
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. – Алматы: Арыс, 2011. – 744 б.
7. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 74. – Астана: Фолиант, 2011. – 432 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. – Алматы: Арыс, 2011. – 744 б.

9. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.  
 10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. – Алматы: Арыс, 2011. – 752  
 11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Алматы: Арыс, 2011. – 800

УДК: 81.362

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОМАТИЧЕСКИХ ИМЕН В ФЭНТЕЗИЙНЫХ СКАЗКАХ

Ахметова М. К., Маннап Ф. Р.

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Астана

*Аннотация.* в статье рассматривается употребление названий частей тела, участвующих в передаче различных сообщений в тексте, раскрывающих человеческую сущность в сказках-фантазиях.

*Ключевые слова:* сказки, соматика, соматическая лексика, языковые единицы.

ӨОЖ: 947.084 (574.2)

## МӘМЛҮКТЕР БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ АРАБ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Шекербекова М.С., Абилхайыров Н.З.

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент қ.

*Аннотация.* Бұл мақалада автор арабтардың өмірі мен әдебиетін, сонымен қатар мамлюктердің билігі кезінде Мысыр аумағындағы ғылымдағы жетістіктер мен жаңалықтарды қарастырады.

*Кілт сөздер:* мамлюктер, араб әдебиеті, әдеби тіл, тарих.

Мәмлүктер дәуірінің әдебиеті туралы араб жазбагерлерінің қаламынан туған дүниеліктер көп емес, десе де соңғы кезде бұл салада доктор Мухаммад Кәміл Хусайн, доктор Әбдул-Ләтиф Хамзә және ұстаз Махмуд Ризқ Сүләйм секілді біраз ғұламалар сенді бұзды. Бұл кісілердің соңғысы осы тақырыпта энциклопедиялық еңбек жазды. Алайда, біздер қолымызға түскен және бізге қол жеткізу мүмкін болған еңбектерден ғана пайдалануға мәжбүрміз. Еліміз “мәдени бағдарлама” аясында мәдени-ғылыми тұрғыда жаңа, соны еңбектер жазылып жатқан бір мезгілде мәмлүктер дәуірінің әдебиеті туралы сөз қозғау қисыны келіп тұр деп ойлаймын[1.5].

Араб әдебиеті әдеби және халықтық болып екіге бөлінеді. Уақыт өте келе әдеби тілді әдебиетте көп нәрсе ұмытылып, теріліп сұрыпталып жатады, ал халықтық әдебиеттің негізін орысша **народный говор** деп аталатын әдебиет құрайды[1.6].

Ауыз әдебиетінде көп нәрсе кең қамтылады, жан-жақты баяндалады. Халықтық әдебиетте шумақтық өлеңдердің (**әл-муашшах** - **المُشَجَّح**) үйреншікті қалпы көп сақтала бермейді, оған еркін түрде өзгерістер ендіріледі. Бұл дәстүр Ибн Құзман әл-Андлсидің әрекетімен бастау алды да кейін ол Мысыр, Шам және өзге араб Шығысына тарады. Нәтижеде араб әдебиеті халыққа түсінікті және олар сүйіп һәм ұйып тыңдайтын халге келді, өйткені әдебиет тілі халықтың мұң-мұқтажын өз тақырыбына айналдырды, қуаныш пен қайғысын бөлісті. Патша сарайларында жүретін шайырлар енді халық арасына келіп, өз қажеттерін алып отыруға дағдыланды, тақырып байыды. Сол себепті сол заманның тынысын дәл тауып өлеңге қоса білген шайырлар кәсіби негіздегі атактарымен белгілі болды. Мысалы, Әл-Жаззар (қасап), Әл-Уаррак (қағаз жасаушы), Әл-Хаммами (моншашы), Әс-Со-иғ (бояушы), Әл-Хаййат (тігінші), Әл-Аттар (әтірші, иіс май сатушы), Әл-Кәххал (сүрме сатушы немесе жасаушы) және т.б. [1.7].

Өлеңдермен қатар қара сөздің де неше алуан түрлері пайда болды. Ғылыми, әдеби, әлеуметтік тақырыптарға жазылған еңбектердің анық саны белгісіз. Диуандық хаттар

(мемлекет, не мемлекет қайраткерлері бір-біріне жазысатын хаттар), достық сәлемдер, мақаматтар (новеллалар), қияли һәм шынайы қысқа мазмұнды қиссалар мен тәмсілдердің түрлері тым көп еді. Осындай мұралардың көпшілігі әлі күнге қолжазба түрінде сақталғандығын атап айтуға тиіспіз.

Бұл жазбалардың көпшілігі мәмлүктердің ерліктері, отан қорғау саласында жанқиярлық пен ерліктің неше алуан үлгісін көрсеткендері жанды түрде суреттеледі.

Қазіргі араб әдебиетінің бір тармағы ретінде араб әдибтері (әдебиетшілері) мәмлүктер дәуірінің әдебиетімен айналысса, біздер оны төл тарихымыздың бір тармағы ретінде қабылдаймыз. Мәмлүктер билігінің басталуы: һижри 648 жылы Мысырда (салыстырма ретінде: 656 һижрада милади 1258 жылы Бағдад халифаты құлады) билік тізгіні Иззуддин Айбектің қолына өтті. Аюбилер билігіне сырттан шармықшылар (крестілер) қатер төндірсе, билікке таласушылар өзара қырқысып мемлекетті әлсіретті. Аюбилердің ең соңғы билеушісі Нажмуддин Салих Нилдің бір аралындағы “Рауза” аталатын бекіністе мәмлүктерден құралған арнаулы әскер ұстады. Нажмуддин оларды “бахри” деп атады. Осы кезде батыстан шармықшылар, шығыстан Шыңғыс ханның шапқыншы жасақтары қаптап келе жатты [2.339].

Мәмлүктер фараңдарға (француз), манғұлдар мен шармықшыларға (крестілерге) қарсы күресте кереметтей жеңістерге жетті. Түркі жастарын осы кезде екі қырынан көруге болатын, не тілімен әдеби салада айтарлықтай із қалдырады немесе оның жау-жарағының сипаттары, жеке басының кейбір көзге түскен көріністері беріліп жатады [1.15].

Мәмлүк билеушілері сыртқы жауға қарсы халықты топтастырып, қажет іс-шараларды көрді. Мешіт-медреселер, хадис оқытылатын үйлер салдырды. Ғұламалар мен шариғаттанушылардың кеңестерін де молынан пайдаланды [2.339].

“Араб батырлары” тізбегімен шығарылған кітаптың 6-сында Бейбарс осы шайқаста камикадзелердің рөлін атқарып, тікелей өздерін құрбандыққа байлап шыққан және Кетбұғаның жауынгерлерін аяусыз қырған деп көрсетуі де ескеруге тұрарлық. Фрат шайқасындағы жеңісті бір араб ақыны былай деп жырлайды:

نُفِدِيهِ بِالْأَمْوَالِ وَالْأَهْلِ حَرَارَةَ الْقَلْبِ مِنَ الْمُغْلِ	الْمَلِكُ الظَّاهِرُ سُلْطَانُنَا إِقْتَحَمَ الْمَاءَ لِيُطْفِئَ بِهِ
--	--

Заһир патша біздердің сұлтанымыз,  
Оған құрбан қыламыз мал мен жанды.  
Манғұл салған күйікті жүректегі,  
Өшірмек боп өзенге атын салды [1.20].

Ибн Ән-Накиб Фрат шайқасын былай суреттейді:

شجرناه منا بالقوى والقوائم الى حيث عُدنا بالغنى والغنائم	ولمّا ترامينا الفرات بَحِينَا فَأَوْقَفْتِ التِّيَّارَ عَنْ جَرِيَانِهِ
---	--

Фратта аттылармен атысқанда,  
Қолдадық оны күшпен, барымызбен.  
Өзеннің ағысы да тоқтап қалды-ау,  
Қайтар жолда олжамен, арымызбен.

Осы шайқаста кемелер қатынайтын ағысы қатты өзеннен мәмлүктердің жалдап өтіп, жауды өкшелей қыруы – айтулы оқиға болды. Манғұл қолдарын аяусыз қанға бөктірді. Бұл жолы мәмлүктерді өзенге бастап кірген де, манғұл жасағын түре қуған да Бейбарыстың өзі еді. Ақынның “қолдадық оны күшпен” деп отырғаны осы оқиғада барлық мәмлүк жауынгерлері мен арабтардың тізе қосып шыққан күшінің жауға жұмыла соққы беруін бейнелейді.

Мухаммад ибн Юсуф әл-Мехмандар былай деп жырлайды:

وَالْخَيْلَ تَطْفَحُ فِي الْعِجَاجِ الْأَكْدَرِ كَشْفَا لِأَعْيُنِنَا قِتَامَ الْعَثِيرِ وَوَهَى الْجَبَانُ وَسَاءَ ظَنُّ الْمُجْتَرِي فَوْقَ الْفِرَاتِ وَفَوْقَهُ نَارٌ تُرِي	لو عاينت عيناك يوم نزالنا وسنا الأسيئة والطبأ وقد أطرَحَمَ الْأَمْرُ وَاحْتَدَمَ الْوَعْيُ لِرَأَيْتَ سَدًّا مِنْ حَدِيدٍ سَائِدَا
--	---

ورأيت سبيل الخيل قد بلغ الزبي  
 لما سبقنا أسنهمًا طاشت لنا  
 لم يفتحوا للرمي منهم أعينًا  
 فتسابقوا هربًا ولكن ردهم  
 ما كان أجرى خيلنا في أثرهم  
 وجرت وجوههم على وجه الثرى  
 والظاهر السلطان في آثارهم  
 ذهب العجاج مع النجيع بصقله  
 ومن الفوارس أبخرًا في أبخر  
 فيهم إلينا بالخيل الضمر  
 حتى كحلن بكلّ لذن أسمر  
 دون الهزيمة رمح كل غضنفر  
 لو أنّها برؤوسهم لم تعثر  
 حتى جرى منهم مجاري الأنهر  
 يروي الرؤوس بكلّ غضب أسمر  
 فكأنه في غمده لم يشهر

Көзің сенің көрер ме ед сол майданды ол күні,  
 Қою шаңнан жылқылар көрінбеді-ау алдағы.  
 Найзамыз бен қылыштың қылауы мен жаркылы,  
 Жол көрсетіп тұрғандай бір көрініс болғаны.  
 Майданның ісі ұлғайып, соғыс өрті қызды бір,  
 Қорқақтардан әл кетті, ерлерден қайран болмады.  
 Фраттың үстін от шарпып тұрған кезін көрсең сен,  
 Темір ме деп ойлар ең бұлардың соққан қорғаны.  
 Көрер едің жылқының ілгері-кейін аққанын,  
 Теңіздей боп аттылар теңізді теңіз сорғанын.  
 Бізге қарай атылған қанғырған оқтан өттік біз,  
 Ыңғайыңа көнетін үйренген атпен қолдағы.  
 Оқ атуға жаулардың көздерін қойды аштырмай,  
 Сүрмеленген сұлудай сүмірейіп түгел сорлады.  
 Бірі озып бірінен тұра қашты, алайда,  
 Арыстан ерлер найзалап, жан-жақты түгел торлады.  
 Домаланған бастарға сүрінбей өтсең қанекей,  
 Өкшелеп қудық дұшпанды, атымыз да озар болмады.  
 Бей берекет қашқан жау ылди мен өрді талғамай,  
 Тасқындап аққан өзендей жапырып оң мен сол жағын.  
 Заһир сұлтан жаһангер соңына түсті тықсырып,  
 Қақпақыл етіп бастарын алдаспан қылыш қолдағы.  
 Шаңы мен қанын құрышпен қандыра сипап кеткенде,  
 Бәрі өзі болып қалғандай суырмай қылыш қындағы [1.21;4.227].

Заһир Бейбарстың өз мемлекетіне қамқорлығы соңынан таққа отырған Мансұр Қалауын сұлтанмен ұласа түсті. Ежелгі Мысыр мен Шам жерлеріне көз тіккен шармықшылар (крестілер) мен манғол-татар қолдарын аяусыз қырды. Ол “Мансұр күмбезі” деп аталатын сағанасында Құран үйретіп, хадис тындайтын, өзге де діни ілімдермен сусындататын орын жасады. “Әл-Мансури” аталатын үлкен емхана да салдырып, онда көп кісілер әрі емделіп, әрі рахаттана дем алды. Бұл кезде шармықшылар қолында бірқатар бекіністер болып, соңғысы Акка жүз жылдан соң жау қолынан босатылды. Мансұрұлы Әл-Ашраф Халил осы Акка бекінісін 1291 жылы күшпен алды да осыдан кейін еуропалықтар табан тірейтін жер қалмады. Шиһабуддин Махмуд былай деп жырлады [1.29; 5.305]:

الحمد لله ذلّت دولة الصلّيب  
 هذا الذي كانت الآمال لو طلبت  
 ما بعد عكا وقد هُدّت قواعدها  
 لم يبق من بعدها للكفر مذخر يث  
 وعزّ بالتّرك دين المصطفى العربي  
 رؤياه في النوم لاستحيث من الطلب  
 في البحر للشرك فيها كفّ مُغتصب  
 في البرّ والبحر ما يُنجي سوى الهرب

Шүкір дейміз Құдая, қирады шармық дәулеті (билігі, мемлекеті),  
 Түркілермен хақ діннің көтерілді сәулеті.  
 Талап етсең бұл арман түске кірер нәрсе ме ед,  
 Ұялғандай ойласаң мына діннің әулеті.  
 Акканың қирап тағаны, одан қалған күн құрсын,  
 Беті қайтқан ширктің келіспей қалды келбеті.

Ол қираумен кәпірлер теңізден де қуылды,  
Олар үшін қалмады-ау табан тірер жер беті.  
Жауды мәмлүктердің қалай алғанын, бұрынғы билеушілердің қолынан келмеген істі осы түркі әскерлер істегендігін мақтан тұтып:

جيش من التُّركِ تَرَكَ الحَرْبِ عِنْدَهُمْ عَارٌّ وَرَأَتْهُمْ صَرْبٌ مِنَ الصَّرْبِ

Түркілерден бір әскер – соғысты қою ар оған,  
Жан рахаты оларға найза мен қылыш сермесу, - деп аяқтайды.  
Сол кездегі жағдайды Ибн Қази Шүһбә әш-Шафи'и былай деп өленге қосады:

رَمَتْنا صَروْفُ الدَّهْرِ مِنْها بِسَبْعَةِ فَمَا أَحَدٌ مَتَّانٌ مِنَ السَّبْعِ سَالِمٌ  
غِلاَةٌ وَغِزَاؤٌ وَغِزَاؤٌ وَغِزَاؤٌ وَغِدْرٌ وَإِغْبَانٌ وَغَمٌّ مَلَاذِمٌ

Замананың талқысы сол жеті оқпен бізді атқаны,  
Сол жетеуден ешкім бізден құтылмады-ау аман-сау.  
Қымбатшылық, Ғазан хан, қазат пен барымталық,  
Опасыздық, қайғы-мұң мен қабаттасып елді алдау [6.894].

Мәмлүктер Нуба аталатын Нилдің жоғарғы жағын да өздеріне бас идіріп, оған жиі-жиі басшылыққа жіберілген кісілерін ауыстырып отырды. Өйткені олар ұзақ отырса дербестік пиғылына түсіп кетуінен қауіптенді. Осы себепті бір ақын былай деп жырлаған [1.43; 7.347]:

